



**ЗӘРКӨШ  
ТАҚЫРОВ**

Осы кiтiптi облыстық  
Сәбиә Мұқанов  
кiтiпханасына игi  
тiлекпен сыйлабам.  
Осы өңiрде туып  
өскен, ел басқартан,  
өлкетанушы Жасир  
Зарқош Змеуәiз  
ұлының өмiрi және  
ойларын, өлеңде-  
рiнiң танытатын.

Құрметпен  
Сенсөзбiт Зарқош  
ұлы

22 қараша

2022 жыл



**Издательство  
«Северный Казахстан»**



**ЗӘРКӨШ  
ТАҚЫРОВ**

УДК 821.512.122-1

ББК 84 (5Каз)-5

С 2

Самрат Ж.

С 2 Кітапты құрастырған: Жақсыбай Самрат / Зәркөш Тақыров. – Петропавловск: Изд-во «Северный Казахстан», 2022. – 144 стр.

ISBN 978-601-7958-23-5

Бұл кітап Қызылжар өңірінің құрметті азаматтарының бірі, Есіл ауданындағы Сарман ауылында туып-өскен Зәркөш Тақыров ақсақалдың өмірі мен өлең жырларын, халық аузынан жинаған әңгімелері мен деректерін, шежіресін қамтыды. Кітап ойлы оқырмандарға көп деректер береді.

567619

ISBN 978-601-7958-23-5

УДК 821.512.122-1

ББК 84 (5Каз)-5

©Самрат Ж., 2022

©Издательство «Северный Казахстан», 2022



## АЛҒЫСӨЗ

«Орнында бар оңалар» дейді біздің аталарымыз. Онысы – артында сұраушысы болса кез келген адамның есімі жоғалмайтындығына меңзеген сөз. Егер ондай адам шежіреші болып, ел аузынан сөз жинаған, ақылды ой, даналық пікірлерді терген, оның үстіне өзі де ойларын қағаз бетіне түсірген ой-өрісі кең жан болса – оның білгенін, айтқанын кейінгі ұрпақтың игілігіне жеткізу орнында қалған баланың немесе немеренің басты міндеті. Сонда ондай жандарға Алла да, аруақ та, адам да риза. Ал іздеушісі болмаса, өшкенін тірілтуге ешкімі ұмтылмаса қанша ой қазынасы, асыл сөз аяқ астында қалады, бәрі де ұмытылады, адамның жақсы сөзі, білген тарихы, кейінгілерге жеткіземін деген асыл ниеті мәңгіге өшеді.

Жуырда біздің қолымызға Есіл ауданындағы Сарман ауылында туып, облыстың біраз шаруашылықтарында басшылық қызметтер атқарған, сонымен бірге «Өлең жиған тырбанып, Ән үйренген ырғалып...» деп Абай айтпақшы ұзақ жылдар бойы ақылды қариялардан естіген-түйгендерін, газет-журналдардан оқыған-тоқығандарын жинап, өзі де өлең-жырлар шығаруға талпынып, оларын газет-журналдарға жариялап жүрген Зәркөш Тақыров ақсақалдың сарғайған сары қағазды, ішіне талай сырды жасырған архиві тиді. Оны «әкемізден қалған осы архивті жөнге салып, айтып кеткен асыл сөздері болса халыққа жеткізіп, жинаған шежіресін, ұрпақтар таралымын, аталар тарихын жас ұрпақтың игілігіне айналдыруға көмектесіңіз» деп маған ұсынған марқұмның

Зәркөш Тақыров

ұлы Сансызбай Зәркөшұлы еді. Біз сол аманатқа адалдық танытып, марқұмның ұзақ жылдар бойы жинаған дүниесін бір қалыпқа түсіруді қолға алдық және оның барлық деректерінен ауытқымай, жинаған дүниесінің бәрін қамтыдық.

***Құрастырушы***

## I тарау



### ТУҒАН ЖЕР, ӨСКЕН ЕЛ

Солтүстік Қазақстан облысының Есіл ауданындағы Сарман ауылы ежелден шағын ғана елдімекен болды. Орналасқан жері ғажап, қайыңды қалың орманның ортасы, жан-жағы көл, керемет мекен. Үй саны алпыстан асқан емес.

Колхоздастырудың алғашқы жылдарында Сарман мен Тауағаш бір кеңшар болып ұйысқан. Екі ауыл тұрғындарының да арғы атасы Ашамайлы Керейден тарайтын Танап би. Біразы Танаптың үлкен баласы Балтадан, қалғаны кіші баласы Тарышыдан тарайды. Біршама уақыттан кейін Балтаға қарайтындар бөлек ауыл боламыз деп тауағаштықтардан бөлініп, Сарман кеңшарын құрған. Бұлар Балтаның Ақбалық деген батыр баласынан тарайтын ұрпақтар.

Осы ортада туып, Сарман ауылында ержеткен, өмірдің қан базарында белсенді ғұмыр кешкен, үлкен қызмет атқарып, ел басқарған Зәркөш Елеусізұлы Тақыров ағамыз жастайынан қайнаған еңбекке араласып, үлкендердің тәлім-тәрбиесін алып, үлгі-өнегесін көріп, ежелден аталы

сөздерді теріп, шежіре жинап, тарихты түгендеп жүрген адам. Соның ішінде, сонау 50-ші жылдары жасы 90-нан асқан Дауылкенің Жақиясы деген шежіреші кісіден (*Сарман ауылының тұрғыны, 97 жасында дүниеден өткен*) көп деректер алыпты. Жақия қарттың айтуына қарағанда Танаш биден Балға, Балта, Көшебе, Тарышы және Едіге туған. Ол Сибанды Танаш бидің жиені емес, Балғаның баласы деген. Балға батыр Сібір татарлары ханының қарындасы Ғалияға үйленіп, одан Сибан (*осы сөздің түбірі сыйбала деген сөз деп жиі айтылып жүр*) туады. Баласы екі жасқа келгенде Балға қаза табады. Ал Ғалия сұлуды ағайындар әмеңгерлікке алуға бір-біріне қимай ақыры баласымен бірге төркініне қайтарады. Оның үстіне Сибан қолда өссе үлкен ағаның баласы ретінде жолы өзінен үлкен болып, рудың «ноқта ағасы» болып кетуін қызғанған Балта оның нағашысына кеткеніне қарсы болмайды. Сөйтіп, нағашысы Ағайынбектің тәрбиесінде болған Сибан тек ержеткенде ғана атасы Танаштың қолына келеді. Оның ұрпағы қалың өсіп, «Сибан» дейтін үлкен руға айналғаны белгілі. Атақты Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, «қарадан шыққан хан» атанып, аға сұлтан болған Есеней және т.б. атақты адамдар осы кісінің ұрпағы.

Зәркөш Тақыровтың Жақия қарттан және басқа аталы сөз білген адамдардан жинаған дерегі бойынша Балтадан басталатын Ақбалық руының шежіресі былай таратылады: Балтадан Қартқұлы, одан Құлыс, Құлмамбет, Құрманқұл туады. Құлыстан Тәңірберді мен Төлес туған. Осындағы Төлестен 9 бала туған. Соның ішінде алты баланың ұрпағы біздің маңда болмаған. Сармандағы тағы бір шежіреші қарт – Смайылдың Әлжаны 1950-ші жылдары: «біздің үш үй Алтайда, үш үйіміз Қытайда тұрады» деп айтады

екен. Ол кезде жастар бұл сөзге мән бермей, «Қытай қайда, біреу қайда» деп күлкі қылыпты. Бірақ шын мәнінде осылай сияқты деп еске алады артынан Зәркөш ағамыз.

Төлестің Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар облыстарының аумақтарына жайылған ұрпақтары оның Ақбалық, Жолбарыс, Жайылған деген үш ұлынан тарайды. Соның ішінде Ақбалықтан Сарман, Орыс (Ұлыс) және Жолболды туады.

Сарман батырдан Құрымсы, Боқы, Сырымбет, Қарабай, Сарыбай, Кенжебай, Тәттімбет, Сәмембет, Еншілес және қызы Таңсық туады. Тағы екі ұлының дерегін Зәкең таба алмапты. Енді осылардың ұрпақтарын таратайық:

**Құрымсыдан** – Дәнен, одан Майсы, одан Балпаң.

**Боқыдан** – Қуантай, одан Майкөт, одан Бекболат, Бөкей. Бөкейден Дүйсенбай, Есман, Арғын. Дүйсенбайдан Төлеген, Арғыннан Жайық.

**Сырымбеттен** – Бұта, Темей, Көбенқұл, Жаманқұл. Бұтадан Дауылке, Тақыр. Дауылкеден Жақия, Әбілғазы. Жақиядан Сұлтан, Қазы. Тақырдан Өсіп, Өскенбай. Өсіптен Елеусіз, Сағымбай. Елеусізден Зәркөш (Жарқынбай), Жақсылық (Құттыбай), Жайлау. Зәркөштен Сансызбай, одан Жанарбек. Жақсылықтан Сандыбай, Жомарт. Жайлаудан Айдар, Қайрат, Азамат. Сағымбайдан Жұмағали, Сайлау, Қайыржан, Кеңес, Амангелді.

Көбенқұлдан – Рамазан, одан Жаманбай, Әлкебай. Жаманбайдан Сәрсенбай, одан Шәйкен, Қуандық, Қуаныш, Қуанышбай. Шәйкеннен Бота, Аманжол, Қаршыға, Самат. Қуандықтан Бүркіт, Жангелді. Қуанышбайдан Алмас, Қайсар. Әлкебайдан Алғиса, Болат. Алғисадан Серік, Еркін. Еркіннен Ермек, Ерлік. Болаттан Берік, Ерік.

Жаманқұлдан – Итаяқ, одан Баязит, Нұрғали, Сапаш. Баязиттен Сабыр, Топаш. Сапаштан Айтман, Нұрмағамбет, Бақытбек, Балтабек. Айтманнан Бекмағанбет, Руслан, Жасұлан, Жеңіс, Балғажан.

**Тәттімбеттен** – Сейтен, одан Тұрсын, одан Базарбай, Сембай.

**Сәмембеттен** – Тастан, одан Жантас, одан Қайырбек, одан Серік, Нұрлан.

**Қарабайдан** – Ақанай, Мүсәй, Қойбақ, Малбақ. Ақанайдан Есжан, одан Мәжен, Қажымұрат. Мәженнен Бәуен, Қажымұраттан Шәуәли, одан Құлымбет, Құлмағанбет, Әлібек, Әділбек. Мүсәйден Нұрпейіс, одан Мұратай, одан Ерғали, Тілеген. Ерғалидан Дулат, Тілегеннен Жасұлан.

**Сарыбайдан** – Тоқпан, одан Темір, одан Сүйіндік, Есқақ, Есмақан, Есләм. Сүйіндіктен Теміртас.

**Кенжетай мен Еншілестен** ұрпақ жоқ.

Зәркөш Тақыровтың ата-бабасының шежіресі осындай. Ол Сарман ауылында тұрған Орыс (Ұлыс) пен Жолболды аталарының шежіресін де таратқан. Біз оларды төменде беретін боламыз.

Зәркөш Елеусізұлы Тақыров (*шын есімі Жарқынбай екенін шежіреде көрсеткен*) 1931 жылы 12 наурызда Сарман ауылында дүниеге келген. Бұл халқымыздың басына алапат қырғын әкелген нәубеттің басталған жылы. Осы жылдарда туып, аман-есен ер жеткен жандардың бәрі де табиғатынан мықты, төзімді болып келетінін өмірде көріп жүрміз. Зәркөш ағамыз да соның бірі. Алдындағы малын тегіс тартып алып, колхоз қыламыз деген өкімет ақырында елді алапат аштыққа ұрындырып, қазақтың жартысын қырып жібергені белгілі. Халықтың біразы Ресейдегі Тайганың ішіне ауып, бір шеті Түменге дейін

барған, тағы біразы Қытайға өтіп кеткен. Жоғарыда айтылған Смайылдың Әлжаны деген атамыздың «біздің үш үй Алтайда, үш үйіміз Қытайда тұрады» деген сөзінің жаны бар. Бірақ қанқұйлы өкімет халықтың тарыдай шашылып кеткенін ауызға алдырмай, артынан ұмыттырып жіберген.

Зәркөш ағамыз өзінің өмірі туралы естелігінде «біздің он үй Сарманда мен теңді ұл болмаған соң мені бұла ғып, еркелетіп өсіріпті» деп еске алады. Балалардың болмағаны Кеңес өкіметінің малды тартып алып, қолдан жасаған аштығының кесірі екені даусыз. Әрбір 10–15 үйден бір, асса екі ұлдан ғана қалған, тіпті ұрпақтың аштықтан түгел қырылып кеткені де бар.

Әйтеуір 1935 жылдардан кейін ғана ел есін жиып, етегін жауып, егін егіп, мал өсіріп, әлдене бастаған. Бірақ бұл уақыт бар болғаны 5–6 жыл мерзімге ғана созылып, 1941 жылдың қырғыны басталып, кәмелет жасынан бастап, 50 жасқа дейінгілердің бәрін соғысқа және қара жұмыстарға әкетеді. Ауылдың шаруашылығындағы барлық ауыртпашылық әйелдер мен қарттардың, сонымен бірге жас балалардың мойнында қалады. Зәркөш ағамыздың туған жер мен соғыс жылдарындағы қиыншылықтар және оны жеңе білген өздері туралы шығарған өлеңі мынадай:

*Қыстауы Сарман атам туған жерім,  
Кіндік кесіп, кірімді жуған жерім.  
Балақ түріп, асық ойнап – асыр салып,  
Ойынның қызығына тойған жерім.  
Қолыма кітап алып, қағаз ұстап,  
Мектепке алғаш рет барған жерім.  
Алдынан ұлағатты ұстаздардың*

Әріп танып қағазға жазған жерім.  
Еңбекке он жасымнан араласып,  
Жер жыртып, егінді алғаш салған жерім.  
Өсіріп алтын астық, қызыл бидай  
Дәніммен фашистерді атқан жерім.  
Пар өгіз бричкаға жегіп алып  
Астықты комбаиннан тартқан жерім.  
Сабанның шөмелесін күрке қылып  
Құшақтап іні-қарындас жатқан жерім.  
Қолыма айыр ұстап шөмеле сап  
Ащы тер маңдайымнан аққан жерім.  
Тракторға универсалдай мініп алып,  
Қыртысын қара жердің шапқан жерім.  
«Сталинец» комбаинмен егін орып  
Бұлыш ет шымыр болып қатқан жерім.  
Еңбекте үздік болып, алға шығып  
Медалін өкіметтің алған жерім.  
Суынан «Балықтыкөл» шәрбат алып  
Самалында «Аққатынның» жатқан жерім.  
Тор құрып, су бетінен балық ұстап  
Сорпасын бал татитын татқан жерім.  
«Шұңқыркөл» бауырында қойды бағып,  
Еңбектің қызығына батқан жерім.  
«ВДНХ» Москваға путевка алып,  
Көзімді алғаш рет ашқан жерім.  
Алғашқы ел басқару жұмысын да  
Өзіңнен бастап едім туған жерім.  
Дәм-тұзын талай жердің татсамдағы  
Есімнен бір кетпейсің туған елім.

Туған жерге деген сағыныш, махабатпен қатар ақсақал осы өлеңінде істеген жұмыстарын, жастық шағында бастан кешкендерін, қол жеткізген табыстарын, сонымен бірге ел тарихын, Сарман ауылының маңындағы жер-суларды да атап кетіпті. Қазір оларды білетін адамдар да жоққа тән. Ал іздеген жас болса осы өлеңнен-ақ антропонимиканың мол деректерін табуына болады...

Зәркөш ауыл балаларының алды болып, үнемі көзге түсетін алғыр, пысық бала болып өседі. Жұмысқа да басқалардан ынталы болып, елгезек, жалқаулығы жоқ, шаршамайтын-талмайтын бала болады. 1946 жылы ол «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін» медалімен наградталады. Бұл медальдың құрметі кейін атақты ордендерден де асып кетті. Өйткені, осындай медаль алған жандардың бәрі Ұлы Отан соғысына қатысушылар қатарына теңестірілді. Әрине, біздің өкімет әділетті еместігін көрсетіп, соғысқа қатысушыға теңескеннен кейін оған жасалатын жеңілдіктер де сондай болуы керектігін ескермеді. Тек қолына «соғыс ардагеріне теңестірілген» деген куәлік қана берді.

Зәркөш ағамыз 1946 жылы алған осы медалі мен куәлігін жоғалтып алып, оны Сарман ауылы бағынуы мүмкін Преснов, Ленин, Мамлют аудандарының әскери комиссариаттарынан, аудандық архивтерден 5–6 жыл бойы талмай іздестіріп, ақыры Мамлюттің архивінде медаль берілгені туралы құжатты табады. Соның негізінде ол «соғысқа қатысушыға теңестірілген» мәртебесін алып кетті... Бұл үшін қаншама рет ыстық-суықта жол жүріп, қаншама өтініш жолдады десеңізші... Жалтара салған жауаптарға малданып қоя салмай өзінің мақсаты жолында табанды күрес жүргізгендігінің өзі көпке өнеге боларлық.

Адамның алған бетінен қайтпайтын қайсарлығын көрсететін бір факт екені де даусыз. Басқа біреу болса беті қайтып, қоя салар еді. Ал қаншама адамдар осындай медальдарының дерегін таба алмай, бірнеше аудандық архивтерді қопарыстырып, ақыры «табылмады» деген сөзге қанағаттанып қоя салған. Соның әлегінен көптеген адамдар 1990 жылы және еліміз өз Тәуелсіздігін алған жылдарда бұрынғы үрдіспен әрбір бес жылда берілетін мерекелік медальдар немесе белгілерді ала алмай қалды. Сонымен бірге Жеңіс күнінің қарсаңында жыл сайын берілетін бір реттік сыйақыларын да ала алмады.

Әрбір адам өзіне тиесілі дүниеге ыждаһатты болса – несібесі де мол болатынын осы мысалдан – ақ көруге болады. Зәркөш Тақыров ағамыз болса өзіне тиесілі дүниені ақыры қол жеткізіп, тиісті несібесін алған. Төменде Мамлют архивінен табылған сол құжатты салып отырмыз:

Енді Зәркөш ағамыздың соғыс жылдары көзбен көрген тарих пен оқиғаларды айтып, өз қолымен кеңірек толғап жазған естелігіне сөз берейік:

*«Біздің «он үй Сарманда» мен теңді ұл бала болмаған соң мені бұла ғып, еркелетіп өсіріпті. Айта кететін мәселе, бізді ерте кезден Сарман атамыздың атымен «он үй Сарман» деп кеткен. Кейін ауылдың өзі толығымен Сарман атанып, өскен жылдары 60 шаңыраққа дейін көбейді.*

*Менің еркелігім көпке барған жоқ. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталып, елдегі әрбір үйден кем дегенде бірден, немесе екі, тіпті үш адамнан әскерге алынды. Ұжымшардағы шаруаның барлық ауыртпалығы алпысқа жеткен қариялар мен әйелдердің мойнында қалды. Олардан кейінгі ауыртпаылық 10 мен 15 жастар арасындағы біз сияқты жасөспірімдердің басына түсті.*

Солтүстік Қазақстан об-  
лысының мемлекеттік архиві

Мамлют филиалы  
643010, Мамлютка, қаласы  
Скачков көшесі, 19 ұй, тел. 2-18-03

Архивная справка  
№  
24.03.94 г. 3-3-18/6-Т

Государственный архив  
Северо-Казахстанской  
области

Мамлютский филиал  
643010 г. Мамлютка, ул. Скачкова 19  
тел. 2-18-03

с/з Жамбулский  
Такирову А.

По документам Пресновского районного  
Совета народных депутатов в протоколе вручения  
медалей "За Доблестный труд в Великой Отечественной  
войне 1941-1945" г. от 10.10.46 г. значится  
Такиров Маркул /так в документе/ -колхозник  
колхоза "Сарлан".

Номер удостоверения к медали : 260611  
ОСНОВАНИЕ: 32-451а-459

Директор архива  
Хранитель фонда

О.А.Афанасова  
Д.Н.Лукашина

1942 жылдың апрель айында ауылдағы он екі бала жұмысқа шықтық. Әпке-шешелеріміз не істесе біз де сондай жұмыстарды атқардық. Таң қараңғысынан тұрып соқаға өгіз немесе сиыр жегеміз, жер жыртамыз, шөп уақытында көпене салып, оны тасып, мая қылып үюге көмектесеміз. Шешелеріміз бен әпкелеріміз не жұмыс істесе біз де соны атқаратын болдық. Баламын ғой деп жұмыстан бас тарту жоқ, керісінше шамаң келмей жатса, әлің құрып тұрса замандастар бір-бірімізді «әлсізсің», «нашарсың» деп әжуалауға әзірміз.

Не керек, ауылда қандай жұмыс болса – соның бәріне қатысып, тырбаңдап жұмыс істедік. Арамызда 14–15-ке келген екі-үш ересектеу «ағаларымыз» бар. Олар Амандықтың Ожаны, Хамзаның Әлтайы, Үсенбайдың Әмірғалиы. Бізге басшылық қылатын сол кезде жастары 60-тан асқан, кейбірі тіпті 70-ке жеткен Әубәкірдің Қаппасы, Әбдірахманның Жұнысы мен Жұсыбы, Арғымбайдың Үсенбайы, Рамазанның Әлкебайы. Барлық ағаштан, темірден жасалатын құрал-жабдықтарымызды жөндеп, қайрап немесе жаңасын жасап беретін осылар. Біз үшін бұлардың қолынан бәрі келеді, оларды мінсіз шеберлер деп санаймыз. Ал Смайылдың Әлжаны мен Ержаны, Бапының Сұрағаны, Қалидың Амандығы, Әубәкірдің Зәйкөні, Өсіптің Елеусізі, Ұртыштың Кәрібайы сияқты кісілер егін егу, шөп шабу, оны маялап үю, күзде егін жинау және т.б. осы сияқты жұмыстардың басында балалар мен әйелдерді бастап осы кісілер жүреді. Ұжымшардың мал шаруашылығының қысы-жазғы кілті Смайылдың Қалжаны, Рахияның Тұрғынбегі, Есжанның Қажымұраты, Тұрсынбайдың Иманбегі, Арғымбайдың Үсені сияқты кісілердің қолында. Аяпбергеннің Темірбегі деген ағамыз он қолынан өнер тамған шебер еді, ол ауылдың барлық қамыт-сайманын, арба-шанасын жасап беріп отырады. Сол жылдарда жасы 80-ге таяп қалған Дәуілкенің Жақиясы деген атамыз құрал-жабдықтың бәрін қолдан істеп, ештеңеге зәру қылған жоқ.

Колхоздың төрағасы Арғымбайдың Үсенбайы болды. Бұл кісі Сарман колхозын 1931 жылдан 1953 жылға дейін 22 жыл бойы колхоздарды ірілендіруге дейін басқарды. Үсенбай марқұмды мақтауға сөз жетпейді. Ол елді басқарған 22 жылда ауылдан бірде бір адам көшіп кеткен жоқ. Қандай қиыншылықтарға қарамай бір адам аш болған жоқ, иіні

жалаңаш болған жоқ. Соғыс уақытында ауылдың барлық үйін аралап шығып, жағдайларын біліп отыратын. Халық осы күнге дейін ол кісіні ризашылықпен ауызға алып отырады. Марқұмның топырағы торқа болсын. Елдегі барлық тірлік сол кісінің басқаруымен болатын. Кім келін түсірсе, қыз ұзатса, я басқа себеппен той қылса, құда түсірсе, тіпті өлінің артын күту жабдықтары болса – бәрін Үсенбаймен ақылдасып істейтін.

Жаманбайдың Сәрсенбайы ұжымшардың бригадирі болды. Төрағадан жақсы сөз естіп, мақтау алса ол арба үстінде немесе салт атпен келе жатып «Шабырады-Шабырады, Көп жылқым Шабырада жайылады» деп өлеңдетіп жүруші еді марқұм.

Жасөспірімдер арасында ерен еңбектің үлгілерін көрсеткен балалар болды. Мысалы, Қожахметтің Шүленбайы 15 жасында «Сталинец-6» комбайнымен егін орып, үлкендерден асып түсіп жатты. Жастайынан техниканың тілін меңгеріп, Өсіптің Елеусізінен комбайнның қыр-сырын үйреніп алып, үйретушісін соғысқа әкеткенде Шүленбай оның орнына отырып, егінді өзі орып, өзі бастыратын.

Бір ауылда бір кісі ел ағасы болады ғой, біздің Сарманда сондай кісі Жүсидің Айтпайы еді. Ауылдың әрі ақылшысы, әрі қамқоры болғандықтан ешкім оның алдынан өтпейтін. Жастардың бәрі Айтпай ағамыздың үлгі-өнегесін алып өстік. Елде ойын-той болса, шеттен сыйлы қонақ келсе басқармаға ақыл қосып, қалай күтудің бәрін сол кісі айта-тын. Өз басым ол кісіден көп нәрсе үйреніп, өнегесін көрдім. Ауылда болатын той-думанда ол кісі мені шақырып алып, кісілердің қолына су құйдыратын, «үлкендердің батасын ал, әңгімелерін есті, ертең өзіңе керек болады» дейтін еді жарықтық. Кейін өзім де оқып, білім алып, атқа мініп, ел

басқарғанда әңгімеге құмар болдым. Ұлағатты қариялардың әңгімелеріне құлақ салып, көңілге тоқып жүрдім. Ауылда болсам ол кісіге барып, арнайы сәлем беруді, ұлағатты ақылын естуді ұмытқан емеспін. «Ауылыңда ақылды қария болса, Жазып қойған хатпен тең» деген сөз нақ осындай ақсақалдарға арналып айтылса керек. Ауылдан шықпаған адам болса да ол кісінің білмейтіні жоқ еді, кеудесі ағып тұрған дария болатын.

Сарманда Жантастың Базаркесі деген де кісі болды. Бұл кісінің өмірі де қилы тарих, күрделі болған. Жасы 45-те болса да оны соғысқа алыныпты. Әскерге алынғанына бір-неше күн ғана өткенде Сталинград қырғынына тап болады. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деген емес пе, Базарке ағамыз сол қырғыннан аман өтіп, соғысты 1945 жылғы 9 мамырда Берлиннің өзінде аяқтаған. Соғыс туралы әңгіме айтыңыз десең күлдіріп отырып, бастан кешкендерін айтатын. «Мен елде жаяу жүріп мал бақсам соғыста пар ат жегіп, қызыләскерге нан тасыдым. Қарным тоқ, көңілім көк болды. Соғыстың соңғы уақытында бізді Жуковтың армиясына қосты. Сол армияның қатарында Берлинге бірінші болып енгендердің қатарында болдым», дейтін еді.

Ауылдың үлкен-кішісі бұл кісіні «Базаға» дейтінбіз. Өзі соғыста жүргенде бәйбішесі қайтыс болды. Жалғыз баласы Қайырбек «он үй Сарманның» ортасында өсті. Соғыстан келген соң баласын қолына алып, орта ғана тұрмыста болды. Алланың бересі ғой, «әліпті таяқ деп білмесе де» Құранның аяттары мен сүрелерін жатқа білуші еді. Тіпті мұсылман жыршылардың ұзақ қиссалары мен дастандарын да жатқа айтатын. Әсіресе Мұхаммед пайғамбар (сғс) барлық соғыстарын әңгімелейтін қиссаларды бір түннен

таң атқанша айта беруші еді. Сонда тыңдап отырған кәрі-жастың бәрі егіліп, жылап отыратын. Міне, осындайды өз көзіммен көрдім.

Базағаң қазақтың Алпамыс, Қамбар батыр, Қобыланды, Ер Тарғын, Қыз Жібек, Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Айман-Шолпан сияқты эпостары мен лиро-эпостарын да тегіс біліп, тұтастай әндегіп айтып беретін...

Өзім бертіп келе қызмет етіп жүргенде ауылға келсем Базағаңды арнайы шақыртып алып, төрге отырғызып әңгімесін тыңдап, ескінің өткен-кеткен тарихын еститімін. Ол жады жаңылмай бала күнінен естігенін айна-қатесіз айтып беретін, өзінің басынан өткерген қиыншылықтарын да әңгімелейтін.

Бірде Базағаңа «өзіңіз оқымаған адамсыз, әліпті таяқ деп білмеймін дейсіз, сонда осынша қисса, әңгімелерді қалай жаттап алдыңыз» деген сауал қойдым. «Е, шырағам Жәкенжен-ай (ол мені солай атайтын), оқыған қалай, көңілге тоқыған қалай. Оқып жаттап алсаң кешке дейін ұмыт болады, ал мен көңіліме мықтап тоқып алғанмын ғой», деген еді. Сонда мен ұлы Абайдың «ақылмен ойлап білген сөз – бойға жұқпас сырғанар, ынталы жүрек сезген сөз – бар тамырды қуалар» деген сөзін еске алып едім. Базекең барлық естігенін бойына сіңіріп алады екен-ау. Ол маған көп әңгімені ауыл үшін ғұлама, өте білімді, оқымысты адам болған Дауылкенің Жақиясынан үйренгенін айтты. «Жақия әкесінен қалған дүкенді қолға алып, өзінің шымнан соққан үйінде темірден, мыстан, алтын-күмістен заттар жасайтын. Сол дүкенде мен ол кісінің көрігін тоғыз жасымнан бастым. Жақия атам таңертеңнен кешке дейін жұмыс істеп тұрып, Құран кәрімнің аяттарын айтып тұрады. Сонымен бірге қисса-дастандарды да айтады. Мен

оларды тыңдап, бәрін ұғып, миыма тоқып алдым. Соғыс басталғаннан оның жанында болып, бес уақыт намаз оқыса да қасында бірге тұрып, атам не айтса мен де соны айтып, жаттап алдым», деп күлуші еді жарықтық.

Базарке ақсақалдың негізгі өнері тақпақтап өлең шығару болды. Бір нәрсе ұнамай қалса соған қолма-қол өлең шығарады. Тауағаш ауылынан шыққан облыстың халық ақыны Темірғали Қасенов марқұм Базекең туралы: «Нағыз ақын, әттең тәрбиелеушісі жоқ» дегенін өз құлағыммен естіген едім.

Соғыс бітіп, елге аман келгенінде Базекеңді бір жыл өтпей жатып Мойынты-Шу теміржолының құрылысына жіберді. Жанашыры жоқ, жалғыздікті болған соң ешкімнің жаны ашымай елуден асып кеткен жасына қарамай ауыр жұмысқа аттандырған еді. Оның өз аузынан естіген әңгімелеріне қарағанда күн керемет ыстық болыпты. Жұмыс ауыр, халық тоя тамақ ішпейді, беретіні сылдыр су. Осының кесірінен біраз адамдар аурулы болып, адам шығыны да болып жатты. Біз көндіккен адамдармыз ғой, оның үстіне менің тамағым тоқ болып, бәріне шыдадым. Дем алып отыра қалған жерде ескі қисса, дастандарды, Құран кәрімнен білгендерімді айтып отырамын. Содан мені бәрі сыйлап, ал жергілікті тұрғындар мені қонаққа шақырып, демалыс күндері алып кетіп отырады. Бір күні түскі астан кейін дем алып отырсақ, бір түйені мініп, біреуін жетелеген бір жігіт біздің адамдардың қасына келді. Бұл кім екен деп біз де қарап отырмыз. Әлгіндей болған жоқ, түйелі жігіт тоқтаған топтан біреу біз отырған жаққа қолын сілтеді. Түйесін бізге қарай бұрған жігіт қасымызға келіп, түйесін шөктіріп, бізге сәлем берді. Өзін таныстырып, жөнін айтқанда біз жігіттің сол жердің бір мықты,

беделді азаматы екенін білдік. Есімі ұмытпасам Қасым. Алпыс екі жасындағы анасы қайтыс болып, соны тәрбиелеп, жаназасын шығара алатын молда таба алмай бізге келген екен. Әнебір жылдары осы жердің барлық молдасын қырып тастаған екен. Содан біздің жұмыс істеп жатқан жерімізге келіп, араларыңызда құран оқи алатын адам бар ма деп сұрайды. Жігіттер менің Құран кәрімнен хабарым бар екенін айтып, маған сілтегендері сол екен. Мен бастық жіберсе баратынымды айттым, бірақ білмеген жердің ой-шұқыры көп, қасыма жастау біреуді ертіп жіберсін дедім. Қасым бастықтармен лезде келісіп, мен қасыма өзіміздің елден барған бір жігітті ертіп, оның анасын тәрбиелеп, жаназасын шығарып бердім. Бірақ Қасым бастықтармен келісіп, Базағаңды жібермей, сол жерге алып қалып, қырық күн бойы құран оқытыпты. Тіпті сол маңдағы жергілікті халықтың бәрі де күнде бір үйі шақырып, дүниеден өткен жақындарына құран оқытады екен. Кейде құран оқытпаса да жай қонақ қылып жібереді. Осылай жүргенде бір қызық оқиғаға тап болғаны да бар. Бір күні Қасымның үйіне бір байсалды бәйбіше келіп, Базағаңды үйіне құран оқуға шақырады. Үй иесі рұқсат берген соң Базағаң бір қоналқы жердегі бәйбішенің үйіне келеді. Өткендеріне арнап құран оқып, сый-құрметтерін көрген соң таңертең жүрер алдында шайдан кейін тағы құран оқылады. Сол кезде әлгі үйге еркек-әйелі бар 15–16 адам жиналып қалады. Ерлер Базағаңды шығарып салуға келсе әйелдер сүт салуға келіпті. Бақса сүт машинасы тек әлгі бәйбішенің үйінде ғана бар екен. Базағаң 83 аяттан тұратын Ясин сүресін бастап, енді қайтаруға келгенде аяғы аузына түспей қалады. Күн болса ысып барады, Базағаң қатты қиналып, маңдайынан тер шығады. Қайтару аузына түспеген соң сол қалпында Тәбәрікті созып

кетеді. Мұның да аяттары ұзақ, соның бәрін оқи бергенде биенің екі сауыны өтіп кетіпті. Ақыры қара терге түсіп, сүренің қайтаруы аузына түсіп аяқтағанда мынау не деген оқымысты адам деп жұрттың бәрі таң қалады. Ал далада кейбір әйелдер сүт іріп кетті деп жылап жүр дейді. Марқұм осы оқиғаны айтқанда біздің шек-сілемізді қатырушы еді. Кетерінде Қасым астына түйе, үстіне шапан, қалтасына ақша салып беріпті. Жұмыс орнына келген соң Базекең бастығы болып жүрген бір қазақ жігітіне түйені сыйлайды. Ақыры сол түйе себеп болып, Базекең елге «жақсы істеді» деген мақтау қағаз алып оралады.

Ауылға келген соң ол мал бақты. Сексенбай деген жолдасы екеуі жазда кеңшардың сиырын бағып, қыс мал қораланғанда оларды бағып-күтіп, жайлап, жазға шығарады. Қысы-жазы малдың соңында жүрсе де арасында жұртқа қисса-жырлар айтып береді. Өзінің де аздап өлең шығаратын өнері бар еді. Бірде Тауағаш ауылында тұратын халық ақыны Темірғали Қасеновпен бір жиында айтысып қалады. Сонда Тепең марқұм: мен жеңілдім, Базеке, сен жеңдің деп жол берген екен. Сосын жеңілгенімнің айыбы деп үйіне апарып, мал сойып қонақ қылады. Елдің атақты адамдарын шақырып, Базекеңнің қисса-дастандарын екі күн, бір түн тыңдатады. Сонда отырған жұрт шаршағанда Базекең қызара бөртіп, құлпыра береді дейді.

Бір жылы жолдың жиегінде мал бағып жүрсе Сарман ауылын 22 жыл басқарған Арғымбайдың Үсенбайы бір жұмыспен Қоржынкөлге бара жатыр екен. Үсекеңнің екі жас үлкендігі бар, Базекең аттан түсіп сәлем береді. Сосын Үсенбайға: «Үсеке замандас едік, сенің қолың ұзын ғой, менде қатын жоқ, бала болса жас. Үстім әбден тозып, баяғы әскерден келген көйлек-дамбалмен жүрмін. Сен маған

*Бәтияға айтып, көйлек-дамбал тіккізіп берсейші», депті. Үсекең «жарайды, қолы тигенде тігіп берер», дейді. Бұл шығарып салма сөзге аса қанағаттанбаған Базекең Үсенбайға «егер осы айтқанымды орындамасң мен саған өлең шығарып қойдым», дейді. Үсекең қандай өлең, айтшы деп жабыса кетеді. Сонда Базағаң:*

*Баласы Арғымбайдың Үсенбайсың,  
Ерініп тарантастан түсе алмайсың.  
Құла атты жеке мініп жүрсең-дағы  
Айса мен Қозыбайға жете алмайсың.  
Көп жерде Үсенбай-ау артық бағаң  
Кәнекей нашарларға тиген пайдаң?  
Ақ иық, қыран баулы бүркіт болсаң  
Іле ғой ақ түлкіні терең сайдан.  
Ақырет мақшар күні жеткен кезде  
Көрсің Базарке мен Сексенбайдан...*

*Өлеңдегі Айса ауылдың жігіті, Үсенбаймен құрдас. Қоржынкөлде ауылсоветтің бастығы болып істеді. Ал Қозыбай Тауағаштың басқармасы болған атақты Қазыбектің Қозыбайы. Әзілмен қатты түйреген сөзді Үсекең ешкімге айтпа, көйлек-дамбалыңды әкеліп беремін деп жалынады. Бірақ отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды демекші сол өлең Сарман ауылы тұрғындарының арасында тарап кетіп, көп уақыт күлкі болып жүрді...*

*1954 жылы Тауағаш пен Сарман бірігіп Жданов атындағы артель болып құрылды. Оны басқаруға Орталық ауылынан Қуандық деген жігіт тағайындалды. Істің мәнісін білетін, халықпен жұмыс істей алатын адам екен, шаруашылықты аз күнде меңгеріп кетті. Кеңсе Тауағаш ауылында болды.*

Сол жазда Базағаңды сиырдан алып, торпақ бақтыруға қойған. Табыр Тауағаштың маңындағы «Самай сары көлі» деген жерде. Базекең сонда малды жалғыз бағып жатты. Жаңа келген басқарма жақсы адам екен дегенді естіп бір күні кеңсеге келіп, ұным бітіп қалды, үктіріп алайын, екі қап бидай беріңіз деп сұрайды. Басқарма ол кісінің қандай адам екенін білмейді, сұрағанын да бере қоймайды. Сол кезде есепші болып істейтін Некібайдың Батпасы марқұм Қуандықтың құлағына сыбырлап, бір қап ұн беріп құтылыңыз, әйтпесе өлең шығарып, масқара қылып кетеді дейді. Мұны түсіне қалған басқарма бидай алып қайтесің, үктіріп әуре боласың, одан да бір қап ұн ал деп жуаси қалады. Сонда Базағаң күліп: «Әй, шырағым Батпас-ай, ертерек сыбырлап қойдың ғой, әйтпесе бұл ұнды Қуандықтың өзі әкеліп беретіндей қылар едім», – дейді күліп. Сөйтіп кеңседен көңілді шығып, есік алдына жиналған адамдармен әзілдесіп, қалжыңдасып тұрады. Сол кезде басқарма да далаға шығып, жұрттың бәрі Базағаңды кәдірлеп, сыйлап жатқанын көреді. Дәл сол кезде сол араға Атаманның Құсайыны деген кісі де келе қалады. Құсайын біздің Есжан әулетіне құда. Ол да Базағаңа сәлем беріп, жай тұрмай: «Біздің Самайдың сары көліне келіп қалғаныңызға біраз болса да үйден дәм татыра алмай жатырмыз», деп өкінішін айтады. Сонда Базағаң тұрған топтың көзінше былай депті:

Құсайын-ау, Құсайын  
Сөзіңе мен болайын.  
Үш ай жаттым іргеңде  
Бұйырмады бір шайың.  
Құдайым беріп тұрғанда  
Мінуші едім Есжанның

Жылқыдағы тор тайын.  
 Қадырлы болдым еліме  
 Бәйбішемнің барында.  
 Сен келгенде Құсайын  
 Алдыңа сенің тартушы ед  
 Қазы, қарта, жал-жая  
 Бәйбішем менің кеткен соң  
 Қадырсыз болдым саған да.  
 Қадырлы болсам Құсайын  
 Сенен де жер ем жал-жая.  
 Жал-жая түгіл Құсайын  
 Бұйырмай жүр ғой шайың да.  
 Мойындасаң кінәңді  
 Жұрт алдында Құсайын  
 Қойыңды сой, ас қылдыр  
 Кешке дейін тосайын,

– дегенде тыңдап тұрған жұрт қарқ-қарқ күліп, мәз болып қалады. Бастығы Қуандық болып, Құсайынды қағытып, қойыңды соймасаң жазаңды өтей алмайсың, бүгін күн де жауын, бір жырғап қалайық деп қужайды. Құсайын амалсыз сол күні қойын сойып, сол жердегі жұрттың бәріне ас берген екен.

Базекеңе байланысты тағы бір қызық әңгіме елдің аузында ұзақ уақыт жүрген еді. 1948 жылы наурыз айының қара суығында Базағаң жаяулап-жалпылап, итарба сүйретіп Қоржынкөлге барады. Екі ауылдың арасы сегіз шақырым. Үйінде талқаны таусылып, жейтін тамағы қалмаған соң Базекең итшанасына киіз салып алып, Қоржынкөлге шыққан екен. Мақсаты киізін орыстардың картобына айырбастау. Жолда қарлы жаңбыр жауып үстінен су өтіп, әрі тоңып,

*Қоржынкөлге көз байланғанда зорға жетеді. Қоржынкөл негізінен орыс қаласы, онда қазақтардың саны аз. Қону үшін қазақ үйін іздеу керек, орыстар жолатпайды. Көшеде кездескен орыстан қазақ үйін сұрап, бір үйді зорға табады. Үйге сәлем беріп кіріп келген үсті су, әбден тоңған шалды ауыз үйде отырған екі жігіт көзге де ілмей, сәлемін де алмайды. Кісі келді ме, ит келді ме деп көңіл аудармастан екі жігіттің бірі газет оқып, тағы бірі қолындағы кітабын тастамай отыра береді. Базекең босағаға сүйеніп, қозғалмай тұра береді. Бір кезде осы үйге өзінің туысы, сол елде тұратын түбі Сарманның жігіті Шаймолда кіріп келеді. Ол сол мекенге танымал, беделді азамат болатын. Ол Базекеңді танып, сәлем беріп, не қылып тұрсың, жүр үйге деп жабыса кетеді. Базекең болса газет тыңдап тұрмын деп орнынан қозғалмайды. Екеуінің әңгімесін естіген жігіттер орындарынан тұрып, қол беріп, орындық ұсынып сасып қалады. Сонда Базекең қол берген жігіттің қолын қысып ұстап тұрып былай деген екен:*

*Аяғыңды үстелге тірейсің,  
Газет оқып дүрдейсің.  
Ақшам қашан келед деп  
Күнді санап жүдейсің.  
Үйге кірген бұл шалдың  
Кім екенін білмейсің.  
Сәлем бердім ордаңа  
Оны да құлаққа ілмейсің.  
Айналайын Қуаныш!  
Алпыстағы шал келсе  
Әкең марқұм айтып па ед  
Көрмегенсіп серей деп.*

*Жұқа жүргенім болмаса  
Ойлама мені кедей деп...*

– деп шұбырта жөнелгенде ана жігіт қысылып қалып, төр үйдегі әйелдерді шақырып, ақсақалды жоғары шығармақ болады. Үстіндегі киімін алуға ұмтылған әйелдерге қарап Базекең:

*Шүрегей үйрек балапан  
Ұясынан ұшпайды.  
Екі жақсыны құдайым  
Әуелден бірге қоспайды.  
Ішпеймін қалқам шайыңды  
Біліп тұрмын жайыңды.  
Әдепсіз неге өстің деп  
Үйретіңдер байыңды,*

– деп Шаймолдамен бірге шығып жүре беріпті. Қатты қысылған үй иесі сол кеште Базекеңді Шаймолдамен бірге үйіне алып келіп, ат-шапан айыбым деп қой сойып, түні бойы күткен екен. «Жақсының ашуы- жібек орамал кепкенше, жаманның ашуы – басы жерге жеткенше» дегендей ашуы басылған Базағаң оларға түні бойы қисса айтыпты. Ертесіне үй иесі колхоз басқармасы Сергиенкодан ат-арба алып, бір қап картоп пен екі шелек ұнымен Базекеңді ауылға жеткізіп тастайды. Алайда әңгіме жатпай, екі жігіттің орашалақ істері елге тарап кетеді. Содан қысылған олар қызмет орындарын басқа жерге ауыстырған екен.

Мен қартайғанда ренжітпейін деп бұл жігіттердің аты-жөндерін толық жазбай отырмын. Оқыса өздері түсінер, не күлер».

Зәкеңнің бұдан басқа да соғыс жылдарындағы ауыл өмірінен жазған дүниелері бар. Олар облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетіне шығып тұрған. Жоғарыда біз келтірген ұзақ естелігінен біраз үзіндіні газеттің Жеңіс күні қарсаңындағы нөміріне шығартыпты. Газеттің көлеміне қарай редакция қысқартып берген сияқты. Өкінішке қарай жылы мен күні көрсетілмеген. Алайда бұл естелікте соғыс жылдарында Сарманда еңбек еткен әйелдер туралы біршама жазылған екен. Біз естеліктің өзіміз келтірген үзіндісін қайталамай, тек әйел-аналар туралы жазылған жерлерін келтіре кетелік:

*«Сол кездердегі қиыншылықтарды ер адамдармен бірдей көтерген әйелдердің – әжелеріміздің, аналарымыз бен жеңгелеріміздің, әпкелеріміз бен қарындастарымыздың еңбектері өлшеусіз. Ұжымшарда бес ХТЗ, бір «Универсал» тракторы, екі «Сталинец» комбайны болды. Сол тракторларды 1941 жылы соғыс басталғаннан МТС-те тракторшылар курсын бітірген шешелеріміз бен әпкелеріміз жүргізді. Зейникамал Әубәкірова, Мәриман Смайылова, жас қыздардан Сәния Зарипова, Көкен Есжанова, Бикен Әлкебаева ер-азаматтарша еңбек етті».*

Зәркөш ағамыздың өзінің елі туралы есінде қалған оқиғалары осымен аяқталады. Алайда біз баласы Сансызбайдан біраз деректер алдық. Соның ішінде оның 12 жасында апасы Бикен екеуі колхоздың бұқасын баққанын білдік. «Басқа түссе баспақшыл» деген емес пе, басқа ересек адам болмағандықтан бұқа сияқты тентек малды екі бала қарауға мәжбүр болады...

Бірақ оқудан қайтсем де қалмауым керек деген мақсатты да жүрегіне бек түйеді. Жасында оқи алмай қалсаң ертең адам болуың қиын деген сөзді анасы да үнемі айта

# ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМДЕР

## 1. БІЗ ОЛ КЕЗДЕ ОН ЕКІ ЖАСТА ЕДІК

Өлеңім жарты болған ауысқа  
сырт өскен немқадірлерің  
түпкімден болған шабуылмен  
басталған Ұлы Отан соғысы бүрк ете  
түскенде жүргірі. Есіл ауданының  
Сарман ауылы біретей елді бірі —  
Сарман ұжымшары еді. Бұл соғысқа  
дейін ауылдың, қорша Тауаған пен  
Көбеш, Қаратау мен Бірік  
ауылдарының бірі-жарым  
азаматтары "Халқи гол" шайқасы  
мен Фин қалығысы сияқты  
майдандарда болып, олардың  
өскерлен жазған хаттары арқылы бір  
жәтерді сезіп және сонау  
жаңырасымды жылдардағы әк пен  
қазық арқасымен қантөгістерін  
сөзімен көргендері көп елді жүреп  
күтті, қонды алаңдауым еді.

1931 жылы жеке ұжымшар, ал  
1933 жылы Тауаған ауылы ескіші  
қосыл, Жидан атандағы ұжымшар  
болған Сарман ауылынан Ұлы Отан  
соғысқа ұбағаттағанда 55 азамат  
майданға кетті.

"Бірі де майдан үшін, бірі де  
Жеңіс үшін" деп жаңғыр сала еңбек  
еткен ауылдың атқарушылар  
шаруасының ауыр жүгі қалған  
шалдар мен өкелердің, қыз-  
қеліншектердің, бүлші бекіменен  
жас балалардың үзесі болып қалды.  
Ол күндері басқы қолшпш ол  
дүниелік болған Әубәкірдің  
Қапасы, Обдараханның Жүйсі  
мен Жүсіпті, Арғынбайдың  
Үйсінбайды, Рымзаһның Әкебайы  
ағыптан түйін түгітін шеберлер еді.  
Смайылдың Әажаны мен Ерканы,  
Бопының Сурағаны, Қалдының  
Аминдағы, Әубәкірдің Зәйкеші,  
Өспітін Елеусізін, Ұртыштың  
Қорбаны етіп еліп, шоп шауып,  
күлді түнге ұластыра еңбек еткен  
дәлханар.

Смайылдың Қалжаны, Рахымның  
Тұрғынбегі (кейін майдаға  
алынып, еліс аман-оу келді),  
Есжаннның Қажымұраты,  
Түрғынбайдың Иманбегі,  
Арғынбайдың Үсені қызы-жазы  
шаруашылықтың малын бағып, ет,  
сүт, май, жүн шығар. Албергеннің  
Темірбек қамыт-сайман, арба-  
ауына, айыр-құректерді жүн  
арғытай жасап отырса, Майқотын  
кейін мен Шақанның Сәдуақасы  
еңбек еткен ұстахананың қоры  
өңдеп, тасты ұрған балғасы бір  
бейітін. Сол кезде қазір  
естіген асқан солардың балалары  
өзіндік жүргізіп жасымыла жетер-  
еткен аумаулықты ыңғымен  
өрген солардың жанында  
қалып ұымтықсы, ақылды  
өсілі болып сексенге жакындап  
Дәулеткенің Жақосы сынды

өл жылдары бас-көз болғанын  
көзімізбен көріп өстік.

Сарман ұжымшарына еліп  
соғыстың аяғында алғаш  
құрылғанынан бастап, біртін  
шаруашылықтар ірілендірілетін  
дейін Арғынбайдың Үйсінбайы  
тораға болды. Үзіксіз жиырма екі  
жыл басшылық еткен жылдары  
ауылдан еңбек шығарып, сырт  
кетіп, қандай бір қиындық болса да  
жүріп жүріп, жүздеген жоқ еліп деп көзі  
көргендер біртіндеп дегенді айтты.  
Бригадир Жамбылдың  
Сәрсенбайы жұмысы жүріп, шаруа  
орындалып, басшылардың бір  
мақтау етсе, салт болса да, әрбімен  
келе жатса да мыңдап өңдетіп  
жүріп еді. Қандай қиындық болса да  
қажымай-талмай, болашақтан  
үмітін үзбей, әлгеріп қайыртқы  
жолын жүретін азаматтар соның елі  
ғой.

Сол кездердегі  
қиыншылықтарды ер адамдардың  
бірдей көтерген өңделердің —  
өкелеріміздің, аналарымыздың,  
жөңгеріміз бен өкелеріміздің,  
тіпті қарындасарымызға дейін  
еңбектері өшпесі. Ұжымшарға бес  
ХТЗ, бір "Универсал" тракторы, екі  
"Сталинец" қолбайығы болды. Сол  
тракторларға соғыс басталған 1941  
жылы МТС-та тракторшілар  
курсын бітірген өңкелеріміз бен  
жөңгеріміз жүргізіп. Зейнекмаз  
Әубәкірова, Мөрмән Смайлұлы,  
жас қыздардың Сәниә Зарипова,  
Көкел Есжанова, Бикен Әлшекбаева  
ер-азаматтарша еңбек етті.

Он төрт жасында Бұлаев ауданы  
Қарағанды МТС-ы саңс бөлімінің  
бастығы, соғыс басталған жылы  
соның алдында құрылған  
"Қарағанды" кеңшарының партком  
хатшысы болып, денсаулығына  
байлаңымыз өскер қатарынан  
облыстық өскері комиссариаттың  
комиссиясымен қайтарылған өкесі  
Қожахмет қайтыс болғанда  
бөлімінің тапшылығынан қолда бар  
машиналардың бірінің де пайдасын  
көре алмай, Қызылжарға дейін  
сығарып жетектеп зорға келіп,  
Сарманға ілдебайлап жеткен  
Шүленбай қолбайыға отырды.  
Өспітін Елеусізін қолбайының  
жүргізіп үйретпей өжет бала Есекен  
майданға алынтада "Сталинец-6"  
қолбайына не болып қалып, соғыс  
біткенше егінді өзі орып, өзі  
бастырды.

Сондай қабырғаны қайыстырып,  
белді бүктретіп ауыр еңбектен,  
ұжымшар жұмысынан Шүленбай  
түстас және одан да кіші балалардың  
бірі де тыс қалған емес. Одан  
үлкендері ФЗО-ға, курстарға оқуға  
жіберіліп, жасы жете бастағандары  
өскерге де алынып жатты. Сондағы



өзіміз қатарымыз арасындағы  
ерекс дегенін 13-14-терге жолы  
келген Аминдақтың Ожаны (бейтін  
журналист Қалев), Үйсінбайдың  
Әмірғали, Хамманың Әлтай және  
тағы басқалары өткізген жер жыртып,  
егін ектік, шоп шауып, мал салдық,  
отын дайындап, ағаш жарды,  
айытуыр, араласпайтын шаруамыз  
болмағанын.

Бір ауылда бір елалысы боламыз  
ғой. Жүсіптің Айғыбы соңдай жас  
еді. Жастар тұтып, қарнақар да сол  
кісімен ақылдасып, айтқанына  
қулық қоятын. Елдің қарнақарымы  
болды. Ауылға қонақ келсе, не  
жынып-тай, жалабық болса, сол  
кісінің басылығымен отқылытін.  
Той-дұман өткізіп, қазға  
болаңдарда жөнелту, салт-дәстүрді  
саяқтау сияқты жауапты істердің үлгі-  
өңінегісі мен қобие осы бір жанды да,  
қолы да жоғарт, намысқой, ақылды  
кісінің үйреніп, сондай бұдым. Бір  
пашырыс, не бір жалабық болса:  
"Кісілерің қолына сү қай, бытасын,  
артына отырып өңіресің тыңда,  
уағатын алысқан. Естіп біткенін  
өңіне жаксы", — деп отыратын.

Сол бір сұраным соғыстың  
өткеніне елу жылдан асса да, сол  
ауырталдықты көтеріп, намысты  
қолдан бермей еңбек еткен  
өкелеріміз бен аталарымыздың,  
өкелеріміз бен аналарымыздың  
жөңгеріміз бен өңкелеріміздің  
бейнесі өшпекан естен кетпек емес.  
Сол жылдары он үш-төрт  
жастардағы бала болған өзіміз де  
бүтін жетістіген асып, әкесіміз  
атамызды. Ал сол  
замандастарымыздың қолы  
қатарымызда жоқ. Ашыны да  
тұщыны да бірдей көріп, қазы-  
қуанышты да теңдей бөлеккен, бірк  
арамыздан ерте кеткен. Әлтай,  
қалыс болғанына он жылдан асып  
кеткен Шүленбай және  
басқаларымыз жарқын жүздері  
моніп ұмытылар ма! Естен кетпес  
есімдер, елеулі бейнесер біздің  
жүрегімізде!

Зоржон ТАҚЫРОВ,  
зейнепкер.

Троицкое селосы,  
Жамбыл ауданы.

береді. Содан Зәкең үзіліп қалған оқуын Өрнек ауылында жалғастырады. Бұл ел баяғы Сәкен Сейфуллиннің бастамасымен халықты отырықшыландыру үшін құрылған Солтүстіктегі «казгородоктардың» бірі. Өзі Есілдің арғы бетінде. Осында қазақ мектебі де алғашқылардың бірі болып ашылған. Өрнек пен Сарманның арасы 30 шақырымнан артық, сонда демалыс күндері Зәркөш ағамыз жаяулап-жалпылап, өзеннен өткелмен өтіп, үйіне келеді екен. Өрнекте интернат болмаған, тек таныс адамның үйінде тұрып оқыған ғой. Ол кезде елдің бәрінде қиыншылық, ашқұрсақ жүретін бала тым болмаса туған үйінде тамаққа бір тою үшін және туыстарын сағынып осы қашықтыққа қарамай сенбі күні үйіне жетеді екен. Осы қиыншылықтың үстіне ол кезде далада аш қасқырлар да көп. Соның бір тобына кездессе түгі де қалмайтынын біліп, анасы алтыншы сыныптан кейін ұлын Өрнек мектебіне жібермей қояды.

Зәкеңнің әкесі Елеусіз жазықсыз қуғын-сүргінге ұшырап, қудаланған жандардың бірі. Жоғарыда Сарманның 10 ұлының бірі Сырымбет екенін айтқан болатынбыз. Оның Бұта, Темей, Көбенқұл, Жаманқұл деген ұлдары болған. Соның Бұта деген баласынан Тақыр, одан Өсіп, одан Елеусіз туғанын еске салайық. Сырымбеттің Жаманқұлынан Итаяқ, одан Баязит, Нұрғали, Сапаш туады. Осы кісілер төңкеріске дейін ауқатты тұрған екен, Кеңес өкіметі орнап, барлық дәулетті адамдар «бай-құлақ» деп ұсталып жатқанда бір шолақ белсенділер бұларды «тыққан алтындары» бар деп көрсетіп, ұсталып кетеді. Жалғыз олар емес жақын ағайындарын да бірге ұстайды. Соның ішінде Елеусіз де ұсталып, тұтқындалады. Бірақ оны артынан босатады. Босаған соң еліне келіп, ақсақал трактор

жүргізушісі болған. Одан соғысқа барып, аман келген. 1947 жылы кіші қызы туғанда өмірден өтеді. Бірақ осы оқиға туралы Зәркөш ағамыз ешкімге ләм-мим деп айтпай, құпия сақтаған екен. Өйткені «әкемді жазықсыз қамады деп айтсаң көзіңді жоямыз» деп НКВД қанішерлері қорқытып қойған болуы керек. Ал атасының репрессияға ұшырап, зардап шеккенін немересі Сансызбай кездейсоқ, қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың тізімі жазылған қасірет тақтасынан бір-ақ біледі. Қызылжардың қақ ортасында облысқа белгілі ақсақал Болат Сағындықовтың талмай қууының арқасында Солтүстік Қазақстан облысында 1937–38 жылдары «халық жауы» деп жазықсыз жапа шеккен жеті мың адамның тізімі жазылған ұзын тақта орнатылған. Сол тізімнің орта тұсында «Такиров Е. Ленинский район» деп жазылған сөздер көзіне оттай басылады. Үйіне келген соң қызына интернет арқылы іздетсе, ақыры өзінің атасы болып шығады... Әкесінен атасы жайлы сұрағанда жарытып жауап ала алмайтындығының сыры сол екен.

Ал әкесінің тағдыры осындай қиыншылыққа тап болған соң Зәркөш ағамыз Өрнекке бара алмай қалғаннан кейінгі жылдары да мектепке қолы жетпей қалады. Үзіліп қалған оқуын Зәркөш ағамыз Баян мектеп-интернатында тек 1949 жылы ғана жалғастырады.

Бұл ауыл ежелден жергілікті өкіметтің ерекше назарында болып, әртүрлі халықтың өкілдері айдалып келген, соның ішінде неміс тұрғындары да көп тұрған, сол түкпірдегі қазақша он жылдық мектебі болған бірден-бір ауыл болатын. Мұнда немістер ғана емес сенімсіз адамдар деп саналып, орталық қалалардан айдалған татар, орыс, украин халықтарының өкілдері де болған. Осылардың

бәрі қазақ тұрғындарымен мидай араласып, бір кезде тегіс қазақша сөйлейтін.

Осы ауылдан оқып, кейін атақты азамат болғандар да көп. Зәркөш ағамыз осы мектепті 1953, Сталин өлген жылы 22 жасында бір-ақ бітіреді. Ең алыс түкпірлерге дейін идеологияның күшімен қанды «көсемнің» қалай «әулиедей» болғанын, ол өлгенде халықтың қалай жылағанын көзімен көрген...

Мектепте оқып жүріп, оның отын-суын әкелу, жөндеу, сырлау сияқты жұмыстарын да ересек балаларды ертіп, ұйымдастырып жүреді екен. Өзімен оқитын балалардан 5–6 жас үлкен болса да, тіпті кейбір мұғалімдер өзінен жас болса да қажырлы Зәкең қорланбай, мектепті тастап кетпей, ақыры оны толық бітіріп шығады. Кейін сыныптастары оның мұғалімдермен қатар жүретінін, кейде солармен бірге шылым тартатынын айтып, күледі екен. Бұл да сол заманның ерекше оқиғаларының бірі...

1953 жылы мектеп бітірген Зәркөш Тақыров Қарағанды пединститутының мұғалімдер дайындайтын екіжылдық бөлімінің математика факультетіне оқуға түседі. Бірақ тұрмыстың қиындығынан жарты жылға жетпей оны тастауға мәжбүр болады. Өйткені үйінде ол кезде өзінен басқа бас көтерер адам болмай қалады. Әпкесі Бикен тұрмысқа шығып кетеді, інісі Жақсылық әскерге алынады. Үйде шешесі мен кіші інісі Жайлау, қарындастары Бақытжан мен Ырысты қалады. Осынша жанды асырау үшін кемінде бір адам ұжымшарда жұмыс істеуі керек қой, сондықтан Зәкең пединститутты тастап, ауылға келіп колхоздың жұмысына кіреді. Қара жұмыстың бәрін жасынан қоғадай жапыратын оған ауылдың ауыр тірлігі жат емес еді. Оның

үстіне он жылдық білімі болған соң есепшілік сияқты жұмыстар тапсырылса да атқарып жүре береді.

Соғыс жылдарынан бірге өсіп, бірге еңбек еткен Көшен, Ауғанбай, Атамбай, Сәрсек, Мүсәй, Шұғай сияқты тұрғыластары да ол кезде ауылда, солармен әзіл-қалжыңы жарасып жүріп жатқанда бір күні кеңшар оған қойшы болуды міндеттейді. Сарманда сол жылдары қой да болған екен. Зәркөш ағамыз шопан таяғын ұстап, бұл кәсіпті де меңгеріп кетеді. Үйленген жылы озат шопан ретінде Мәскеудегі Бүкілодақтық халықшаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне (*ВДНХ*) барып, медаль алып қайтады.

Үздік шабан ретінде көзге түсіп, оның үстіне жиналыстарда көрініп, орынды пікір айта алатын адамды ол кезде партия өз қамқорлығына алатын. Зәркөш Тақыровты да жергілікті басшылық партия қатарына өткізіп, жоғары қызметтерге тартқысы келеді. Ол үшін әрине, білім алу керек. Сондықтан аудандық партия комитеті Зәркөш Тақыровты 1961 жылы Ленин ауданындағы Ақжар (*орысшасы Покровка*) селосында орналасқан ауылшаруашылығы мамандарын дайындайтын техникумға жібереді. Оны орыс тілінде қысқартып ЛСХТ (*Ленинский сельско-хозяйственный техникум*) дейтін. Сөйтіп мектеп қабырғасынан қол үзіп кеткеніне 8 жыл болғанда Зәркөш Тақыров қайтадан үстелге отырып, техникумның студенті атанады. Мұндайға психологиялық тұрғыдан икемі жоқ адам көне алмас та еді, өйткені қағазға қарауға қарайып қалған адам оны қайтадан игеріп кетуі екіталай. Жасынан табанды Зәркөш Тақыров мойымай, бұл белесті де еңсеріп кетеді. Өзі құралыпты талай өткір, алымды жігіттер оқымай қалғанда Зәкеңнің алған бетінен қайтпағанына риза боласың.

Осы техникумның өзі ерекшелеу оқу орны. Онда 1937–38 жылдардағы қызыл қырғында Мәскеу, Ленинград сияқты үлкен қалалардан қуғындалып, жер аударылған еврей, неміс, украин, орыс сияқты халықтардың оқымыстылары, жоғары білікті мамандары сабақ берген. Соның арқасында техникумның білім деңгейі артып, оның қабырғасынан нешетүрлі білікті, кейін үлкен қызметтер атқарған, тіпті айтулы ғалым болған адамдар да көп шыққан. Тек қазақтар арасынан айтатын болсақ, республика министрлер кеңесінің 14 жыл бойғы төрағасы болған Бәйкен Әшімов, облыстық атқару комитетінің ұзақ жылдар бойғы төрағасы Ніл Болатбаев, Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатов, аты әлемге әйгілі генетик ғалым, Ломоносов атындағы МГУ-дің профессоры Серікбай Әбілев және т.б. осы оқу орнының түлектері. Қазір ол Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатов атындағы Ауылшаруашылығының жоғарғы колледжі.

Міне, осы оқу орнының зоотехник мамандығын дайындайтын күндізгі бөліміне 30 жасында Зәркөш Тақыров та түседі. Тумысынан еті тірі, адамдармен ортақ тіл тапқыш Зәркөш мұнда да белсенді студенттердің бірі болады. Кешікпей оны техникумның кәсіподақтары комитетінің төрағалығына сайлайды. Техникумдағы тәртіпті сақтауда, жастар арасында бұзықтық болмауында оқу орнының басшылары оған сенім артып, тапсырып қояды. Денесі ірі, қара күшке мығым және 30-ға келіп, әбден толысқан жігіт жатақханада тәртіп бұзғандар немесе сырттан келіп, студенттерді қорқытпақ болғандар кездессе дереу орындарына қояды екен.

## II тарау



### БЕЛСЕНДІ ӨМІР БЕЛЕСТЕРІ

1964 жылы техникумды бітірген соң Зәркөш Тақыровты «Николаевка» кеңшарының бірінші бөлімшесіне зоотехник етіп тағайындайды. Бұл қазақша Көбеш деп аталатын өте үлкен ауыл. Маңайында Қарабұлақ, Қаратал, Бірлік, Сарман, Тауағаш сияқты таза қазақ ауылдары болса да оның өз басында сырттан келгендер көп болды және директоры ешқашан қазақ болған емес. Осы қазақ ауылдарының бәрі «Николаевка» кеңшарының бөлімшелері болды.

Осы жерде Зәкең халыққа кеңінен таныла бастайды. Әрі белсенді, әрі жұмысты ұйымдастыра білетін қабілеті оны халыққа, кеңшар басшылары мен аудан басшыларына жұғымды етеді. Атқұмарлығы туралы да әңгімелер алысқа тарайды. Астындағы жұмысқа мінетін «Мальчик» деген атын жаратып, сабантойларда үнемі бәйге алып жүреді. Тіпті қатарынан 7 жыл бәйге алады. Атының басына генерал Абай Тасболатовтың інісін отырғызады. Басқа спортқа да құмар болады. Жарыстарда өзі үнемі күреске түсіп, бәйге алып жүреді. Техникумда оқыған жылдарында

күрестің жаттығуларына қатысып, әдіс-тәсілдерін игерген екен. Айта кететін жайт, ЛСХТ-ның балуандары кезінде Петропавлда күрестен болатын жарыстардың бәріне қатысып, қиратып жеңіп кетіп жататын. Бір жақсы жаттықтырушылар болып, күрес онда өте жақсы дамыды. Мұны бізге қазақтар арасынан тұңғыш СССР-дың спорт шебері атағын алған Жамбыл Тасеменов ағамыз айтқан еді.

Зәкеңнің тағы бір сүйетін спорты – шахмат екен. Қолы қалт еткенде ойнайтын адам табылса ол шахматқа отыра қалуға әзір тұрады. Тағы бір қызығы алдынан жілік қайтпаған көрінеді. Үлкен жиындарда қазақ арасында кең тараған осы дәстүр әлі де бар. Кезінде оған жас-кәрінің бәрі назар аударып, қызу дода болатын. Өйткені «жілік сындыру» да күш-қайраттың, әдіс-тәсілдің зор екендігінің белгісі саналады. Оған қазір де үлкен бәйгелер тігіліп жатады.

Зәкең Көбеште мал шаруашылығы саласында жүрсе де осындағы зиялы қауым өкілдерімен жиі араласқан. Соның ішінде «Николаевка» мектеп-интернатының атақты директоры, «Ленин» орденді педагог Асқар Игібаевпен дос болған. Қойшин Молдаш деген замандас мұғаліммен де жақсы қарым-қатынаста жүрген. Ол кісінің Марат деген баласы Ақмола облысы ұлттық спорт басқармасын басқарған. Хамза Әубәкіров, Ақын Темірбеков, Көмен Бәкібаев, Әскер Салықов және т.б. дос-құрдастарымен ойнап-күліп, әзіл-қалжыңдары жарасып, көңілді өмір сүрген. Біз төменде осы құрдастарының арасындағы бір қалжыңдар туралы өзінің облыстық газетке 2001 жылдың 30 наурызында шығарған бір күлкілі әңгімесін келтіре кетейік:

## Зеріктірмес замандастар «Сыйлы қонақ»

Біз ол кезде «Николаев кеңшарында тұратынбыз. Әубәкірдің Хамзасы, Қойшының Молдашы, Салықтың Әскері және мен – төртеуіміз арадан қыл өтпейтін дос-жолдаспыз және бәріміз жас жағынан замандастармыз. Сондықтан қатты қалжыңдасатынбыз.

1967 жылдың ақпан айының соңғы онкүндігі. Николаев-када зоотехник болып істеп жүрген кезім. Түскі тамақтан кейін атымды алып, атқорадан кетіп бара жатыр едім, жылқышы Егінбай мені тоқтатып:

– Шырағым Зәркөш, бүгін кешке біздің үйден дәм таттыңдар, сыйлы қонағым болыңдар. Көп адам жоқ, бөлімше басқарушысы Виктор Сергеевич Шацкий, мал дәрігері Көмен, сосын сіз жолдасыңызбен, – деді. Мен таңданып қалдым.

– Ераға, бұл не шақырыс, соғым етін жуырда ғана таттық, туған күнің бе әлде басқа жағдай ма? – деп сұрадым.

– Ештеңе жоқ, соғым етінен таттыңдар ғой, бөлімше бастығы дәм татпай жүр еді, сіздер де бірге болсын дегенім ғой, – деді.

Кешкі сағат жеті кезінде үшеуіміз де жолдастарымызбен бірге Ерағанның үйіне сау ете қалдық. Үйге кірсек Әбілмәжіннің Текебасы мен Арыстан отағасы әйелдерімен отыр екен. Біз барған соң әңгіме-дүкен қызып, карта ойыны басталды. Биенің бір сауымы өткенде алдымызға ас та келді. Қой сойған екен, бас та бар, оған жылқы етін қосқан үйеме бір табақ ет. Отырыс түнгі сағат төрт кезінде бітті. Егінбай қалбалақтап босатар емес, біз рахметізді айтып, зорға шығып кеттік. Жолда келе жатып Кәменге:

– Ерағаң бүгін тым жомарт болып кетіпті, ас-суы көлдей болды ғой, бұрын дәм берсе тартыншақтап тұрушы еді, – дедім.

Үйге келіп, аз-мұз дем алған соң, жұмысқа кеттім. Жұмыс орындарын аралап, бөлімше кеңсесіне келсем менен бір жігіт түндегі қонақ туралы сұрап, қалжыңдамақ болады. Е, бұлар менің түнде қонақта болғанымды қайдан біліп қалған деп Көменге қарасам ол күліп, үндемейді.

Таңғы асымды ішуге үйге келдім. Әйелім шай дайындап қойған екен, дастарханға отыра бергенім сол еді Ұлпаш: «Зәркөш, үйдің сыртындағы шөпті біреу ұрлап әкетіпті, малға салатын қылтанақ та қалдырмапты», дейді.

Мен де аңқауым, бөлімше кеңсесінен он метрдей жерге үйілген бір мая шөбімнің жоқ екенін жаңа үйге кіргенде байқамай да қалыппын. Ұлпаш қалжыңдап отырған шығар деп далаға шықсам, шынында бір айыр да шөп қалмапты. Бұл кімнің қолынан келгенін бірден білдім. Алдында Молдаш шөп сұрай келгенде: «Үш ай бойы каникулда не бітірдің, қолың бос, шөп шауып алмадың ба? Не кеңшарға көмектеспейсің, тым болмаса бір ай маяның төбесіне шықсаң ғой, мен саған шөп берер едім, енді отыр қолыңды жайып...», – деп досымды қағытып, нығызсып қалғамын.

Молдаш ештеңе демей, күліп тұрып: «Саспа, маған шөп сенсіз де болады, өзіңді ойла», деп шығып кеткен. Әрине, Молдашқа шөп жазып беремін ғой, бірақ бір жолға нығызсып, өзімді көрсетіп қалуым ғой. Өзім де шөп шауып қарқ қылмаймын, үйдің сыртындағы бір мая шөпті бригадирлер Белоглазов пен Трифоновтан алғамын.

Енді досыма қатты қалжыңдаймын деп бар шөбімнен бір-ақ айрылдым, өзіме де сол керек. Үш досым да мұғалім еді, төртеуіміздің арамыздан Молдаш өмірден ерте кетті.

*Иманы жолдас болсын, артындағы балаларына Алла ұзақ ғұмыр, бақытты өмір берсін.*

*Анықтай келе оқиға былай болыпты: мен шөп бермеген соң үшеуі ақылдасып, біз мұның бар шөбін тасып алып, қатырайық деген байламға келеді. Ол үшін мені Егінбайдың үйіне қонаққа шақыртып, түні бойы сонда отырғызу керек. Отағасына келіп, біз сізге 70 сом береміз, соған бір тоқты, 5–6 шыны арақ алып, жанына біреулерді қосып, түні бойы отырғыз дейді. Көп айналдырып көндірген соң Ерағаң ана қулардың айтқанын істейді. Көл-көсір табақ жайылған жомарттықтың сыры сол екен.*

*Біз қонаққа кеткен кезде Молдаш екі шанамен келіп, интернаттың ірі балаларын алып, барлық маяны тасып алыпты. Бұл әңгімені ертесіне барлығы естіп, күлкіге қарқ болып жүрді. Кеңсеге келсем директор Виктор Сидоров пен партком Борис Водяновқа дейін әзілдеп, күледі. Сөйтіп «сыйлы қонақ» болғанымның «сорын» көрдім. Алайда құрдастардың қалжыңына еш ренжіген жоқпын, шөп қолда, кеңшардан қашан әкеліп бер десем сол уақытта келеді, оның несіне ренжіім. Тек жазда Молдашқа «ұрсып-ұрсып» шөп керек болса, тым болмаса таразышы болып істе деп көндіріп, келесі жазда пішенді өз еңбегіне алдырдым. Одан әрі мен «Ульянов» кеңшарының бірінші бөлімшесіне басқарушы болып кеттім.*

### **Өз үйіме өзім қонақ болдым**

*Сол жылдың күзінде тағы бір қалжың болды. Бөлімше басқарушысы ауырып қалып, соның орнында мұрнымнан шаншылып, екі бірдей жұмыста жүргенмін. Қарындасым елден келіп, шешемнің ауырып қалғанын айтты. Таңертеңіне*

жұмысты тапсырып, әйелім мен баламды алып елге келдім. Шешемнің халін біліп, бір шыныаяқ шай ішіп, ерте қайттық.

Николаевқа келген соң әйелім мен баламды түсіріп, үйге кірместен кеңсеге соғып, мындағы жұмыстарға араласып кеттім. Бір кезде балам жүгіріп келін:

– Ата, мешкейлер үйдің кілтін бұзып кіріп, шахмат ойнап жатыр, – дейді.

Үйге келсем, Хамзаның әйелі Майра марқұм, Молдаштың әйелі Мәриям мен Әскердің әйелі Тамара – бар бәрі асүйде бір қазан ет асып жатыр. Орталарында Ұлпаш та жүр. Төр үйде ана үш батыр шахматтың қызығына түсіп кеткен, бастарын көтеріп қарамайды да.

Әлден уақытта ас пісіп, Ұлпаштың сойдырып қойған екі үйрегінің еті бір табақ болып алдымызға келді. Сол жылдары арақ қат болып кеткен, қонақ келсе керек болып қалар деп әйтеуір үйде бір коньяк, бір шампан және екі шөлмек арақ алып қойғанмын. Мына қулар соны тауып алған жоқ па екен деп алаңдап отыр едім, әйтеуір Ұлпаш алысқа «көзін ағызған» екен, көңілім жай тапты. Үшеуі мені өз үйімде төрге отырғызып қойып, «қонақ етті». Арақты өздерімен ала келінті. Біздің үйге дем алайық деп келсе, есікте құлып тұрады. Бұрылып кететін қулар емес, құлыпты жұлып тастап, ішке кіргендегі қылықтары әлгі...

Мына қулардан есемді қайтып қайтарамын деп мен отырмын. Бір кезде әкелген төрт шөлмектерінің үшеуі бітіп, соңғысы ашыларда балама қымыз ішетін үлкен кесені алдырдым. Сосын соңғы арақты соған толтырып құйдым. Өй, не істеп жатырсың дегендерге, нан батырып жейміз дедім. Сосын үстелде жатқан нанды ұсақтап, кесенің ішіне салдым. Аң-таң болған аналар қарап қалыпты. Енді мұндай арақты кім ішсін. Әбден болған соң обалына қалғанша

ішімде жатсын деп кесені басыма бір-ақ көтердім. Сөйтіп, достарыма төртінші шыныны бұйыртпай, «жазалаған» түрім осы болды...

Келесі күні менің өзімнің үйімде қонақ болғанымды бүкіл Көбеш естінті. Бәрі соны айтып мырс-мырс күледі.

Бірде қарымта қайтарудың тағы бір сәті түсті. Желтоқсан айы бірден бүрістіріп, қатты суықтар тұрған. Түс кезінде үйге Молдаш келді.

– Зәке, директормен жақсысың ғой, 2 тонна көмір жаздырып берші, – дейді.

– Сен көмір жаздырып қайтесің, Хамза кеше интернаттан көмір алып, үйіне үйіп алды. Бүгін кешке ол біздің үйге әйелі мен балаларын алып келеді, шахмат ойнаймыз. Сол уақытта жылқышыдан ат пен қорапты шана ал да, интернаттың балаларын алып келіп, үйіңе тасып ал. Сезік тудырмас үшін өзің де әйеліңмен біздің үйге кел. Сендер келген соң Ұлпаш ас қылады, ойынды ұзартып, түні бойы отырамыз. Ал өзің балаларға көмір түсіретін жерді көрсет және алған жерлерінде бір шелек те көмір қалдырмасын, – дедім.

Қалжыңсүйгіш досым келісе кетті. Бәрі мен айтқандай болды. Біздің үйде шахмат ойнап, ас ішіп түннің бір уағына дейін отырдық. Хамза балаларымен түнгі үш кезінде үйіне келсе пештің оты сөнуге жақындап қалыпты. Қолына шелек алып, көмір әкеле қояйын деп сарайына барса... тап-тақыр. Өз көзіне өзі сенбей қолшам алып барып, тағы қарайды. Бір түйір көмір қалмапты. Сасқанынан біздің үйге келіп болған жайды айтып жатыр. Күлкі қысып бара жатса да мен де сыр бермей тыңдап, сұмдық болған екен деп жатырмын. Біздің үйден бір шелек көмір алған Хамза жан-жақтан із кессе де түк те таба алмапты..

*Сөйтіп, Молдаштың көмегімен бір істің қайырымы болғанына мен де риза болып жүрдім. Міне, біздің арамызда осындай да ойын-қалжыңдар бола беретін. Бірақ біз бір-бірімізге ешқашан реніш білдіргеніміз жоқ.»*

Құрдастардың осындай қалжыңдары бұрын жиі болып тұратын. Олар бірінен-бірі асырып, осындай әзіл-қалжың қылып, қыран-топан күлкіге қарқ болып жүретін еді. Сөйтіп өздерін өзі көңілдендіріп, жарастықтары арта беретін. Бірақ осы салт кейін қалып келеді. Тіпті жоғалды деп айтуға болады. Қазір мұндай қалжыңдаған досы болса адам жұдырығын ала жүтіруге әзір. Өйткені орыс араласқан ортада әзіл-қалжың түсінілуден қалды. Сондықтан бұл кісілерді осынау әдемі салтты ұстанған біздің жердегі соңғы қазақтар деп айтуға болады...

Сол жылдарда елде адамға қысастық азайып, бейбіт өмір, тыныш тірлік болып жатса да өкімет басындағы ұраншыл партия шаруашылықтарға күн көрсетпейтін. Біресе қойдың басын 50 миллионға жеткіземіз, сол үшін оның басын көбейту керек деп ұрандаса, екінші жағынан отан қамбасына миллиард пұт астық құюымыз керек деп екінші жағынан ұрандататын. Эволюциялық емес, революциялық жолмен өсірудің халыққа зардабы тиетін. Мәселен, қой санын 50 миллионға жеткіземіз деп басқа малдың басын шектеп, жайылымдарға тек қойды қап-татты. Қой аласа, тықыр шөпті қалайды, өлеңді жердің қара топырағын шығарып, шүйгін шөпті тұяғымен әбден тақырлап, шаңын аспанға көтеріп тастайды. Сосын ол жерге бұрынғыдай шүйгін шөп шықпайды. Бір малдың басын жеке дара көбейтпей, жерді рационалды түрде пайдалану партия басшыларының ойына келмейтін.

Тек бір ұран көтереді де соның орындалуын талап етеді. Жердің жағдайын ойлап, қарсы пікір айтқан ғалымдар, мамандар болса оларды қудалап, қызметтерінен алады.

Сол сияқты «миллиард пұт астық береміз» деген ұранның да шаруашылықтарға соры болды. Жоспарды орындаймыз деп қамбадағы тұқымдық астыққа дейін сыпырып алып, өкіметке өткіздіртетін. Жалғыз бидай емес басқа дақылдарды да түк қоймай сыпырып алатын. Кейбір шаруақор директорлар болмаса мұндайға қарсы тұрудың жолын таба алмаған талай басшылар артынан малға жем тауып бере алмай бастарын қатырып жүретін еді. Ал «Николаев» кеңшарының сол кездегі мамандары мұндайға қарсы «жемазық цехы» дегенді ойлап тауыпты. Сиыр қыста жем жемесе, күйлі болмаса сүт бермейтіні белгілі. Құр шөп бере беруге болмайды, ол тез бітіп қалады және оған мал көтеріле де қоймайды. Ал сабанды сиыр жемейді, жемеген соң тіпті жүдейді. Сондықтан мамандар әлгі цехта сабан, шөп, тұзға жем мен дәрумен араластырылған жемазық ойлап табады. Бәрін араластырып, үтеді де жем шашылмас үшін пресстейді. Мұндайда жем мен шөп үнемді жұмсалады, әрі мал да сүйсініп жейді. Сөйтіп, жасырып-тығып алып қалған аз жемді қысқа жеткізіп шығады. Нәтижесінде сүттің жоспары орындалып, кеңшар жақсы атаққа ілінеді.

Міне, осы жемазық цехын ойлап тауып, іске асырып жүрген бірінші бөлімшенің зоотехнигі Зәркөш Тақыров, бөлімше басқарушысы Виктор Сергеевич Шацкий, мал дәрігері Көмен, бригадир Трифоновтар еді. «Николаевканың» кормоцехының атағы алысқа шығып, оның тәжірибесін үйрену үшін осында облыстық семинар да

өткізіледі. Сөйтіп мұндағы мамандар үнемі ауызға ілеге береді.

Ол кездегі кеңшар, аудан басшылары өздерінің шаруашылықтарын алға бастыру үшін үнемі белсенді, пысық, шаруақор мамандар іздеп жүретін. «Бәрін де кадр шешеді» деген Сталиннің ұраны ол кезде қатты сақталатын. Сол кездегі Сергеев ауданының (*қазіргі Шал ақын*) бірінші хатшысы Есім Шайкин де үнемі аудандағы шаруашылықтарға білікті басшылар қоюға тырысып жүреді екен. Кейін Еңбек Ері атағын алған бұл ағамыздың өзі де керемет іскер, халыққа жұғымды, аса беделді адам болған. Бірнеше жыл кеңшар директоры болған ол ауылды тек білікті кадр ғана көтеретініне көзі жеткен адам. Осы ағамыздың Зәркөш Тақыровпен жеке таныстығы да болған. Бірде ол Сергеевкаға кетіп бара жатып, Николаевкадағы оның үйіне соғып, Семиполка кеңшарының бас зоотехнигі қызметіне жүр деп қолқалайды. «Екі қабатты, суы кіргізілген үйден пәтер беремін, басқа да мәселелерің шешіледі» деп қоярда қоймай Семиполкаға алып кетеді.

Алайда, мұнда бас зоотехник болып орналасқанына үш күн ғана болғанда Ленин ауданының (*қазір Есіл*) басшылары соңынан қуып келіп, алып кетеді. Ол кезде адамның еркі өзінде емес, қай жерде партиялық есепте болса, сол ұйым ғана тағдырын шеше алады. Зәкең амалсыз қайтадан өзінің ауданына оралады. Мында келген соң жеті жыл бойы зоотехник қылып ұстаған Зәкеңнің қызметін көтеріп, Есіл ауданындағы Ульянов атындағы кеңшардың орталығы Петровка селосына бөлімше басқарушысы етіп қояды. Құрамында Мәдениет пен Бірлік ауылдары болса да бұл кеңшардың орталық бөлімшесінде кілең өзге ұлт өкілдері тұратын. Ең көбі әрине орыстар. Үлкен жолдың

бойында қатарынан жатқан Явленка, Покровка, Петровка, Николаевка селоларының бәрінің де атаулары христиан діні әулиелерінің есімдері. Явленка бастапқыда тіпті «Богоявленка» болған. Демек осы линияның бойында орыс шаруалары көптен қоныстанған. Бұлардың арасына қазақ ауылынан көшіп келушілер де некен-саяқ болатын. Петровкада да солай, аталары ежелден орыстармен «тамыр» болып араласқан, бұрыннан тұрып келе жатқан 4–5 қазақ отбасы ғана болады. Кейбір іші тар орыстар Кеңес жылдарының өзінде кеудесін көтеріп, өздерін жұрттан артық санап, қазақты менсінбей қалатын кездері жиі болатын. Сол әдетпен кеңшардың директоры Е. Алпысбаев деген қазақ болса да өздерін басқаруға қарапайым ел адамының келгеніне олар қарсылық білдіріп, менсінбей қарайды. Бірақ Зәкеңнің адамгершілігін, жұмыстың мәнісін білетін іскерлігін, бағыныштыларына әділдігін, кісіге жақындығын көрген соң еріксіз мойындап, үйрене келе оны қатты сыйлайтын болыпты. Баласы Сансызбайдың айтуына қарағанда кейін талай орыстар «а, вы сын дяди Заркош?» деп елеңдесіп қалады екен. «Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық» дегендей әкесінің есімі талай рет көмегін де тигізіпті. Мысалы, Солтүстік Қазақстан университетінің бір деканы әкесін айтқанда, «ол аға бізге көмектескен еді» деп, қолдан келген көмегін жасап, мәселесін шешіп берген екен.

Қолында билігі бар адам халыққа көмек қолын созып, жанашырлық білдіріп тұрса – ондай адам өзінен-өзі жұғымды болып кетеді. Әсіресе, орыстар осындай адамдарды қатты сыйлайды. Зәркөш Тақыровтың адамгершілік қылықтары да петровкалықтарды біртіндеп баурап алады. Мысалы, Зәкең Петровкаға келіп, 2–3 апта

қызмет істеген кезде орыстың бір жалғызілікті кемпірі қайтыс болады. Жерлейтін ешқандай туысы жоқ. Содан көршісі келіп басқарушыдан экскаватор сұрайды. Қабірді сонымен қазып, кемпірді шұңқырға көме салмақшы екен. Мынадай безбүйректіктен шошып кеткен Зәкең дереу қарамағындағы үш бригадирге екі адамнан шығарып, қабір қазуға жіберуді бұйырады. Сосын барлық жұмыс істейтін адамдардан өзі бастап 3–5 сомнан жинатқызып, жалғызілікті кемпірді осы елге еңбегі сіңген деп адамша шығарып салады. Қазақ бастықтың бұл әділетті ісіне халық ашық айтпаса да іштерінен риза болып қалады. Міне, осындай шағын қайырымдылықтан Зәркөш Тақыров туралы жақсы пікір қалыптаса береді.

Кадр мәселесін шешетін аудандық партия комитеті Зәкеңе институтқа сырттай түсіп ал деп ақыл береді. Өйткені қызметін жоғарлату үшін ол кезде міндетті түрде жоғары білімнің дипломы керек. Жасы қырыққа жетіп қалған жігітке қайтадан студент болу оңай емес, бірақ Зәкең партияның талабынан шыға алмай, сол кездегі Целиноградтың ауылшаруашылығы институтының зоотехника факультетіне сырттай оқуға түседі. Бақылау жұмыстарын осындағы мектептің мұғалімдеріне жасатады. Әйтпесе, баяғыда оқыған химия, биологиядан бірнеше беттік бақылау жұмысын қарайып қалған адамға жазу да оңай емес.

1973 жылы аудандық партия комитеті 42 жастағы Зәркөш Тақыровты аудандық мамандандырылған бірлестік деп аталатын Қарағаш ауылына директор етіп жібереді. «Мамандандырылған бірлестік» деп аталатын себебі – мұнда негізінен мал бордақыланады. Әрбір ауданда осындай бір-бір шаруашылық болатын. Олардың

басты міндеті бордақыланған малды ет комбинатына үздіксіз өткізіп тұру.

Қарағаш бұрынғы Ленин, қазіргі Есіл ауданындағы атышулы қазақ ауылы. Бұл елден талай атақты адамдар да, талай бұзақылар да көп шыққан. Халқы ежелден пысық, құлағы түрік, еті тірі. Жастары сол жылдарда бір-бірімен сиыспай, топ-топ болып бірігіп, үнемі қырылысып жүретін. Бес-алтаудан бірігіп, өзара «банда» құрып алуға да құштар. Олардың «БАНКС», «МАКСОД», «МАНКС» деген сияқты атауларын ауыл аз болғандай аудан орталығындағы автостанцияның туалетіне дейін ерінбей жазып кететін. Бұл атаулар сол «бандыға» мүше болған балалардың есімдерінің бастапқы әріптерінен құралған қалаймақан. Сондайлардың бірі тіпті директордың баласы болса да орталарына Зәкеңнің ұлы Сансызбайды да қосып алып, бір бұзақылыққа ұрындырады. «Әкеңнің машинасын алып шығып қыдырайық» деген қыздырмамен директордың қызмет машинасын мініп кетіп, оны жеңіл-желпі арандатып, сол үшін әкесінен таяқ жегені де бар екен.

Сондықтан Қарағаш ауылы бір кезде, қазіргі тілмен айтқанда, ауыр орта саналатын. Осы ауылға директор болып барған Зәркөш Тақыров алты жылдай қызмет істейді. «Әкем қызмет істеген жылдардағы талай үлкен адамдар мені көрсе «Ә, сен Зәркөштің баласысың ба, келші маңдайыңнан иіскейін» деп өбектеп қалатын еді», дейді баласы Сансызбай.

Демек, Зәкең осындай қиын ауылға да жұғымды болған, бірде-бір адамды соттатып, қуғындамаған. Қандай бұзықтық немесе ұрлы-қарлық қылған адамдарды ол өзі қолымен-ақ жазалап, оқиғаны ұлғайтпайды екен.

Шаруашылықты да дөңгелентіп, халыққа да жақсылық қылып, ондаған әлеуметтік құрылыстар салғызады. Түменге, Қорғанға өзі шоферларымен бірге барып, сол жақтан етке құрылыс материалдарын, қосалқы бөлшектер әкеліп тұрады. Ол кезде директорлардың мінетіні халық «Бобик» деп атап кеткен алқам-салқам ГАЗ-69... Оның жүк машиналарынан айырмашылығы шамалы, алыс жолға жүрсең ұрып тастайды. Соған қарамай Зәкең бүкіл Сібірді шарлап шығады.

Қанша жерден жан аямай қызмет етсе де халықтың бәріне бірдей жаға алмайсың. Директор болған жылдарында ол осы ауылға 70-ке тарта тұрғын үй, клуб, дүкен, мектеп салдырған. Бөлімшесі болған Алқа ауылына бір жылда ғана 12 үй, клуб, кеңсе мен екі мал қорасын салдырады. Оны Қарағашқа қосып, ауылды жой деген облыстық ауылшаруашылығы басқармасының бастығы Показаньевтің тікелей берген бұйрығын орындамай, сөгіс естіген. Бұдан басқа күнделікті ағымдағы жұмыстар бар. Ол кездегі халық басы ауырып, балтыры сыздаса да директорға келеді. Тіпті отбасылық проблемаларын шешуді де директорға айтады. Шаруашылықтан басқа мектеп, клуб, дүкеннің дұрыс жұмыс істеуі де директорға байланысты. Осынша салмақ әрине, адамға аз емес. Сондықтан денсаулығы қанша мықты болса да өзі толық адамның жүрегіне салмақ түсіп, ол инфаркт болып қалады...

Сөйтіп, алты ай ауруханада емделеді. Бұл кезде баласы Сансызбай Омбы қаласындағы мемлекеттік малдәрігерлік институтында оқиды. Үйде әйелі Ұлпаш жалғыз болады. Сондықтан інісі Жақсылық жеңгесін туған ауылы Сарманға көшіріп алады. Ал ауруханадан шығып келген соң

аудан басшылары Зәркөш Тақыровқа кеңшар орталығы Спасовкадан кең үй бергізеді.

Ауруханада ұзақ жатып, мүгедектік алып, үйден алысқа шыға алмай, көңілі құлазыған бір сәтінде ол мынадай бір ауыз өлең шығарыпты:

*Бір кезде Зәркөш едім атым шыққан,  
Бұл күнде айрылдым ғой денсаулықтан.  
Жүрекке суық тисе үйден шықпай  
Мен болдым кәрі арыстан желден ыққан.*

«Туған жердің түтіні де ыстық» дегендей Зәкең ауылына келген соң аздап жүре бастайды, сөзі де түзеледі. Осы кезден ол ауыз әдебиетін жинауды да үдетеді. Біздің қолымыздағы Сегіз серінің өмірі мен шығармашылығын жинаған жасыл блокнаты нақ осы – 1978 жылы басталыпты. Әдемі өрнекті жазумен толтырылған бұл блокнот толығымен Сегіз серіге арналған. Әттең «халық аузынан» деген жазбаларды нақты кімнен алғанын немесе қандай газет-журналдан көшіргенін көрсетпеген.

Осы ауырып жатқан жылдарынан бастап ол барлық күш-қуатын ауыз әдебиетінің мысалдарын жинауға және арасында өзі де өлең, жыр жазуға арнаған сияқты. Соның ішінде Қожаберген жырау, Сегіз сері, Тоқсан би, аға сұлтан болған Есеней, Сексен батыр, Шәрке сал, Шағырай шешен және т.б. жайлы жинаған еңбектері көп. Оның кейбірін облыстық газеттерге бастырады.

Сегіз сері жайлы Социал Жұмабаев пен Қайролла Мұқанов шығарған жинақта Зәркөш Тақыров жинаған деректердің бәрі болғандықтан біз оны қайталамадық. Айта кететіні, белгілі екі ағамыз өздерінің кітабын жазып

жүргенде Зәркөш Тақыровпен кездесіп, оның да жинаған дүниелерін алған. Сөйтіп, үшеуі шығармашылық одақ құрған.

Арасында өзінің анасы мен жарына, баласына, жақындары мен туыстарына, жора-жолдастарына арнау өлеңдер де шығарып отырыпты. Соның ішінде «Анама» деген өлеңінде былай дейді:

*Ардақты ана атыңа табынамын,  
Ардақты есіміңе жыр жазамын.  
Отырсаң төр алдында ақыл айтып  
Өмірде көрмес едім нала мен мұң.  
Ардақты ана атыңды қылам пырақ,  
Алыста армандаумен жүрсем жырақ,  
Өмірде күш-қуатым сарқылмайды  
Атыңды әсем әнмен жүрсем жырлап.*

Сонымен бірге өмірде даналыққа ұмтылып, жастарға айтқан нақыл өлеңдері, өмірден түйген пәлсапалық ойлары да бар. Олардың ұйқасы мен көркемдігі шебер болмаса да айтылатын ойларының тереңдігі көрініп тұрады. Осы жылдардан әрі дін жолына да қатты түсіп, уағыз тыңдап, құранның сүрелерін жаттап, бұрынғы коммунистік, атеистік сананың бұрыстығына көзі жетіп, Алланың тура жолына да бет бұра бастайды.

1980 жылы баласы Сансызбай Омбы қаласындағы оқуын бітіріп, мал дәрігері мамандығын алып елге оралады. Сондағы қуанышта баласына арнап шығарған өлеңі мынадай:

*Дипломың құтты болсын жаным Сәкен,*

*Денің сау боп, аяғыңды басшы бекем.  
 Азамат боп өмірге жолдама алдың  
 Қызығын өміріңнің көрсін әкең.  
 Адал жүріп, қызмет қыл Отаныңа,  
 Қосылып жақсы азамат қатарына.  
 Міндетін өкіметтің және орындап  
 Аман сау сен оралшы қотаныңа.  
 Саған арнап айтарға бір тілегім,  
 Сендерсіңдер менің де бір тірегім.  
 Алыс сапар жүргенде еске түссе  
 Елжірейді бұлағайдай ет жүрегім.*

Баласы Сансызбай Жамбыл ауданындағы Жамбыл кеңшарына мал дәрігері болып тағайындалады. 1982 жылы баласы Алма деген қызға үйленіп, сонда жасаған тойында келінге арнап шығарған өлеңі:

*Келін түсті деген соң келіп тұрсыз,  
 Қызығын жас жұбайлар көріп тұрсыз.  
 Ақ сүт емген Алланың құлы болса  
 Ата-анасын сыйлайды деп сеніп тұрмыз.  
 Құтты болсын Алмашкем келген жерің,  
 Үлгі алшы жақсылардан көзің көрген.  
 Екеуің тату-тәтті өмір сүрсең  
 Риза болып отырмай ма ата-енең.*

Той 1982 жылдың 1 майында болған екен. Осы кеңшарда Сансызбай Зәркөшшұлы да абыроймен жұмыс істеп, 1986 жылы директорлар дайындайтын Алматыдағы 6 айлық курсқа оқуға жібереді. Қарағанды, Батыс Қазақстан, Талдықорған және Солтүстік Қазақстан облыстарынан

келген 44 жігіттің бірі болып, курсты жақсы аяқтап елге келеді. Ауданның сол кездегі бірінші хатшысы Шәймұрат Смағұлов марқұм Сансызбайға алдымен аупарткомның нұсқаушысы бол деген ұсыныс жасайды. Бұл кадрды жоғары көтерудің алғашқы баспалдағы болатын. Бірақ Сансызбай әке-шешесі, бала-шағасы бар үлкен отбасына аудан орталығынан лайықты үй берілмеген соң көше алмай, Жамбыл кеңшарындағы қызметінде қала береді. Артынан ауылдық кеңестің төрағасы болады.

Зәкең бұл жылдарда ауылдың ұйытқысы болып, ақсақалдармен бірге ұлттық дәстүрді таратуда қоғамдық белсенділік танытып жүреді. Ел аузынан жинаған деректерін, өзінің естеліктерін мектептің мұғалімдеріне, оқушыларға, өлкетанушыларға таратып, кейбірін газет бетіне шығарып елге танымал болады. Бірақ осы күндерде оның аузынан елге жақындайық деген бір сөз жиі шығатын болады. Көрші ауданда отырса да ол туған елге жақын жерде жетуді аңсай береді. Бұл қазақтың есті-басты адамдарының ежелгі мұңы болатын. Басқа жердің бәрі жақсы болса да олар үшін туған елге ештеңе жетпейтін. Қазір осы дәстүр де қалып келеді.

Баласы Сансызбай әкенің тілегін орындап, Сарманға немесе оның маңындағы Қоржынкөлге көшуге көнеді. Өзі істеп жүрген ауылдық округтың әкімі қызметінен шығуға да арыз беріп, әкесін үй қарап келуге жібереді.

Жамбыл мен Сарманның арасы турасынан жүрсе 100 шақырымдай ғана болғанымен тура жол жоқ, алдымен аудан орталығы Жекекөлге, одан Ебей (*Троицк*) деген ауыл арқылы елге жету керек.

Үй қарау мақсатымен Зәркөш ақсақал Ебейдің жолына жаяу шығып, ала кететін көлік күтіп тұрса Троицк

селосында орналасқан Жамбыл аудандық мамандандырылған шаруашылығының директоры Петр Каппес кетіп бара жатады. Ол ақсақалды көріп, машинасын тоқтатып, түсіп амандасып, мінгізіп алады. Қазақ «жақсылық жасаң да алдыңнан шығады, жамандық қылсаң да алдыңнан шығады», дейді. Осы сөздің имандай шын екенін Зәркөш Тақыров пен Петр Каппестің арасында болған оқиға көрсетеді.

Зәкең мен Каппестің танысуы қызық. Петр Каппес оқу бітіріп келіп, «Заградовский» кеңшарының МТМ-сына (*машина-тракторная мастерская*) шеберханалар бастығы болып орналасады. Бір күні К-701 тракторының істен шыққан двигателін ауыстыруға тура келіпті. Механизаторлар митындап, Каппестің басқаруымен моторды ауыстырып, майын құйып, енді от алдырамыз дегенде түс болып, жігіттер түстіктен келгесін көрерміз деп үйлеріне кетеді. Каппес те үйіне кетіп, түстен кейін келсе алдымен келгендердің бірі тракторды от алдырып қойыпты. Ұзамай трактордың үні өшеді. Сөйтсе двигательдің астындағы пробка тығыз бұралмаған екен, содан тамшылап, жөндеушілер түскі астан келгенше майының бәрі ағып кеткен екен... Жаңа мотор бірден қызып кетіп, істен шығады.

Содан айғай-шу басталады. Негізгі кінәлі адам Каппес болып шығады. Ісі сотқа кетіп, бәлен жыл отыру қаупі төнеді. Өйткені К-701-дің су жаңа моторы өте қымбат тұратын.

Қанша ұрысса да жас маманға жаны ашыған директор Корцовский: «бір КамАЗ-ды алып, Қарағашқа барып қайт, оның директоры Зәркөш Тақыровты мен жақсы білемін. Онда К-701-дің бірнеше жаңа моторы запаста тұратын. Түменге ет апарып, айырбастап алып келген. Алдымен

менен сәлем айт, сосын болған оқиғаны жасырмай жеткіз. Көмектесуін сұра, сол ғана сені құтқара алады. Ал бермесе өзіңнің сорың, мен сені алып қала алмаймын», – дейді.

Содан қу жанды шүберекке түйіп, Каппес Қарағашқа тартады. Тақыров өздеріне ауадай қажет жаңа моторды танымайтын бір немісті құтқару үшін бере сала ма? Ал бермесе Каппестің болашағына балта шабылды деген сөз. Қызметтен шығарып қана қоймайды, сотқа беріп, түрмеге де жабуы мүмкін. Сотталса партияға да алмайды, ал бұл өмір-бақи қызметте өспейді деген сөз.

Жол бойы өз тағдырын уайымдаған Каппес осыларды ой елегінен өткізгені хақ. Қарағаштың көшесіне кіріп, кеңсенің қайда екенін сұрап, алдына келсе, одан еңгезердей бір қазақ апыл-құпыл шығып, Газ-69-дың есігін аша береді. Директордың осы екенін сезген Каппес оның шалғайына орала кетеді. Ана кісі қазір уақытым жоқ, райком тез жет деп жатыр, 2–3 сағаттан кейін келемін, күте тұр деп кете барады.

Арада 3–4 сағат өтіп, ақшам ауғанда директор да қайтып келеді. Мұның тосып отырғанын көре салып, «әлі отырсың ба, тамақ іштің бе» деп сұрайды. Бұл жоқ деген екен, кеңсеге кіріп, бір қағаздарын тастап шыққан директор «мен де тамақ ішкен жоқпын, жүр үйге», – деп ай-шайға қаратпай үйіне алып келеді.

Күні бойы уайымдап, тамаққа да зауқы болмаған адамды Зәкең әңгімеге тартып, келген шаруасының жайын түк қалдырмай сұрап, бәрін біліп алады. Өзіне жылы сөйлеп, жақын тартқанынан үміттенсе де Каппес әлі де ішінен қорқып отырады. Зәкең болса талабы бар жас жігіттің қатты уайымдап отырғанын көріп, «қорықпа, темір адам емес табылады, адам жоғалмасын» деп арқадан қағады.

Сол кезде байғұс Каппестің көзінен жас та шығып кеткен болу керек...

Үйінен тамақтандырып алған соң «өзара көмек ретінде босатылсын» деген бұйрық беріп, «Заградовский» кеңшарына қоймада тұрған К-701-дің жап-жаңа моторын беріп қоя берген екен...

Есі бар адам мұндай жақсылықты ұмыта ма? Каппестің Зәкеңді көргенде машинасынан түсіп, сәлем беріп жатқаны да сол екен. Бұған дейін кездесе қалса да баратын жеріне жеткізіп тастауды әдет қылыпты. Спасовкада тұратын інілеріне де Каппеске айтып, талай көмек жасатқан екен. Бұл жолы Петр Емануилович ақсақалдан барыс жайын сұрайды. «Қартайып келемін, елге жақындайық деген едім. Балам Жамбыл кеңшарындағы жұмысынан шығады. Енді Сарманнан немесе Спасовкадан үй қарауға шықтым», – дейді ақсақал.

Бұл кез Горбачевтің «Қайта құру» дәуірі өрлеп, елдің шекарасы ашылып, немістердің Германияға қарай аттың басын түзеген уақыты болатын. КСРО-да қанша жақсы тұрса да олар да туған еліне қайтуды жөн көрген. Оның үстіне сол аумалы-төкпелі заманда бізде күнбе-күн қажетті дүниелердің бәрі қат болып кеткен. Ал Германияға барса ондайдың иісі де болмайды, бәрі ағыл-тегіл, оның үстіне неміс өкіметі көшіп келгендерді қолдауға миллиондаған марка қарастырған. Енді көшпей несі бар?

Сол лекпен Каппестің қызы да көшкелі отыр екен. Ал немістердің үйі туралы айтудың өзі артық. Бәрі жайнап тұрғанымен қоймай оларда жанға қажетті барлық дүниелері жасалып қояды. Ауланың қақпасына, қораның есігіне дейін кнопкамен ашылатын қылып істейді. Моншасы, гаражы дегендер де сақадай сай. Қора-қопсысы да

*Мен өзім 70 жасқа жеткенім жоқ,  
Ақындардан сөз ұрлап кеткенім жоқ.  
Көзбен көрген шындықты жазғаныма  
Қуанышпен жүремін, көңілім тоқ.  
Шығарған бұл өлеңді Зәркөш атым  
Тақыр, Өсіп, Елеусіз – арғы затым.  
Арттағы ұрпақтарға естелікке  
Жыр қадірін білсе деп жазған хатым...*

Зәкең көшіп келген «Троицк» ауылы аты айтып тұрғандай христиан дінінің сөзі. Христиандарда Құдай жалғыз аталмай, «Отец, Сын, Святой дух» деген үш түрден (лица) тұрады. Оларды «Троица» деп атап, сиынғанда осы үшеуі қатар аталады. Ал ислам дінінде тек Алла ғана аталып, барлық мадақ, сыйыну, құрмет соған арналады. Егер оның жанына тағы біреуді қоссақ, ол үлкен күнә, Құдайға серік келтіру, ширк деп есептеледі. Осы себепті қазақтардың бұрыннан медет сұраған аруағын да соңғы кездері айтпайтын болдық.

Міне, «Троица» деген солай, құдайдың үш бірлігі деген сөз. Осыдан-ақ бұл ауылда көшіп келушілер көп болғанын біле беріңіз. Құдайды жоққа шығарған Кеңес одағы жылдарында коммунистер мұндай атауларды біздің Солтүстікте неге екені белгісіз, жоймаған. Облыс орталығы Петропавлдың өзі христиан дінінің әулиелері Петр мен Павелдің атын алған. Покровка, Петровка, Николаевка дегендер бірнешеуден. Осының үстіне Святодуховка, Благовещенка, Спасовка, Архангелька дегендер де жетерлік. Осылардың бәрі христиан дінін уағыздап, халыққа оны тарата беру мақсатымен қойылған дүниелер. «Шаш

ал десе бас алатын» шолақ белсенділер неге осыларды өкіметке көрсетіп, көзін жоймағанына таң қаласың. Қаншама ғұлама молдаларды, имамдарды, қариларды, тіпті христиан дінінің поптарын да «контрреволюциялық саясат жүргізеді» деп жойып жатқанда атауларға тиіспегені қызық. Осының түбінде қазақтыкін жойсақ та орыс құндылығын қорғауымыз керек деген жымысқа саясат жатқан сияқты.

Троицк селосын тұрғызған көшіп келушілер Ебей көлінің жағасына қоныстанып, мекен салған. Сондықтан қазақтар бұл ауылды Ебей деп атайды. Бұл көл ауылдың шеткі қоныстарын орталықтан бөліп тұрады. Сондықтан көлдің арғы бетін тұрғындар «Сахалин» дейді.

Мұндағы көшіп келушілердің біразының осы аймаққа бұзықтығымен аты шыққан. Өздері тілді келеді, шағын ауылдың шет-шетіне «собачий хутор», «качерга», «грибоедов» деген секілді атаулар да берген. Соңғы Грибоедовты жұрт «Горе от ума»-ны («Ақылдың азабы») жазған орыстың белгілі жазушысы деп ойлап қалуы мүмкін. Бірақ олай емес, бұл жерге салынған ағаш үйлердің сәкісін ақ құрттар (орысшасы грибы) жеп, талай отбасыларға зиян шектірген екен. Осы себепті айтқыштар ауылдың сол бөлігін «грибоедов» атап кетіпті...

Ауылдың іргесін Ресей мен Украинадан келген «қарашекпендер» құрағандықтан мұнда қазақ тұрғындар соңғы уақытқа дейін мүлде аз болды. Тек орыстармен ежелден «тамыр» болып кеткен 5–6 отбасы ғана отырған. Бірақ кейін қазақ тұрғындар көбейді. Германия мен Ресейге қоныс аударушылар да көбейіп, ауылда үйдің бағасы арзандаған соң және мұнда әлі мал болып, жұмыс орындары жойылмаған соң қазақтар көшіп келе бастаған. Троцкінің

жанында Орталық деген іргелі қазақ ауылы бар. Бұл ауыл да барынша атақты, елге танылған біраз адамдар да шыққан. Сол жылдарда кеңшар орталығы болмаған қазақ ауылдарында бала саны артығымен болса да онжылдық мектеп ашылмайтын. Бұл да болса қазақ балаларының мектепті толық бітіріп, жоғары оқу орындарына түсуіне кедергі келтіруді көздеген кеңестік шовинистік саясаттың жымысқа аяласы еді. Бірақ соған қарамай Орталық ауылы өздерінде екі қабатты мектеп салдырып, онжылдық ашқан сирек ауылдардың бірі болған. Міне, осы Орталықтың да көптеген тұрғындары Зәркөш Тақыровтың отбасы көшіп келердің алдында Троицкіге қоныс аударған. Қазақтардың негізі бөлігі солар болатын.

Бұлар Керейдің Бике деген атасынан тарайтын ұрпақ. Сөзге де, іске де ширақ, көбі пысық болып келеді. Өзіндік салт-дәстүрлері де бар екен. Сырттан көшіп келген Зәкеңнің отбасы алдымен олардың «Шеке беру» деген дәстүріне таң қалады. Мұнысы кәдімгі «соғым етіне» шақыру деген ғой. Бірақ бикеліктер мұндайға арақ қоймайды екен, келгендерді алдымен сонысы қызықтырады. Арақ ішіліп, сөздің де, көздің де мәні кете бастаған отырыстар кемінде 3–4 сағатқа созылса, «шекеге» келгендер айналасы 1–2 сағаттың ішінде дәм татып, тарап кетеді екен. Ауылдың қазақ тұрғындары көбейіп бара жатқан соңғы жылдары «шекеге» үлкендерді бір бөлек, жастарды бір бөлек шақыру орын алыпты. Арасы 12 шақырым жердегі, негізінен Керейдің Балта мен Тарышыдан тараған Әлдеберлі-Шағалақ аталарының ұрпағы қоныстанған Қоржынкөлде мұндай салт мүлде жоқ, ал ол басқа ауданға қарайтын Ебежде кеңінен жайылған екен. Қазақтың «әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» дегені сол, әне...

Елдің тәуелсіздік алуымен алыс түкпірде жатқан осындай мекендерде де ұлттық құндылықтарды ұлықтау орын ала бастайды. Алдымен қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алуы себепті мектепте қазақ сыныптары ашыла бастайды. Зәкең өзінің немерелерін алғашқылардың бірі болып соған береді. Мектептің директоры Нина Николаевна Орлова деген 30 жыл директор болып істеген адам екен, ол жаңа тәртіптерге қарсы болмай, мүмкіндігінше жағдай жасауға тырысады. Қазақтың ежелгі тұрмыстық құралдарын, шаруашылық заттарын, ою-өрнегін, зергерлік бұйымдарын, ас-су ерекшеліктерін таныстыру үшін мектепте арнайы бөлме беріп, оған киіз үй формасында музей ашып, оны ұлттық нақыштармен безендіріп, қазақ иісін шығартып қояды. Мұндайға ақыл беретін, ұсыныс жасайтын білікті адам керек қой. Оған Зәркөш Тақыров ақсақал дәс бола кетеді. Ақсақал өз білгенін жастарға білдіруден жалықпайды. Киіз үйдің шаңырақ, кереге, уық, түндік, адал бақан сияқты дүниелерін, тұрмыстық киіз, алаша, сырмақ, кілем сияқты төсеніштерін, қол диірмен, келі, келсап, аяқ, табақ, ожау, күбі сияқты бұйымдарының бәрін жинауға, олардың қандай қызметтер атқаратынын жастарға түсіндіруде Зәкеңнен білгір адам болмайды. Сонымен бірге ат әбзелдерінің ерекшеліктерін, ертоқым, жүген, нокта, айыл, өмілдірік, құйысқан, таралғы, үзеңгілерді таныстыруда да оның пайдасы шаш-етектен болады. Сөйтіп, Зәкең Троицк мектебінің этнография бойынша іздеп таптырмайтын кеңесшісіне айналады. Мектеп директорының орынбасары Салтанат Байғаскина да оның ақыл-кеңесін алу үшін үнемі мектепке шақыртып отырады. Осы мектеп оқушыларының этно-мәдени көрмелерге жасаған бұйымдары да аудан, облыста үнемі

бәйге алады. Ақсақалдың мектеппен етене болып кеткені сондай, онда айт намазы сияқты үлкен діни шараларды өткізуге де рұқсат алады.

Ауылдағы ақсақалдардың дінге бұрылып, намазға жығылуына да Зәкең ұйтқы болады. Бірнеше сүренің аяттарын өзі жаттап алуымен қоймай кириллицаға түсіріп, басқаларға да таратып, үйреніп алуларына ықпал етеді. Отырған жердің бәрінде ол өз білгенімен уағыз айтып, халықтың діни көзқарасын кеңітуге тырысады. Сонымен бірге өзі жинап жүрген ауыз әдебиетінен, Сегіз сері, Тоқсан би, Шағырай шешен, Шәрке салдардың өлеңдері мен жырларын таныстырып, жұрттың рухани танымын арттырады. Тарихи әңгімелер де айтып, Қожаберген жыраудың, Есеней аға сұлтанның, Сексен батырдың т.б. тарихи әңгімелерін де халыққа білдіреді.

Осындай ақсақалдың бар екенін естіген ауданның сол жылдардағы басшысы Шәймұрат Смағұлов Зәркөш Тақыровты ақыл-кеңес керек болғанда арнайы көлік жіберіп алдырады екен. Марқұм осы Шәймұрат Смағұлов ағамыз да руханилығы бар, жол мен жөн білетін білікті адам еді. Шаруашылықты да біршама жақсы білген. Осы Троицк кеңшарында шұжық зауытын ашқызып, ол біршама жыл қызмет атқарғаны бар.

Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтың 90 жылдық тойларын ұйымдастыруда Ш. Смағұловқа Зәркөш ағамыздың кеңестері мен ақылдары пайдасын берген. Қожаберген жыраудың басын көтеріп, кесене салуда да Зәкең көп ұсыныстар айтқан. Жалпы, Жамбыл ауданындағы ту ұстаушы білікті ақсақалдарының бірі осы Зәркөш Тақыров болады.

Аудан басшылары Наурыз тойын өткізгенде немесе басқа да ұлттық шараларда ақсақалдардың қатарында төрге отыруға үнемі Зәкеңді алып барады.

1993 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Тимирязев ауданындағы Белоградов кеңшарына Моңғолиядан бір топ қазақ отбасылары көшіп келді. Сол жылдардағы өкіметіміздің ісіне осы күнге дейін риза боласың. Моңғолияға бірнеше КамАЗ-дар жіберіп, көшіп келетіндердің дүние-мүлкін тегін жеткізді, ал өздерін бала-шағасымен ұшақпен тасып, әкелген еді.

«Алыстан алты жасар бала келсе алпыстағы қария аттан түсіп сәлем берер» деген салтпен барлық аудандардан оларға ақсақалдар бастаған делегациялар барып, «хош келдіңіздер» айтып, сый-сияпаттар, тарту-таралғылар жасаған. Жамбыл ауданының сондай делегациясының құрамында аудандық мәслихаттың хатшысы Таңат Сүгірбаев, аудандық газеттің редакторы Әсет Мұстафин және Зәркөш Тақыров ақсақал барған екен. Көшті бастап келген ақсақалдарды елдеріне шақырып, ерулік бергенде де Зәркөш ақсақал ұйымдастыру шараларының басында жүреді.

Осы кісілерден кейін ақсақалдардың ақылын алу, кеңесін тыңдау деген сияқты қазақтың ежелгі дәстүрі де ұмытыла бастады. «Алпысқа келгеннен ақыл сұра» дегенді қазіргі кейбір жастар «алпысқа келгеннен ақыл сұрама» деп бұрып алыпты. Жас басшылар өздерінің білгендерін қылып, үлкен мәдени шараларға ақылман ақсақалдарды араластырмайды. Ондай шаралардың сиырдың бүйрегі құсап жымдаспайтын дүниелері көзге ұрып тұрады. Сөз танырлық, жөн мен жоба танырлық адам болса ондайды көріп тұрады... Мысалы, үлкен жазушылардың тойына

Алматыдағы Жазушылар одағынан арнайы келген делегациясының басшысына алдымен сөз бермей облыс әкімі немесе оның орынбасары, тіпті аудан әкімі сияқты шенеуніктерге сөз беріп, жолды бұзып жатады... Ал жөн білетін адам болса мұндайда дұрыс ақыл айтқан болар еді.

Троицк мектебінің қазақыланып, заң жүзінде аралас мектепке айналуына директоры Нина Орлова, оның орынбасары Салтанат Байғаскина тер төксе, рухының қазақылануына Зәркөш Тақыров ақсақалдың сіңірген еңбегі зор екенін жоғарыда айттық. Бұрын бұл мектепте қазақ рухы түгіл тілі естілмейтін болса енді оның ішінде балалар ана тілінде сөйлеп, жылылық пен мейірбандылық та енеді.

Осы мектептің ішінде «Атамекен» ордасының ұйымдастырылуына Зәркөш ағамыз ұйытқы болып, Троицк, Орталық ауылдарынан соғысқа қатысып, қаза тапқандар мен елге аман келгендердің де тізімін жасатып, олардың есімдерін арнайы стендке жазғызады. Жеңіс күнінде мектептегі мерекелік шараға барлық тұрғындар да қатысады екен. Сөйтіп жас өрендерге батыр ұрпақты танытып, олардың ерліктерімен таныстырады. Орден-медальдарын таққан талай соғыс және тыл ардагерлерінің әңгімелерін естіртеді.

Жамбыл ауданының қай ауылында мешіт ашылса, құдайға құлшылық ету шаралары, адамдарға ас берілсе – сол жерде Зәкең де жүреді. Танымал ақсақалды жабдық өткізген барлық ауыл арнайы шақырып, кейбірі тіпті көлікпен алдырады. Аудан орталығы Жекекөл (*орысша атауы әлі күнге «Благовещенка»*) ауылында мешіт ашылғанда да құрметті ақсақалдардың арасында Зәркөш Тақыров отырады. Оның елді имандылыққа шақырған

сөздері, дін Исламның қасиеттерін айтқан уағыздары тыңдаушыларға барынша ұғынықты, түсінікті болады. Бұл туралы аудандық «Ауыл арайы» газетіне де жазылған.

Ал Наурыз, Тәуелсіздік күні, Қарт адамдар күндерінде де ақсақалдардың қатысуымен шаралар ұйымдастырылады. «Атамекен» ордасы ауылдағы жалғызілікті қариялар мен мүгедектерге қол үшін беріп, қайырымдылық көмектер де жасайды. Сөйтіп мектеп оқушыларының жүрегіне мейірімділікті себуге ықпал етеді. Осы істердің басы-қасында қажымай-талмай Зәркөш аға жүреді. Атқарылған жұмыстар туралы ол баспасөз бетіне мақалалар шығаруға да ерінбейді. Ауыл тұрғындары да оған құрметпен қарайды. Ақсақалдың 70-ке келген мерейтойында мектеп директорының орынбасары Салтанат Байғаскина Жамбыл аудандық «Ауыл арайы» газетіне құттықтау мақала беріп, осы істердің біразын айтыпты. Біз төменде осы мақаланың көшірмесін беріп отырмыз:

Зәркөш ағамыз 2001 жылы осы ауылда 70 жылдығын атап өтіп, ағайын-туыс, бауырға, ел-жұртқа үлкен той жасайды. Бұл уақытта бассыз жекешелендірудің кесірімен «Троицк»-нің шаруашылығы да құлазып, малдың саны азайып кетеді. Консерві зауытының да жұмысы жүрмей қалады. Сол кезде Сансызбай Зәркөшұлы Солтүстік Қазақстанда үлкен бизнесмен болған Қанат Дүйсенбаев марқұмның «Әл-Фараби» фирмасына жұмысқа тартылады. Алдымен «Қайранкөл» элеваторында қызмет істейді, артынан Жамбыл, Суаткөл ауылындағы шаруашылығына директор етіп тағайындалады. Осы себепті Троицкідегі тамаша үйін сатып, көшуге тура келеді. Бірақ Жамбылға қайтадан әке-шешесін апармай оларды Қызылжардағы университетте оқитын үлкен қызына қосып, көпқабатты

# ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ЖЫРШЫСЫ

Ауыл ардагери - 1982-жыл



шаруашылык көрмөсүнө катышып, елден шөткө шыккан. Мине, сол көрмөдөн кейін өсөй эраи аала еңбегі жанып, абырой-бедел күнінө-күңтө өсө берген. Ауылында завхоз, бригадирлик кызметтерін аткарып, 1961 жылы Ленин ауыл шаруашылык техникумына аудандык партия комитетинин жолдамасымен кабылданган. Оны үш жылда бітіріп Николаевка кеңшарының бірінші бөлімшесинде 1971 жылга дейін зоотехник болып істеген. Екі жыл Ленин ауданының Ульянов кеңшарының бірінші бөлімшесі Петровкада бөлімше баскарушысы кызметін аткарган, содан кейін сол ауданда Караганш кеңшарында совхоз директоры болып кызмет аткарган.

Казір Зөркөш атай бөлімшесімен бірге бала-шага немерелеринин тілегін тілеп отыр. Осы бір ел сипаган карьераны талай мектеп жинадырында, мерекелерде жип кездестіреміз. Қандай жағдай болса да өзінің табиғи сабырлылығын сақтап, жүзінен жылылықтың лебі өсіп, кейінгі ұрпаққа ақылын айтып, үлгі-өнегесін көрсетіп елінің ұйтқысы болып отырған Зөркөш атайдың ұйымдастыруымен биыл "Рамазан айт намазы" мектептің "Атамекен" ордасында өткізілді. Осы кісі құрастырған "Орталық ауылының боздақтары" атты стейд "Атамекен" төрінен орын алды. Тұрмысы жүкаларға қайырымдылық көмегін көрсетуді де ұмытпайды.

Сыйластығы жарасқан жануарның ұйтқысы, үлкен, жас, көріге үлгі болып жүрген еңбек ардагері, зейнеткер атайға айтатын тілегіміз.

Құтты болсын жетпіс деген жасыңыз,

Денсаулық боп жүздеп тағы асыңыз,

Бұл өмірдің қызғыны еш тоймай, Көл-көсір боп қуаныштан тасыңыз!

С. БАЙҒАСКИНА

Троицк мектебінң мұғалімі.

Троицк кеңшарының тұрғыны Зөркөш Елеусізұлы Тақыров атай биылғы жылы 70 жасқа толды. Газет оқырмандарына осы кісі жайлы дерек ұсынуды жөн көрдік.

Зөркөш ата 1931 жылы Ленин ауданына қарасты Сарман ауылында дүниеге келген. Алты жасында сол ауылдың мектеп табалдырығын аттаған. 1941 жылы Ұлы Отан соғысының басталуы салдарынан төрт жылын аяқтап, әрі қарай оқуына мұршасы болмаған. Әкесі Елеусіз, оның інісі Сағымбай екеуі де әскер қатарына алынған. Осы ауыр жылдары сүйегі әлі қатпаған, уыздай жас балаға шешесі Бәзіләмен бірге колхоз жұмысына араласуына тура келеді. Сол жылдардан бастап ауыл шаруашылығында өгіз, сиыр жегіп жер жырту, егін салу, бұзау бағу, шөп шөбу, егін ору, трактордың рөліне отыру сияқты қандай жұмыс болмасын бәрін де өз қолынан өткізген. Ақыры қой бағу жұмысымен айналысып шопан атайына не болған.

1957 жылы шопан бодып жүргенінде Зөркөш ата тамыз айында Москвада өткен ауыл

үйден жайлы пәтер әпермекші болады. Сөйтіп, әкесі мен шешесінің қолын жылы суға малып, мектепте алтыншы сыныпта оқитын қызы – бәрін де сонда тұрғызбақ болады. Бірақ оған әке-шешесінің көңілі аса соқпайды. Туған жерін қайда жүрсе де аңсап жүретін ердің жүрегі алысқа кеткенді қаламайды. Кем дегенде айына бір рет жүрегі елжіреп Сарманға соғып тұратын басы қаланың тас үйіне қамалғысы да келмеген тәрізді. Оның үстіне «аңдыған жау алмай қоймайды» демекші жүректен жабысқан кесел де өршеленіп, 71-ге шыққан шағында, 2001 жылы Зәркөш Тақыровты өмірден алып кетеді... Сүйегі туған ауылы – Сарманға жерленген.

Зәркөш ағамыздың буыны қазақ өмірінен талай қасиетті де өздерімен бірге алып кетті. Оның ең біріншісі кіндік қаны туған жерге деген сүйіспеншілік. Дәл осы ұрпақтай туған жерді енді ешкім де сүйе алмайды. Өйткені бұлардың қаны мен жаны, көзінің жасы туған топыраққа әбден сіңді... Оларға туған жердің әрбір бұтасы мен төмпесі ыстық. Соны бір көріп, көдесін қолымен бір сипау бұларға үлкен күш беретін. Алда-жалда ұзақ жылдар бойы ажырап қалып, сағынып келетін болса мұндай кісілер қара топырақты да иіскеп, жерді құшып, шөбін сүюге де әзір болатын. «Жер – ана» деген қасиетті түсінік әсіресе осы ұрпаққа қатты сіңірілген еді. Сондықтан да олар туған жерді қатты сағынатын.

Екіншіден, ендігі жерде қазақтың дәмді сөзбен, шешен тілмен айтылған тарихы мен шежіресіне дәл осы кісілердей ешкім мән беріп, қызықпайды. Қазіргі ұрпаққа онда айтылған дүниелердің бәрі ертегі сияқты көрінеді. Ақпараттық құралдардың жетілдірілуімен түні бойы қисса, жыр айтатын ақсақалдардың өнері де тарихтың

қалың қатпарларына кетті. Ондайды тыңдайтын соңғы ұрпақ та өмірден өтті.

Үшіншіден, осы буын үлкендерге деген зор құрметті, олардың тек жақсы қылықтарын, дұрыс істерін ғана көруге тырысатын сыпайы сыйластықты да өздерімен бірге ала кетті. Зәркөш ағамыздың жазғандарынан Сарман ауылындағы ақсақалдар мен әжелер, ағалар мен апалар тек жақсы адамдар, көмек қылуға, ақыл беруге, қайырым жасауға дайын тұратын адамдар сияқты көрінеді. Қазіргі ұрпақ олай емес, олар адамның жаман қылықтарын да айтып, балалары мен немерелерін ұялтуға да әзір тұрады.

Төртіншіден, құрдастардың қалжыңы сияқты тамаша салтты да Зәркөш ағамыздың қатарластары өздерімен бірге ала кетті. Қазіргі адамдар арасында бұл салт өте сирек кездеседі. Көбі оны сақтамайды, өмірге «құрдастар қалжыңы» не екенін түсінбейтін ұрпақ келді. Ал бұл қалжың өзара ұтқырлық, тапқырлық, шешендік, режиссуралық білгірлікке де баулитын қызық ойындар еді. Сонымен бірге бұл қалжың құрдастар арасындағы жақындықты, сағынышты өмір бойы сақтаған.

Міне, сондықтан да адамдардың бүтінгі буыны бұл ағаларымызды ұмытпай, олардың адамгершілік қасиеттерін жалғастырып, кейінгі ұрпақтарға жеткізуге тырысуымыз керек.

### **Зәркөш Тақыровтың ұрпағы:**

Баласы Сансызбай мен келіні Алма. Олардан туған немерелері: Ақмарал, Анар, Жанар, Жанарбек; Ақмаралдың күйеуі Марат, олардың Аңсар, Иман; Анардың күйеуі Александр, олардың Руслан, Артур; Жанардың күйеуі

Рамазан, олардың Әсия, Аяла, Ғазиза деген балалары бар. Жанарбектің келіншегінің есімі Әйгерім.

**Бір әкеден туған бауырлары:**

**Апасы** – Бикен, оның жолдасы Нығымет. Олардың балалары: Жанболған, Әйгерім, Талғат, Ұлбосын, Шынар;

**Інісі** – Жақсылық, оның жолдасы Күлшара. Балалары: Қарлығаш, Сәуле, Күлбаршын, Сандыбай, Клара, Жанат, Жомарт;

**Інісі** – Жайлау, оның жолдасы Ботагөз. Балалары: Көгершін, Айдар, Жадыра, Қайрат, Азамат;

**Қарындасы** – Бақытжан, оның жолдасы Балғожа. Балалары Ерік, Бейбіт, Орал, Әділ, Гүлнұр, Талшын;

**Қарындасы** – Ырысты, оның жолдасы Амандық. Балалары Жәлел, Сандуғаш.

## IV Тарау



### ӨЛЕҢДЕРІ МЕН ӘҢГІМЕЛЕРІ

#### АНАМ БӘЗИЛАҒА

*Балаңмын алдыңа алып аялаған  
Емгенде ақ сүтіңнен мейірім қанған.  
Жүрсем да ашық аспан – нұр жамылып  
Анамдай табылмайды пана маған.  
Сая боп жүруші едің жел тигізбей  
Аялап алақаның шаң тигізбей.  
Өсіріп балаңызды жеткіздіңіз  
Қорғансыз-жетім деген сөз тигізбей.  
Айтушы ең ақылыңды жиып алып,  
Жүрме деп қатарыңнан кейін қалып.  
Оқуға сол себепті аттандырдың  
Болашақ өміріме көзің салып.  
Ант еттім еңбегіңді ақтау үшін  
Қолыма қалам алдым жазбақ үшін.  
Әлемнің бар асылын терсемдағы –*

*Ақтауға ақ сүтіңді келмес күшім.  
Түсінсең ашу дұшпан, нәпсі жауың,  
Ақыл-ой алдыңдағы асқар тауың.  
Ақылмен қызмет қыл ойға салып  
Ұраны міне осылай бабалардың.  
Бір күнде армандап мен аңсағанмын  
Халқыма қызмет ету болды шартым.  
Орындап бүгінгі күн мен отырмын  
Жолымды бердім саған, құлыншағым.*

1981 жыл, 21 ақпан

## **ӘКЕ ТІЛЕГІ**

### **Балам Сансызбайға арнау**

*Балам сен әке сөзін ұғып алшы  
Кәрі мен жетімдерге көзің салшы.  
Әкенің сенен жалғыз тілегі сол –  
Тізгінін өнер-білім қолыңа алшы.*

*Балам едің еркелетіп аялаған  
Сүйіп мен маңдайыңнан мейірім қанған.  
Сен бүгін азамат боп атқа міндің  
Жақсының жолына түс құрмет алған.*

*Түсін сен, ашу дұшпан ақылың дос,  
Ақыл-ой алдыңдағы асқар тауың.  
Ақылмен қызмет қыл ойға салып,  
Ұраны міне осындай бабаңның.*

21.02.1981 жыл

## САНСЫЗБАЙ 40-ТА

*Сансызбай құтты болсын туған күнің,  
40 деген жасқа толып тұрсың бүгін.  
Отбасы, бала-шағаң аман болып,  
Жақсылықпен өте берсін әрбір күнің.*

## ҰЛПАШЫМА

*Аспанда жарқыраған жұлдызым сен,  
Тартады оң қабағым күлімдесең.  
Суырып жүрегімді берер едім  
Бір ауыз сөз «мен сені сүйем» десең.*

*Айналдым қара көзіңнен,  
Дөңгеленген жүзіңнен,  
Сен жанымда жүргенде  
Кем болмаспын ешкімнен.*

## ТЕМЕКІМЕН ҚОШТАСУ ӘЗІЛ өлең

*Уа, темекі, темекі  
Сенімен жолдас болғанда  
Жасым менің он екі.  
Сол жылдар анықтап сұрасаң  
Мың тоғыз жүз қырық екі.*

*Содан бері болыпсың маған жолдас  
Көңілашар, ақылшы және сырлас.  
Елу жасқа келгенде қалжыраттың  
Болып риза менімен енді қоштас.*

*Темекінің сөзі:*

*Уа Жәке, кенеттен қалай айттың мына сөзіңді  
Отыз сегіз жыл дос болып тауыстың ба төзімді.  
Қой күзетіп тұрғанда ермек болып,  
Өткізіп ек қой талай бірге қыс пен күзді.*

*Өзім:*

*Ренжіме, менің көңілім қалды сенен  
Қанымның тамырларын солдырдың сен.  
Содан бері дәрігерге жүгіремін  
Емде деп жүрегімді жараланған.*

### **ҚАЗАҚСТАН 61-де Немерем Ақмаралға**

*61 жасқа толды Қазақстан,  
Әлемге жарқыратып нұрын шашқан.  
Феодалдық ескі өмірді талқан қылып,  
Есігін социализм кең қып ашқан.  
Бүгін мен жырға қостым Қазақстан  
Келгенде елу жасқа көңілім тасқан.  
Сен үшін сөздің нәрін жаппай теріп  
Жазуға мен кірістім жаңа дастан.  
Дастан қып жазатыным жердің көркі*

Жайнаған жаңа өмірде елдің көркі.  
Бірігіп жаңа заман орнат деген  
Ленин бабам айтқан сөздің көркі.  
Қызыл ту партияның жеңіс туы  
Октябрь алып берген теңдік туы.  
Әлемге алқызыл қып нұрын шашқан  
Данышпан Лениннің берік туы.  
Октябрь жарық жұлдыз көзіңді ашқан  
Жарқыраған сәуле болып нұрын шашқан.  
Мектеп салып, оқу оқып, сауат ашып  
Құшағыңды кеңге жай Қазақстан.  
Шоқан аға, Ыбырай армандаған  
Абай ата өлеңді тәмамдаған  
Ұрпағым көңілің ояу болсыншы деп  
Айтқан арман біздерге тарамданған.  
Жайнады бұл күндері Қазақ елі  
Қазынаға толып бар қамбасы.  
Пайдаға аспай жатқан нұрлы дала  
Ашылды жаңа өмірде байлық көзін.  
Кең байтақ жазық дала сағым ескен  
Қолтығыңда төрт түлік малы өскен.  
Тың көтеріп жаңа жерге егін салып,  
Сары-Арқам ақ бидаймен көзге түскен.  
Өркендеп гүлдене бер Қазақстан  
Партия сүрінбестей жолыңды ашқан.  
Жырласам 61 жыл табысыңды  
Үлесім болсын менің саған қосқан.  
Жырлайын жырға қосып табысыңды  
Орында жоспарға алған бар ісіңді.

*Терме қып жеңісіңді жырға қосам  
Табиғат тоқтатпаса шабысымды.*

1983 жыл

## НАҚЫЛ СӨЗДЕР

*Пендеге бенде қылма көз сүздіріп,  
Телміртпе бір жаманға жүз салдырып.  
Махрұм ете көрме раббым Алла  
Рахымыңнан шексіз шашқан құр қалдырып.*

\*\*\*

*Өмір деген қызық қой,  
Керек жерін сызып қой.  
Жалғанда ештеңеден қорықпасаң да  
О дүниенің бар екенін біліп қой.*

\*\*\*

*Мінекей мен де келдім 55-ке  
Бір сөзім бар мәңгілік қалар есте.  
Дұшпаның кеп алдыға бас игенде  
Одан әрі бармаңыз ерегіске...*

11 наурыз 1986 жыл

## ЖАС КӘДІРІ терме

5 жас бар балалықтың тәтті кезі,  
Ойынға тоймайтұғын сәтті кезі.  
Маужырап ет-жүректі елжіретер  
Уылжып бал тамызған айтқан сөзі.  
10 жас бар ақыл кіріп аңғаратын  
Істеген істеріне таң қалатын.  
Айырып жақсы менен жаман істі  
Келешек өміріне нәр алатын.  
15 бар құбылатын ақыл-ойы,  
Оқу мен өнерге де бұрар мойын.  
Ермесең жетегіңе жеңілтек боп,  
Ата-анаң қуанышпен қылар тойын.  
20-да бойың өсіп толар денең,  
Қоштасып балалық та қалар сенен.  
Бінта қойып өнерге құмар болсаң  
Бәрі де табылады бір өзіңнен.  
25 бойға қуат толған кезің  
Жастықтың бал шырынын алған кезің  
Өмірде көрген қызық есте қалып  
Жар сүйіп қызығына тойған кезің.  
30 жас ағып жатқан бұлақ екен,  
Отау тігіп өз ордаңды қылар мекен.  
Ел-жұртың мен жегжатты қадыр тұтсаң  
Ағайын ақыл сұрар сенен ертең.  
40 жас сағым қуып қырдан асар  
Көңілді көтеріңкі әрең басар.  
Әйелің жақсы болса осы жаста  
Қонақжай мінезімен көңілді ашар.

50 жас жер ортаға келген жасың  
Жүреді жас өмірді қымай басың.  
Балаң жалқау, келінің шайпау болса  
Ағарар сол уақытта самай шашың.  
60-та ала бұлтты болар заман  
Жастық шақ бұл уақытта болар тәмам.  
Алпыста жалғыз қалсаң жарың өліп,  
Тарылып кең дүние болар жаман.  
70 бар таянбай жер тұра алмайтын,  
Сырқырап бел омыртқаң бұраңдайтын.  
Жас ағып көздің алдын тұмандатып  
Алыс түгіл жақынды көре алмайтын.  
80 жас пәлекеттің басы екен,  
Көңілге әрбір сөзден алар секем.  
Балаң баптап, келінің кәдір тұтса  
Жұмсақ төсек, жылы орын болар мекен.  
90-да етің сылып, қалар сүйек,  
Жүрерсің төрттағандап жерді тіреп.  
Жігіттер арман қылма 90 жасты  
90-да саған ешкім болмас тірек.  
100 деген жеткізбейтін қиял жасың,  
Жеткенмен қызық көрмес асыл басың.  
100-келіп төсек тартып жатып қалсаң,  
Табылар үй ішінен сенің жауың...

## ӨСЕКШІ

*Жүргенім жоқ өмірде өсек теріп,  
Өсек болып жүрмесін айтқан сөзім.  
Көзбен көрген шындыққа не жетеді  
Құлақпен естігенің жалған сөзін.  
Өсекке құмар болар надан адам,  
Айтсаңыз «сен надан» деп ол да жаман,  
Жігіттер өсек айтпа, қатарға алма  
Алаяқ, өсекшіні келсе шамаң.*

## 55 ЖАС

*Біз міне, келіп қалдық 55-ке,  
Ойласаң жас өмірің түседі еске.  
Барылдап өлең айту жиын-тойда  
Ей, жастар ерсі емес пе кәрі адамға.  
Десек те ән салуға тартынбайын,  
Көзі тар бұлақ болып сарқылмайын.  
Ұсыншы біздің жаққа домбыраны  
Аққудай аспанға әнмен шарықтайын.  
Жас өмір қала берер ойлай берсек,  
Айтайын бір әңгіме маған сенсең.  
Жиырма бес өте шығар жүйрік аттай  
Балалық құшағында жүре берсең.  
Жас өмір ойлай берсең қиял болар,  
Кәрілікті мойындасаң денең солар.  
Құрбымен топ ішінде ойнап күлсең  
Сырқат шығып денеңнен көңілің толар.*

12 наурыз 1987 жыл

**БАЛҒОЖА КҮЙЕУТЕ**

Көп болды ғой сіздің үйге келмегелі,  
 Жиендерді мейір қанып сүймегелі.  
 Бір мүшел болмаса да жақындады  
 Астыма ат, үстіме шапан кимегелі.  
 Алланың ризамын бергеніне,  
 Рыздығын табиғаттың тергеніме.  
 Ат-шапан, ойын қызық сол емес пе?  
 Алдымда аман сендерді көргеніме.  
 Бір Алла өзіңізге ғұмыр берсін,  
 Жиендер бақытты боп соңыңа ерсін!  
 Мен дағы бақыт қонған ағаң едім,  
 Осы берген батамды Құдай қабыл етсін!

**КЕЛГЕНІ МЕ КӘРІЛІК?**

Аяғыма киіпін ғой былғары етік,  
 Жастық өмір кетіпті ғой бізден өтіп.  
 Апырай бөксе жақта жан қалмапты  
 Келгеніме кәрілік бізге жетіп.  
 Сырқырап ауырып тұр аяқ-тағы,  
 Қолға ұстаған қуат болмас таяқ-тағы.  
 Бөкседен ет, белден күш кеткеннен соң  
 Жаман көзбен қарап тұр кемпір-дағы...

## ҚАНАҒАТ

*Алдымда жұмсақ піскен наным болса,  
Жылқының қазы, қарта, жалы болса.  
Байлығы бай-патшаның неге керек  
Ұлпаштың бал татитын шәйі болса...*

## РИЗАМЫН АЛЛАҒА!

*Құдайым, ризамын бергеніңе,  
Ұлпашпен қатар жүріп күлгеніме.  
Алланың парыздарын орындаймын  
Ризамын сәждеге бас игеніме.*

1996 жыл

## САҒЫНАЙҒА

*Сағынай жаңа ордаң құтты болсын  
Іргесі зауһар тастай мықты болсын.  
Жарқырап төр алдында бақыт нұры  
Іші жанға, сырты малға толсын.  
Шаңырақтан арылмасын ойын-сауық,  
Анаңның жүріңдерші көңілін тауып.  
Жолдастарың, туыстарың келе қалса  
Шай-суан ішіп жүрсін мейірі қанып.  
Жиенім Сақтағанға ғұмыр берсін,  
Зор денсаулық, қызықты өмір берсін.*

*Жаңа жылда әрдайым Қарлығашым,  
Сағынаймен қолтықтасып жүре берсін!*

1989 жыл

### ҚОШТАСУ

*Қош аман бол, Алдай-Қантай ардақты елім,  
Он төрт жыл дәм-тұзыңды татқан жерім.  
Топырағың ауасымен дертке шипа  
Қасиетті Сексен-Тоқсан жүрген жерім.  
Жайлауы Сарман атам Қарлыкөлге  
От ау тіктім жақындап, туған елге.  
Ер жігтке туған жер алтын бесік  
Бесікке мен барамын тербелуге.  
Қош-сау бол алдымдағы ағаларым,  
Құрбы-құрдас, замандас бауырларым.  
Аузымнан қаталықтан сөз шықса егер  
Кешіріңдер қалың орман паналарым.*

1995 жыл, 16 тамыз

### АСҚАР АҒА

*Ассалаумағалейкум, Асқар аға,  
Бір кезде Алатаудай болған пана.  
Абырой, атағыңды ел кәдірлеп  
Жүрмісің аман-есен жеке дара.  
Жүре бер жеке-дара алдымызда,*

*Алла берсін жақсылық басыңызға.  
Тілегімді бір Алла қабыл қылсын,  
Оң жағыңда еріп жүрсін Қалима да...*

1996 жыл

### **АСҚАР ИГІБАЙҰЛЫНА!**

*Жетпіс жас құтты болсын, Асқар аға,  
Жетіп тұрсыз Сіз бүгін асқар тауға.  
Бір Алла қуат беріп, денің сау боп,  
Сексен асып қызықпен жет тоқсанға.  
Аман болсын отбасы, бала-шағаң,  
Алладан не тілесең болсын тәмам.  
Қалимамен қатар түзеп қызық көріп,  
Ойлаған ойыңа жет, берген батам.  
Батамды қабыл алсын бір Құдайым,  
Көрсетпесін бұл дүниеде қайғы-уайым.  
Бала-шаға қызығын жылда көріп,  
Оң жағыңнан туа берсін күн мен айың.*

1999 жыл, 20 тамыз

### **ӨКПЕ**

*Күмістен ер салушы ем Қарагерге,  
Жақсы атым қалушы еді жүрген жерде.  
Жат жерде сыйлы болып жүрсемдағы  
Кәдірім неге кеткен туған елге.*

*Кеткенін кәдірімнің жүрмін біліп,  
Өткенді еске аламын ойда жүріп,  
Қатыспасам қуаныш пен қайғыға ортақ  
Елім қалай қарсы алар мені сүйіп?..*

## ҚАСИЕТТІ НАН

*Суық су қандырмайды сусыныңды,  
Шай ішіп шығармасаң қырсығыңды.  
Майлы ет пен бал жесең де қарның тойып  
Нан жемесең қанбайды құрсағың да...  
Нан деген қасиетті асыл тағам,  
Қадірле, ысырап қылма келсе шамаң.  
Жер өңдеп, егін сеуіп күндіз-түні  
Сол үшін еңбек еткен ата-бабаң.  
Нан адамның арқауы тіршілікте  
Нан болмаса қуат жоқ ірімшікте.  
«Құранды аттап нанды ал» деген сөз бар  
Үлгі болып қаларлық келешекке.*

1992 жыл. «Түріксиб» санаторийі.

## БАЛАМНЫҢ ЕСІНЕ

*Адам баласы туады, жарық дүниеде Алла берген жасын  
өткізіп, дүниемен қоштасар мерзімі жеткенде ақырғы сөзін  
айтады. Оған ешкімнің таласы жоқ, Алла не жазса – сол  
болады. Мына бір-ауыз өлеңім сол сөзімнің басы болсын:*

*Ризамын Аллаға,  
Көрмегенді көргізді,  
Атқа мініп жер көріп,  
Білмегенді білгізді.  
Жақсылармен жанасып,  
Әңгіме-дүкен құрғызды.  
Арманым жоқ артымда  
Ендігі тілек Алладан.  
Жан аларға келгенде  
Иманды қыл аузымды.  
Ақырғы Алладан тілерім  
Балама бергін ғұмырды...*

## ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМДЕР

Ұлы Отан соғысының алапат өрті лап ете түскеннен бастап алпыс үйлі Сарман ауылы 55 азаматты майданға аттандырды. Соның жартысынан астамы елге оралған жоқ. Ал аман қалғандары елге жетіп, ұзақ жылдар бойы ерінбей еңбек етті. Солардың арасында зейнетақы алып, демалысын пайдалана алмай кеткендері де болды. Соғыстың аяғына дейін қатысып, елге келгендердің арасында бір жағын оқ тесіп кеткен Зікірия Смайылов бригадир болып істеді. Оның замандастары Әлғиса Әлкебаев, Баяхмет Сұрағанов, Елжас Байлин, ағайынды Тұяқбай мен Қойшыбай Әбдірахмановтар, Есләм Смайылов, Илияс Ырсаев, Мағзұм Жүсіев, Бектас Мұсанбеков, Қошан Әлімбаев және басқалары елге аман келіп, ауылдың барлық шаруасын атқарды.

Елге оралмағандардың бір қатарынан қара қағаз келгенімен көбі хабарсыз кетті. Қаппас шал баласы Ебінейді

өле-өлгенше күтті. 50-ші жылдардың аяғында баласынан бір хабар келді деген сыбыс болғанымен артынан тыйылып қалды. Соны көңіліне дему етті ме, немене Қаппас шал етек-жеңін жинап, малын сайлап, зейнетақысын жұптап, ұлына деген сағынышын үзбей, бір үмітке сеніп өтті. Олардың бәрін жаза берсем бір-бір кітап болатын әңгіме. Ал әзірге бір әулеттен алты азаматын соғысқа аттандырған әулет туралы айтайын.

Күдердің кіндігінен тараған Рахияның алты ұлының бесеуі соғысқа кетіп, солардың үшеуі елге аман-есен оралды, екеуі хабарсыз кетті.. Ал алтыншы ұлы арнайы қызметке алынды.

Рахияның алтауының соғысқа бармағаны Қожахмет. Рахияның інісі Рамазанның баласы тұрмаған соң Қожахмет Рамазанов болып тіркеліп кеткен. Мінезі ақкөңіл әрі өткір, қолы жомарт Қожахмет сауатын ерте ашып, ел билеу ісіне де жасынан кірісті. 30-жылдары Алматыдағы екі жылдық партия мектебін бітіргеннен кейін Павлодар облысындағы Баянауыл аудандық партия комитетінде қызмет істеген. Кейін Сарман ұжымшарының төрағасы болды. 1937–38 жылдары Пришим ауданындағы Бауман МТС-нің саяси бөлімінің бастығы, 1940 жылы Булаев ауданындағы Қарағанды МТС-нің осындай қызметіне ауыстырылады. Осыдан кейін «Қарағанды» кеңшарының төрағасына сайланып, соғыс басталғанда денсаулығы нашар болғаны себепті облыстық әскери комиссариат оны соғыстан босатады. Қожахметтің әйелі Шәраш (Сәруар) апамыздың айтуына қарағанда Алматыдағы партия мектебінде оқып жүргенде өкпе ауруына шалдығыпты. Майданға алынамындардың денсаулығын тексерген медициналық комиссияның дәрігері түрі боп-боз болып тұрған оған: «Сізге көп болса 1–2 жыл

ғана өмір қалды. Айран, сүт, ұымыз сияқты ағарғанды көп ішіңіз» деген екен. Ақыры соның айтқаны келіп, сол ауылда 1943 жылы қайтыс болды. Елге жеткізуге машиналарға бензин табылмай, сонда жерленеді. Алпысыншы жылдардың басында баласы Шүленбай жатқан жеріне белгі қойып, тас орнатты.

Рахияның соғысқа кеткен бесеуінің алғашқы екеуі Сейдахмет пен Мырзахмет. Содан Сейдахмет хабарсыз кетті. Соғысқа дейін агрономдық мамандық алған, көзі ашық азамат екен. Тауағаш ауылынан бірге болған Сембай Жәнібековтың айтуына қарағанда қоршауда қалғанда ауыр жараланыпты. Екі күндей арқалап жүріп немістің госпиталіне өткізіп кеттік. Тірі қалған, аман болса келер депті. Әрине, бұл сөзге сену қиын, немістердің госпиталіне апарғанда өздерін де атып тастамай ма, тек қайтыс болғанын тура айтпай осылай жеткізгені көрініп тұр. Оның үстіне «қоштасу» өлеңін әкеліп беріпті.

Мырзахмет мұғалім болған екен, соғысқа Қызылжардан батысқа қарай кетіп бара жатқанда Мамлютка стансасына су аламын деп түскенде поездан қалып қойып, елге келген. Ауылдың маңындағы Отынағаш деген орманда жасырынып жүргенін қайыңның шоғырмағын теріп жүрген әйелдер көріп қалып, ауылға келеді. Мұны естіген Қожахмет «Өз бетіңмен бар, ағайын-туғанды ұятқа қалдырма. Әйтпесе өзім барып атып тастаймын» деген сәлем айтыпты. Содан Мырзахмет ас-суын, киімін қамдап, әскери комиссариатқа өзі барып, сұранып соғысқа кетеді. Соңғы хатында майданға жеттік, алғы шепте тұрмыз, мен екі жақтың тілашымын деп жазған екен. Соғысқа дейін мұғалімдікті оқығанда неміс тілін үйреніп алған ғой. Айыптылар батальонында болған сияқты. Хабарсыз кетті.

Тұрғынбек іске тиянақты, сабырлы, шаруақор адам еді. Соғыстың аяғына дейін әскердің шаруашылық-жабдықтау бөлімінде болып, елге аман-сау оралды. Соғыс кезінде әскери формамен түскен суреті кіші ұлы Есілбайдың төрінде ілулі тұр.

Ал Шаяхмет мінезі ұстамды, еңбекқор, біртоға, кісіге жақын, кішіпейіл еді. Батыстағы қанды қырғынға қатысқанымен қоймай, Жапониядағы соғысқа да қатысып, елге аман-есен оралды. Жапониядан трофей ретінде алып келген жапондардың киімі елдің кісілеріне тар болған соң әйелі Нұрсила мен Шәрәш оларды сөгіп, қайтадан кеңейтіп тігіп бергенін естігенбіз.

Айта кететін тағы бір қызық оқиға, Сарманнан Бектас деген азамат соғыстан мотоцикл мініп келді. Біздің қазіргі «Урал» мотоцикліне ұқсас, бірақ үлкен еді. «Уралдың» өзін орыстар немістің моделімен жасаған екен ғой. Бектастың мотоциклін балалары алпысыншы жылдарға дейін мініп, қызығын көріп жүрді.

Ал Баяхмет Рахиев соғыстың алдында әскерге алынып, Қиыр Шығыстағы шекара әскерінде әскери барлау бөлімінің старшинасы болды. Ебін тауып, соғысқа қарамай әйелі Шәрипаны жанына алдырып, бірге тұрған. Сонда туған үлкен қызының есімін атақты зымыран атқыш «Катюшаның» құрметіне Катя деп қойыпты. Ал екінші қызын досының әйелінің құрметіне Рая деп атайды. Елге келген соң Катяның ұзатылған елі оның атын Күләш деп өзгертіп алыпты. Қазір ол кісі Әйімжан ауылында тұрады.

Міне, Рахияның алты ұлының тағдыры осындай.

## ӘДІЛ КӘДІР

(Ел аузынан)

Ертеде елге аты шыққан Барпаяқ деген бай етікші Байболатты үйіндегі адамдарға етік, кебіс, мәсі тіктірмек болып шақырады. «Сенің жақсы етікші екеніңді білемін, менің үйімдегі жандарға қалағанын тігіп берсең соғымға бір байтал беремін», дейді. Оған етікші келісіп, іске қызу кірісіп кетеді.

Бұл жігіттің қолынан етікшілік қана еес, басқа да өнер келеді екен. Әнші, добырашылығына қоса нешетүрлі күлдіргі әңгімелерді айта білетін шешен де екен. Байдың ересек мырзасы «ахахаудың» адамы екен, шебер бір етік тігіп болғанша екеуі бір-бірін біліп, табысып үлгереді. Бірде мырза оны бір шілдеханаға ертіп барып, ұнағаны сондай, оны қайда барса жанынан тастамайтын болыпты. Олардың бұл жүрістері аптаға, кейде айға ұласып кетеді. Ал етікшінің жұмысы жайына қалады.

Қыс өтіп көктем шыққанда аяқ киімдердің көбі тігілмей қалады. Бір күні жігіт байға: «Байеке үйімде жасы ұлғайған қарттарым, бала-шағам бар. Сіздің берген малыңызды қыс бойы талшық етіп бітірген шығар. Міне, көктем келді, жан асырауға жарайтын кәсібім бар еді, енді маған рұхсат беріңіз», дейді.

Бай оған таң қалып: «Қыс бойы ішіп-жегенің бойыңа құт болсын, бірақ мына жұмыстарыңды бітіріп кет, болмаса малымды қайтар», дейді. Сонда жігіт: «Байеке, менің үйіңізде бос отырған күнім болды ма? Оны өзіңіз де көріп жүрсіз. Балаңыз барған жерінен тастамай ертеді де жүреді.

Ал оған: «өзің бара бер, етікшіні еліктіріп, жұмысынан қалдырма» деп бір ауыз сөз айтқан жоқсыз», – дейді.

Содан екеуі дауласып Кәдір биге жүгініпті. Мән-жайды естіп білгеннен кейін би байға: Бұл жігіт алты ай қыс бойы балаңа атқосшы болыпты. Бір тайдың құны өтеліпті ғой. Ал малымды қайтарсын десең балаңызды жаз бойы етікшіге ертіп жіберіңіз, қасында жүріп көмегін жасасын. Содан кейін ол да байталыңды қайтарады», – депті.

Әділ шешімге салы құрып, бай өзінің жеңілгенін мойындаған екен.

## ЕР КӨҢІЛДІ ЕРЕКШЕ АДАМ

(Ел аузынан)

Ертеде Арғын ішіндегі Сүйіндік Күлікте Әлдебектің Әкімбегі деген адам өтіпті. Ол ат жалын тартып мінгеннен ел-жұртының басшысы болып, оның үстіне қолы ашық, әділ мырза атаныпты.

Әкімбекке дейін Күлік өз алдына жеке болыс бола алмай, Орманшы-Күлік болысына қараған екен. Әкімбектің алғырлығымен Күлік жұртшылығы жеке Қызылтау болысын құрып, оған өзі болыс болып, өле-өлгенше оған қарсы ешбір адам болыстыққа таласпаған көрінеді. Әкімбек артынан, 1885 жылы Мұса Шорманұлының асын беруді басқарушылардың бірі болған адам.

Әкімбектің әкесі Әлдебек Баянауыл дуанының қазысы Малгелдінің Секербайы деген кісіге жыл сайын сыбаға деп бір семіз соғым беріп тұрады екен. Жылдағы әдеті бойынша ол Әлдебектің ауылына сыбағасын алдыруға кісі жіберіпті. Бұл уақытта Әлдебек өтіп кетсе де сыйласқан

адамына таршылық жасағанымыз дұрыс болмас деп ағайындары бір семіз байталды ұстап береді. Бұл істі ұнатпаған албырт Әкімбек Секербайдың қылығын ұнатпай, оны келген жігітінің көзінше боқтап жіберіпті. Мал айдаушысы болған жайды Секербайға айтып барады. Ашу қысқан Секербай Мұса мырзаға шағым айтады. «Қыс өтсін, ел жайлауға шыққанда өзім барып, Әкімбектен айыбыңызды алып беремін», дейді Мұса мырза.

Содан ел жайлауға шыққанда Мұса Секербайды ертіп, бір топ кісімен Әлдебектің ауылына келіп түседі. Әкімбек қонақтарына құрмет көрсетіп, сыйлайды. Кешке Мұса ауыл ағаларына: «Былтыр Секербайға тіл тигізген тентектігі үшін Әкімбекке 100 ақсарбас айып кестім, ертең аттанамыз, жүз қойды өріске жібермей алып қалыңдар», – дейді.

Бұл әңгімені сыртта жүріп естіген Әкімбек таңертең 200 тұсақты көгендейді. Сосын Мұсаға келіп сәлем беріп: «Бір боқтағанның айыбы 100 тұсақ болса Секербай екеуіңізге 200 тұсақ көгендеп қойдым, айдап жүре беріңіздер», деп үйден шығып жүре беріпті.

Мұса мырза қатты аңтарылып, бұл істің бір ұшы ұтқырлықпен өзіне тигенінен ұялып, «мынау бір болайын деп тұрған бала екен. Біздікі ойланбай айтылған кесік болды-ау», деп малды алмай аттанып кетіпті. Осыдан бастап Әкімбектің аты шыға бастайды.

Бір жылы жазда Әкімбек бір топ адаммен Алтай-Қарпық еліне бара жатып, ыстық күнде шөліккеп, жолда кездескен бір байдың үйіне тоқтап, сусын ішпек болады. Байдың бәйбішесі бір тегене қымыз ендіріп, өзі сапырып кішкене кеселерге құйып қонақтарына ұсынады. Шөліккеп келген жандар бір жұтымнан қалмайтын кішкене

кеселерден сусыны қанбай, оны қайта-қайта ұсынуға ыңғайсызданып отырады. Сонда Әкімбек шыдай алмай: «Бәйбіше, мына кеселерді қайдан алып едіңіз, құны қанша?» – деп сұрайды. Аңқау бәйбіше сұрақтың неге туып отырғанын түсінбей, отағасының базардан әкелген кәрлен кеселері ғой, бағасын да сол біледі деп мақтаныңқырап жауап береді.

Әкімбек қонақтардың бәрінің қолындағы кәрлен кеселерді ортаға жинатып, қамшысының сабымен күтір-күтір сындырып, түгел ұсақтап тастайды. Сосын көзі бақырайып, шошып кеткен бәйбішеге: «Отағасыңызға айтыңыз, Құдай осынша дәулет бергенде жол үсті шөліркеп келе жатқан жолаушының мейірін қандырып сусын жұтқызуға жарамайтын ыдыс ұстап оған не көрінді. Ырысынды ыдысың тарылтып тұр екен. Ал арзан кеселеріңнің құны міне», деп бір уыс ақшаны тастай салып, ас қайырып жүріп кетіпті.

Атақты Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жас кезінде Әкімбектің ауылында молда болып, шәкірт оқытады. Ол кезде Мәшекеңнің қолы қысқа, алысқа барып, білімін толықтыра алмайды. Баланың талабын, Құдай берген дарынын таныған Әкімбек оның Бұхарадан оқуына жағдай жасап, қаржы берген екен. Соның арқасында Мәшһүр Жүсіп ғұламалық дәрежеге жеткен.

## **АБЫЛАЙ ХАН ТУРАЛЫ ӘНГІМЕЛЕР**

Өткен жылғы 19 қарашада облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінде жарияланған тарих ғылымының кандидаты Қабдөш Қалиевтің «Отан үшін екі ғасыр айқас»

атты тарихи мақаласын өте құмартып оқыдым. Өткен өміріміздің тарихын арттағы ұрпаққа жеткізу – үлкен парыз, абыройлы міндет. Осы мақаласы үшін өз басым Қабдөшке шын жүректен рахметімді айтамын. Сөз реті келгенде айта кетейін, мен оның жазғанына түзету немесе толықтыру енгізе алмаймын. Өйткені оған менің білімім жетпейді. Дегенмен ел арасында жүріп өз жинағандарымнан Абылай хан туралы жазғым келді. Төменде соны оқырмандарға ұсынып отырмын.

Мақалада «Абылайды қалмақтың тұтқынынан кім босатты?» деген сауал бар. Расында Абылайды тұтқыннан босатқан – қазақ халқының үлкен елшісі, Малайсары батыр. Ол бейбіт қарым-қатынастардың баянды болуына көп еңбек сіңірді. Екі жыл бойы қалмақтың тұтқынында болу Абылайдың беделін көтерді. Ол Қалдан Серенмен достық қатынас орната білді. Екеуі бұдан былай соғыспасқа серттеседі. Содан кейін қазақ халқы он жыл бойы бейбіт өмір сүрді.

Достықтың белгісі ретінде бір-біріне деген сенімдерін нығайту үшін екі хан бұдан былай балаларын қосып, бір жерде тәрбиелейтін болды. 1745 жылы Жоңғарияға барған орыс патшасының поручигі Савва Соболев Абылай мен Барақ сұлтандардың балалары Қалдан Сереннің балаларымен бірге ойнап, қалмақтардың қамқорлығында жүргенін өз көзімен көреді. Екі елдің арасындағы достық қатынасты бекіте беру үшін Қалдан Серен Абылайға Ташкенттің бір бегінің қызын сыйға тартады. Мәмілегерлік қызметі үшін Малайсары батырға тархан атағын береді, ал Орта жүздің ханы Әбілмәмбет пен Барақ сұлтанға үлкен сый-сияпат жібереді.

1781 жылы дүниеден өткенде Абылай хан Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауидің мавзолейіне жерленді. Абылайдың 17 әйелінен (оның алтауы Атығай-Қарауылдың арулары) отыз бір ұл, қырық қызы қалды. «Абылай заманындағы жақсы өмірді қазақ баласы кейін көрген емес» дейді ата-бабаларымыз. Сөзім дәлелді болу үшін Абылай хан туралы ел аузынан жинаған әңгімелерімді келтіре кетейін.

Бір үлкен аста Қаракесек Шаншардың бір еріккен жігіттері Абылайдың басындағы бөркін жерге қағып түсіріп дөрекі қалжыңдайды. Хан сыр білдірмейді. Аналар «жерге түскен бөрікті киюге болмайды» жыртыңдасып кете барыпты. Бұл оқиға ұмыт бола бастаған кезде Қызылжардың базарына келген Қаракесек Қазыбек бидің немересі Жанайды және Төртуылдан келген Ботақанды Абылай хан ұстатып, тірідей көрге салғызады. Бірақ хан райынан қайтып, Ботақанға көрден шық дегенде анау намыстанып: «өлгенде жататын көріме тірідей жаттым, енді жұрт көзіне көрінгенімше өлгенім артық», деп ызадан жүрегі жарылып, өліп кетеді.

Бұл хабарға намыстанған Арғын Қаз дауысты Қазыбектің баласы Бекболат пен Едігенің бір айғайынан бес Мейрамның баласы атқа қонып, үш мыңдай қолмен Абылайды шабуға аттанады. Жолда Бекболат «Дудың басы болып, алдымызда жүрсін» деп Күлік Жәңке батырға кісі жібереді. Жәңке батыр өзі келе алмай баласы Жанақты жіберіп: «Ханын шапқан қара оңбайды» деген, Бекболат пен Едігеге сәлем айт, Абылаймен жарассын, араша сұра», дейді.

Ханды шабуға Арғынның қалың қолы келе жатыр дегенді естіген Абылайдың үлкен әйелі: «ашулының

алдынан тұрма, көшіңіз, қара қазанды асулы бойымен жұртқа қалдырыңыз. Ашығып келген қалың қол асулы қазанды көріп сабырға келер. Тамағы тойып, аптығы басылған соң «не жазығы бар мұның» деп қазанды жаруға қимас», дейді. Сонымен бірге үш мың кісі сойып жесе тоятын қалың сиырдың табынын қалдыртады.

Абылай хан ханымының айтқанын орындап Көкшетаудан үш күндік жерге көшіп барып отырады. Ал хан орнына келген Бекболат би қалың қолына: «Уа, жұртым. Абылайды Құдай тегін қылып жаратпаған екен. Мен Абылайдың басын кесем, ханымын ат артына бөктерем, қара қазанын талқан қыламын» – деген сертпен келіп едім. Мынау қара қазанын асулы бойымен қалдырғаны менің ойымды дәл тауып: «сен таспен ұрсаң, мен аспен ұрдым» дегені екен. Жаратылысы бөлек ханымызды өлтіріп абырой алмаспыз, ана қаптаған сиырларды сойыңдар, аппақ майға тойыңдар. Елші жіберейік, Құдай қаласа жарасып қайтайық», дейді.

Елшілікке Шотана батыр барып Абылайға былай дейді: «Дүние бұзылса бұқараға сияды, бұқара бұзылса дүниеге сыймайды» деген хан ием. Хан мен қарашың Сарыарқаға сыяды. Ботақанның құнын бер, Жанайды байлаудан босат», деп жетім бастатқан, түйе бастатқан және шапан бастатқан тоғыздан айып төлеуді ұсынады. Хан оған көніп, Жолдыөзектің бойында кездеспек болып уағдаласады.

Жолдыөзектің бойында екі жақтың қолы келгенде Абылай өз тобынан Балта Тұрсынбай батырды, мына жақтан Бекболат пен Едіге аттан түсіп табысады. Осы төртеуінің бас қосқан жеріне Көтеш ақын жетіп келіп былай деген екен:

*Абылай Ботақанды сен өлтірдің,  
Есіл ер жазығы жоқ неге өлтірдің?  
Хан басың қарашыңмен даулы болып  
Үстіне ақ ордаңның қол келтірдің.  
Абылай, құрыды ғой салған қалаң,  
Мейрамға қандай еді жапқан жалаң?  
Жанайды дәл бүгін босатпасаң  
Болады ертең жесір қатың-балаң.*

Осы сөз ғасырлар бойы елдің есінде сақталып, қандай оқиғаның болғанын болашаққа жеткізген.

*«Солтүстік Қазақстан» газеті,  
6 ақпан, 1998 жыл*

## **АҚАН – СЕРІНІҢ ҚОЖА-МОЛДАЛАРҒА АЙТҚАНЫ**

Бір жиында Ақан сері қожа-молдалардың арасына түсіп қалыпты. Шалқыған көңіл мен қалықтаған әнді жақтырмаған молдалардың бірі Ақанға: «Дүние сөзін қойып, ақырет сөзін айтыңдар», депті. Сонда сері қожа-молдалардың бет-жүзіне қарамай былай деген екен:

*Қожалар құр кеудесін көтереді,  
Паңданып, маңғазданып жөтеледі.  
О дүние бұл дүниеден жақсы болса  
Алдымен қожа-молда кетер еді,*

– дегенде қожа-молдалар төмен қарап, үндемей қалған екен.

## СЕГІЗ СЕРІНІҢ ЕСЕНЕЙ ТУРАЛЫ АЙТҚАН ӨЛЕҢІ

Жақпады Есенейге Бүркеу мекен,  
Бір кезде Қожағұлдың қыстауы екен.  
Аманжол-Аманқұлға ажал жетіп,  
Бір күнде шешек шығып қабат өлген.  
Есеней сұлтан болды 24 жыл,  
Жайнады билік айтып топта гүл-гүл.  
Сескенді айбарынан жүйрік жорға  
Сөйлейтін талай дауда сөзге бұлбұл.  
Қарасұр, қалың қабак, қою қасты  
Тікірейген қара шаш, үлкен басты.  
Атжақты, кең маңдайлы қоңқақ мұрын  
Қанды көз, бейне қыран айнымасты.  
Жасынан батыр болған сауыт киіп,  
Батырлық хандық дәурен қош айтысып,  
Бұл күнде болған кезі советник.  
Есеней өзін ханға балап тұрды  
Үстінен он дуанның билік құрды.  
Талайы рубасы бекзаданың  
Алдында Есенейдің құлдық ұрды.  
Жастық шақ Есенейге қолын бермес  
Жиырма бес қайтседағы түсіне енбес.  
Сұлулар Ғайнижамал, Қанікедей  
Тіріліп Есенейге қайтып келмес.  
Қартайған күшті арыстан түк бітірмес  
Шал ойнап жас қызбенен дәурен сүрмес.  
Жылатып жас бойжеткен қыз алғанмен  
Бұл күнде Есенейден ештеңе өнбес...

## ТОПҚАРАҒАН

Бұл Сегіз серінің 1835 жылы жер ауып жүргенде шығарған өлеңі. Туған жері Есілдің тік жарының көркем табиғатына арнаған.

*Жарлауыт қабағында топ қараған  
Есілден сай-салаға су тараған.  
Әнші қыз, күйші жігіт – бәрі сонда  
Қашқын боп неге келдім сол арадан.  
Ұнаттым самал желдің лебі ескенін  
Сұлудың талайымен жүздескенмін.  
Көзімнен бұл күндері бұл-бұл ұшты  
Аузынан көркем қыздың бал жескенім.  
Кездесер жүрген жолда батпақ мия,  
Мекенім соңғы кезде құз бен қия.  
Қашқын боп Сахарада жүргенімде  
Көзімнен бір-бір ұшты туған ұя.*

## ЕЛ ЕҢСЕСІН ТҮЗЕЙМІЗ ДЕСЕК...

Қайта құру көп нәрсеге көзімізді жеткізді. Шынын айтсақ ақ пен қараны бүтінгідей айыра алмай келіппіз. Мұның бәрі ашық пікір алмасу, қателікті бетке айтудың болмағандығынан. Басшы не айтса да бас шұлғып жүре беріппіз. Соның салдарынан қаншама ұлттық құндылықтарымыз аяққа басылды, ұлттық наным-сенімдерімізден айрылдық. Қаншама қазақ ауылдарының шаңырағы ортасына түсті.

Қазір баспасөз бетінде кейбір ағайындар туған тіл, қазақ ауылдарының мүшкіл халі туралы қазір қатты

айтатын болды. Мәселен Мүтәллап Қанғожиннің құрып кеткен ауылдарды жоқтаған «Көрінген анадайдан орны ғана» деген мақаласы шықты. Қозғалып отырған мәселе өте орынды. Бірақ неге соны дер кезінде көтермеді екен деген ойға қалдым. Мен Мүтәллапты кіналайын деп отырған жоқпын. Кезінде мәселе көтеруге ол өз басы, қызмет мансабы үшін қорықты. Мүтәллап бұл мәселені сол кезде қозғағанда қазіргі қызметінде отырмаған болар еді, оған анық сенемін.

Бірақ бүгінгі ашық айту заманында М. Қанғожинге мәселенің анығын, ақиқатын ашық айтуға кім кедергі жасап отыр? Қазақ ауылын кімдер құртып жіберді? Кінәнің бәрін жалпылама айтып, тоқырау кезеңіне аудара беруге, тек Брежнев пен Қонаевты сынауға бәріміз шеберміз.

Міне, менің жасым бұл күнде алпысқа келді. Осы ғұмырымда қазақ ауылдарын құртып жібер, мектептерді, балабақшаларды жабыңдар деген үкімет нұсқауын көрген емеспін. Барлық аудандарда екі басшының бірі қазақ болды, солар қайда қарады? Қазір есептеп отырсам 30-дай қазақ ауылы құрып кетіпті. Өзім басымнан өткізген мына жағдайды айта кетейін. Мен Ленин ауданындағы Қарағаш мал бордақылау шаруашылығына директор болып барғанымда совхоз орталығы кішігірім ғана ауыл еді. Көше деген жоқ, клуб аласа жаппа үй, кеңсеге кірсең жүрек айнитын. Аз жылдың ішінде осы ауылға 70-ке тарта жаңа үй қосылып, жаңа дүкен, мектеп, клуб салынды. Сөйтіп ауылдың сәні кіріп қалды. Бұл ауыл Мүтәлап інішектің туған жері.

1976 жылы мал бордақылау шаруашылықтары ірілендіріліп, біздің совхозға Заречный совхозынан Алқа ауылы қосылды. Көктемге салым шаруашылығымызға

облыстық ауылшаруашылығы басқармасының бастығы Показаньев келді. Ол Алқа ауылында жиналыс өткізіп, халықтың көзінше маған Алқа ауылын Қарағашқа көшіріп, адамдарға жұмыс тауып бер, бір орталықтан басқару әрі оңай, әрі тиімді болады, бұған бір жыл уақыт беремін деп нұсқау берді.

Мен халықтың пікіріне қарасам, ешкімнің өзінің ыстық ұясынан, атамекенінен көшуге зауқы жоқ. Сондықтан мен бастықтың бұйрығын орындаудың орнына Алқаны көтердім. Ауылға 12 үй, клуб, кеңсе, екі мал қорасын салдырдым. Сөйтіп ауылдың ажары кіріп, мүлде өзгеріп қалды. Бір жылы Показаньев тағы келіп, өз көзіне өзі сенбеді. Маған: «Алқаны неге көшірмедің? Басқа қазақ басшылары шағын ауылдарды орталыққа көшіріп жатыр. Ал сен бұйрықты неге орындамадың, барып тұрған ұлтшыл екенсің» деп дігірлеп, түпкі мақсаты қазақ ауылдарын азайту екенін білдіріп қойды.

Қазір Алқа түтіні түзу ұшып тұрған ауыл. Егер сол кезде бастық айтты екен деп оны Қарағашқа қоса салсақ тағы бір қазақ ауылының оты өшкен болар еді. Бұл мысалды айтып отырғаным – өзімді өзім мақтау емес. Болашақ ел басқарушылары қызмет, мансап үшін ел тағдырын саудаға салмаса екен деген ағалық ақылым.

Қазіргі жастар арасынан да игілікті жұмыс істеп жүргендер бар. Мысалы, «Жамбыл» совхозының директоры Мырзахан Едіресов үш жылға жетер-жетпес уақытта шаруашылықты өрге сүйреп, болашағы бұлдыр Қарағаш, Амангелді ауылдарына үйлер, мал қораларын салғызды. Осындай басшыларға халықтың айтар алғысы шексіз.

*«Ленин туы» газеті, 16.11.1990 жыл*

## ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ

Басшы беделінің негізгі кілті – өзін коллективке сыйлата білу, әділет пен адалдықты серік ету. 1950 жылдары ел басқарушылардың беделі орасан зор болды. Есте қалған мына бір оқиғаны айта кетейін 1954 жылы біздің Сарман ауылында № 6-шы тың бригадасы құрылды. Коллективтің дені тың көтеруге Ленинград қаласынан келген жастар. Қазақтардан мен ғана. Есеп жұмысын жүргіземін.

МТС-тің директоры Еркін Нұржанұлы Әуелбеков тың игерушілермен тез тіл табысып кетті. Ерекең мамандығы агроном болса да техника тілін де жақсы білетін. Тағы бір қасиеті жұрттың бәрімен үлкен-кіші, басшы-қосшы демей қол беріп амандасатын. Халық сол үшін оны қатты сыйлады. Ал колхоздың басқарасы бізге 1–2 жылда бір рет келеді ме, жоқ па, есімде жоқ.

Тағы да бір мына оқиға есіме түсіп отыр. 1959 жылдың тамыз айы болатын. Таңғы сағат жеті шамасында комбайншыларды бригадаға апарып қайтып келе жатыр едім, анадайдан ағызып келе жатқан «Волга» машинасын көзім шалды. Дәу де болсам бастықтардың бірі шығар деп жолдарын кеспей, тұрып қалдым. Жеңіл машина менің жаныма тоқтап, ішінен үш адам түсті. Орта бойлы толықша кісі обкомның бірінші хатшысы Н. Журин болып шықты. Ол маған қол беріп амандасып, кім екенімді сұрады. Мен кешенді бригаданың бригадирімін деп таныстырдым. Хатшы жүгері алқабын жаяу аралап, жағдаймен терең таныса бастады. Қайтарда менің қолымды қысып тұрып: «Совхоз директоры Рубцовқа сәлем айтыңыз, бізді келіп

кетті деңіз», деп жүріп кетті. Ал қазіргі басшылар алдымен кеңсеге кіріп, мәлімет алуға құмар. Оларды адамдардың тыныс-тіршілігінен гөрі өндірістік жоспардың орындалуы көбірек толғандырады. Ал басшы беделі адамдарға деген жақсы қарым-қатынастан қалыптасады.

Өткенді еске алсақ талай жақсы адамдарды көріппін. Бәрі де «абзал азамат» деген айрықша атқа лайық жандар еді. Көбі дүниеден өтті. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дегендей, Қабдунасов Шәмшит, Жақыпов Мінәйдар, Алпысбаев Е. Тағы да басқа ел басқарған адамдар алдымен халық қамын ойлап, сол үшін күндіз-түні еңбек етті.

Мені кейде «қазір неге осындай басшылар жоқ» деген сұрақ толғандырады. Басшының беделі жоғын әміршіл-әкімшіл жүйеден көретіндер жетіп артылады. 15–20 жыл көлеміндегі кейінгі басшылар халықпен кеуделерін керіп, шіреніп сөйлесетін болды. Халықтық мүддені аяққа басып, елдің байлығын талан-таражға салудан тайынбады. Қазір солар туралы халық жақсы сөз айтпайды. Олар беделі мен білімді жұрдай адамдарды басшылық қызметтерге тартты. Соның салдарынан ел азды, жер тозды.

Адамға абырой, бедел, атақ айтып келмейді. Олар еш жерде сатылмайды да... Олар адамды өздері іздеп табады. Ал жалған атақ пен абыройдың ғұмыры қысқа. Оны бүгінгі Қайта құрудың қадамдары көрсетіп отыр.

## ШАҒЫРАЙ ШЕШЕННЕН ҚАЛҒАН СӨЗ

Бір алқалы жиында Шағырай шешен мен Нұрғожа деген ақылды кісі кездесіп, топтың алдында былай деп сөз қағысқан екен:

– Уа, Шағырай, – дейді Нұрғожа, – ор қояндай ойнадық, қызыққа бір тоймадық. Енді жасымыз сексенге келді, бір аяқ жерде, бір аяғымыз көрде тұр. Мынадай жиын-тойда біздің ақырғы кездесуіміз болар. Соған белгі болсын, арттағыға бір ауыз сөз тастап кетіңіз, – дейді.

– Әй, Нұрғожа, заманында аттыға жол, ауыздыға сөз бермеген шешен, халқымның қалаулысы болдым. Сен сұрасаң мен қалмайын, әйел затына арнаған көңілімде бір сөзім бар еді, соны айтайын деп, Шағырай мына сөзді айтқан екен:

*Жеті ұл тапқан әйелдер желігеді,  
Сұлы жеген аттай боп семіреді.  
Алда-жалда үйіне бара қалсаң  
Ол қатын асқар таудай көрінеді.  
Алты ұл тапқан қатындар ақырады,  
Байын да тек керекке шақырады.  
Алты ұлдың тірі жүрген буыменен  
Алдынан кесіп өтсең бақырады.  
Бес ұл тапқан қатындар белсенеді,  
Байлары ондайлардан сескенеді.  
Түздегі бір жұмысы бітпей қалса  
Қипақтап, именшектен кеш келеді.  
Төрт ұл тапқанның ісі жалтақ,*

Байы қызмет көрсетер жалтақ-жалтақ.  
 Төрт баланың тіршілік буыменен  
 Қатын басар аяғын талтаң-талтаң.  
 Үш ұл тапқан қатындар ысқырады,  
 Байдың сөзін ышқырға қыстырады.  
 Үш ұлдың тірі жүрген буыменен,  
 Ауылдас адамдарды тықсырады.  
 Екі ұл тапқан қатындар екіленіп,  
 Қойда қошқар секілді мекіреніп,  
 «Құдайым, тағы біреу бере көр», деп  
 Күні-түні дамылсыз екіленіп.  
 Жалғыз ұлды қатынның көзі жасты,  
 Алды-артына толтырар сүйген асты.  
 Жалғыз ұлдың бір жері ауыра қалса  
 Құдайы деп малдарын судай шашты.  
 Сөзге сынық келеді қу бас адам,  
 «Қу бас» деп айтады оны кейбір надан.  
 Туған жері өзінің бір кем емес,  
 Тілегі болмаған тек бір Алладан...

## ЕРДЕН БАТЫРҒА КӨҢІЛ АЙТУ

(Ел аузынан)

Ұлытаудағы Бағаналы елінен шыққан Сандыбайдың  
 Ердені деген атақты адамның Бәйменде деген баласы  
 өліп, Ерден ас-су ішпей, жер бауырлап жатып қалыпты.  
 Мұны естіген Шоқай би, Досбол датқа және Қараменде  
 би үшеуі бас қосып, Ерденге көңіл айтуға келіпті. Ерден  
 бұлардың сәлемін алмай, басын да көтермей жата беріпті.  
 Сонда Қараменде би:

Қарадан туған сен бір нар едің ғой,  
Кешегі Сандыбайдың заманында  
Мына жерде мен де бар едім ғой,  
Сонда сен жап-жас бала едің ғой.  
Енді бүгін қаралы боп  
Жатқаның аға алдында ар еді ғой,  
– деп жанындағы  
Шоқайға қарайды.  
Сонда Шоқай:  
– Ау, шырағым Ерден,  
Кеткенің бе кердең,  
Әкең Сандыбай да өлген  
Оның өлгенін  
Мына таз Шоқай да көрген, деп Досболға қарайды.  
Сонда Досбол:  
Уа өлмесе қайда кетті,  
Бұрынғының кәрісі.  
Пайғамбар шадилардың барысы  
Дүниенің бәрін жұтса да  
Толмайтын қара жердің талысы.  
Өлген қайтып келмейді  
Өлім ұзақ жолдың алысы.  
Ей, Ерден басыңды көтер жерден,  
Қолыңды бер бермен, –  
дегенде Ерден басын көтеріп, үлкендерге сәлем береді.  
Сосын: Өлген жан қайтып келеді  
Деп жатқаным жоқ.  
Өлген жалғыз менің  
Балам да емес.  
Әкем Сандыбай да өлген

Өз қолымнан көмгем.  
 Айтылатын сөз айтылмай  
 Келетін кісі келмей,  
 Наз қылып жатқан жатыс қой, - дейді.  
 Сонда Досбол үшеуінің атынан:  
 Бәрекелді Ерденжан,  
 Қадамыңа нұр жаусын.  
 Жақсы атан басқа ұрғанға бақырмайды,  
 Жақсы ат жетектесең тартынбайды.  
 Туғанына ел қуанады,  
 Өлгеніне жер қуанады,  
 Қайырлы шапағатшы болсын, – деп көңіл айтады.

## ТОҚСАН БИДІҢ СӨЗДЕН ТОСЫЛУЫ

(Ел аузынан)

Бірде Тоқсан би жанындағы бірнеше жолдасымен жол жүріп келе жатса қасындағылардың бірі әзілдеп: «Уа, Сіз аңғармай келесіз, мына үш қыз Есілге таң атпай түсіп жатыр ғой. Бұларға бірдеңе айтпай қалай кетесіз», – дейді.

Тоқсан би қараса суға түсіп жатқан Атығай Әбіл деген кісінің қыздары екен. Түн ыстық, қапырық болған соң ерте тұрған қыздар таңсәріден жұрттың көзіне түспей салқындап, суға шомылып алады екен.

Тоқсан би жолдастарымен қыздарға қарай жақындап:

*Қамысы мына өзеннің қырық буын,  
 Естідім қамыс жақтан қыздың дуын.  
 Таң атпай-ақ шолақты суға салып,  
 Өзеннің бүлдірген кім аққан суын,*

– депті.

Сонда үш қыздың ішіндегі ең кішісі судан шықпай, қолымен кеудесін басып тұрып:

*Дегенде бұқа буға, азбан дуға,  
Өзенді арамсынсаң бетің жума.  
Шешеңнің ұйытып қойған қатығындай  
Итаршы болғаның не аққан суға?..*

– депті.

Тоқсан бұл сөзге аузын аша алмай қалып, жігіттеріне ренжіп, атын бір салып жүріп кеткен екен...

## АБАЙ МЕН БЕГЕШ

*Мен бұл әңгімені Павлодар облысында болғанымда Баянауыл ауданындағы Ақши ауылының ақсақалы, ел ағасы Ақанов Нұрланнан жазып алған едім. Ал ол бұл әңгімені Сайлаубек Жақыпұлы деген кісіден жазып алған екен. Енді осы Абай мен Бегеш туралы әңгімені оқырмандар назарына ұсынып отырмын.*

Бірде Абай өзінің үйінің алдында Тобықтының игі жақсыларымен бас қосып, әңгіме дүкен құрып отырса көз көрім жерде өтіп бара жатқан қалың көшке көзі түседі.

– Кімнің көші екен, біліңдерші, – дейді Абай. Шауып барып, тіл алып келген жігіт Керей Бегештің көші екенін айтады. Абай Бегеш бимен құрдас әрі дос екен де, оның шешендігін, тауып айтқан билігін сыйлайды

екен. «Шақырып, дәм татырып жіберейік» – дейді. Сонда Тобықтының кейбір үркеппелері:

– Керейдің әрі өткен, бері өткен біреулерін шақырып алып, төрімізге шығаруымыз жөн бе? Бегеш сонша кім еді? – дейді даурығып.

– Сендер қазір Бегеш келгенде орындарыңнан тапжылмаңдар. Төрге шығармағандарыңды мен көрейін, оның кім екенін сонда білерсіңдер, – дейді Абай.

Кешікпей Бегеш келіп, ассалаумағалейкум деп сәлем бергенде Абай:

– Мыналар «қу» деген кім деп дауласып, жауабын таба алмай таласып жатыр, соның жауабын сен айтып жіберші,- дейді.

– Қу сенсің Абай,- депті сонда Бегеш ойланбастан.

– Жоқ, Бегеш мен қу емес, сен қусың. Ел-жұртты аралап келіп, жүйрік шешендердің аузынан шыққан сөздерді жаттап алып, менің сөзім деп жұртқа жаясың.

Сонда дастарханды айнала алқа-қотан отырған адамдардың сыртын орай доғаша иілген кітап сөрелерінде толып тұрған кітаптарды көрсеткен Бегеш:

– Абай сен сонау сөрелердегі араб, парсы, шағатай, орыс кітаптарындағы ғұламалардың сөздерін үйреніп алып, оны қазақ арасына өз ойыңмен жетілдіріп, өз сөзің қылып таратасың. Мен болсам қазақтың өз ішіндегі сөздерді ғана біліп, ел кәдесіне жаратамын. Сонда асыл сөзді ғаламнан жинап-терген сен менен де қу болдың ғой, – деп күліпті.

Абайдың сөзден ұтылғанын білген отырғандар орындарынан тұрып, Бегешке қол беріп амандасып, төрге шығарыпты. Сонда Абай аналардың өзімен таласта жеңілгенін

айтып шенепті де, жүр бәріміз де сыртқа шығайық деп өзі бастап, далаға жөнеледі.

– Ал қане, мықтылықтарыңды көрейін, мына соғып тұрған желден бір-бір уыс ұстандаршы, – депті көпке. Тұрғандар бір-біріне қарасып:

– О заманда бұл заман, жел ұстатушы ма еді, не деп тұрсың Абай? –деп бәрі ақынға қарайды.

– Дұрыс айтасыңдар, жел ұстатушы ма еді? Бегеш те есіп тұрған қызыл жел емес пе, сендер оны қалай ұстайсыңдар? – дейді Абай сонда.

Жұрттың бәрі жапырлап, Абайдың сөзінің растығын мойындап, қауқылдасып үйге кіргенде Тобықтының үлкендерінің бірі Бегешке:

– Дана кім, ақылды кім? – деп сұрайды.

– Дана да, кемеңгер де Абай, – депті Бегеш. – Мен бұзылсам Абай түзейді, Абай бұзылса кім түзейді? – депті сәл ойланып. Жұрттың бәрі үнсіз мойындап жерге қараған екен...

## САУЫТБЕКТ І Ң БАТАСЫ

(Ел аузынан)

Жидебай мен Сауытбек шешен жолаушы келе жатып, бір байдың үйіне түсіп, қонуға рұқсат сұрайды. Бай бір сараң адам екен, ұялғанынан ғана рұқсат береді. Бірақ союға қойын қимай бір текешікке бата сұратады. Жидебай Сауытбекке сен бата бер дейді. Сонда Сауытбек:

*Бата бер дедің лаққа,  
Дауысы кетті жыраққа.*

*Ащы екен үні байғұстың  
 Түрпідей тиді құлаққа.  
 О дүниеге барғанда  
 Алмасын Алла сұраққа.  
 Қой болмаса қозы сой  
 Бейшараны жылатпа, – дейді.*

Екі жолаушының тегін емес екенін аңғарған бай қол қусырып құрмет қылып, отарынан бір семіз қой алдырып, сойдырған екен.

## **ШАҒЫРАЙ МЕН НҰРҒОЖА**

### **(Ел аузынан)**

Көшебе Құрымбайдың Нұрғожасы сексеннен асқан шағында Шағырай шешеннің науқастанып жатқанын естіп бірер жолдасын және бәйбішесін алып, бір саба қымызы мен қысқы соғымның сыбағасын салып көңілін сұрауға арнайы барған екен. Шағырай оның келгеніне риза болып, жастықтан басын көтеріп, әңгімеге араласып көтеріліп қалады. Бірнеше күн қонақ болған соң кетерінде Нұрғожа:

– Ал Шағырай, мен енді аттанамын. Аллаға жаның аманат, арттағыға екеуміз соңғы бас қосқанда айтылыпты деген бір сөз қалдырмайсың ба? – дейді. Сонда Шағырай былай деген екен:

*Әулие пірден бата алдым,  
 Кәріліктен өткен пәле жоқ,  
 Бір шідерге маталдым.*

Күрек тісім түскен соң  
Ілгешек кірді сөзіме.  
Жиырма бес жас ішінде  
Жұрт қызыққан сөзіме.  
Жай бұлтындай жалтылдап  
Қадірлі болдым еліме.  
Кәрілік шіркін жаман-ды,  
Бір сұмдық кірді беліме.  
Мұнша жасқа келгенше  
Көріп ек талай заманды.  
Ендігі мына заманда  
Жүк тайлақта қалар,  
Билік бойдақта қалар.  
Елден жақсы кетіп, жаман қалар.  
Жүйрік кетіп шабан қалар.  
Атаның әділ сөзі қалар.  
Содыр мен амал қалар.  
Атаны бала сыйламас,  
Ананы қызы сыйламас.  
Жазы қыс болар,  
Досың дұшпан болар.  
Ағайын қандас болар.  
Малы есепті болар,  
Өзі өсекті болар.  
Әділдік кетті билерден,  
Билік кетті үлкеннен.  
Қайғы түсер ата менен анаға.  
Жерге сілті түскен соң  
Мал жайылмас далаға.  
Жүйрігі апарып тастайды  
Алыстағы қалаға.

*Шай, қант сатып алады,  
 Қатын менен балаға.  
 Пиғылы жұрттың қарайып  
 Соқтырар пәле-жалаға.  
 Келешектің баласы  
 Кигені болар жырық.  
 Аталы сөз айтсаң да  
 Тыңдамас олар тұрып.  
 Өткенімізге сүйеніп  
 Өтеміз де Нұрғожа,  
 Келешек үшін күйініп.*

## ШАЙТАН ТУРАЛЫ ШЫНДЫҚ

Мен шайтан туралы айтпағымда өз көзіммен көргендерімді, құлақпен естігендерімді кейінгі жастар жалғыз-жарым жүргенде, жолдан адасқан шақтарында өзін қалай ұстауды білу үшін әдейі әңгіме еткім келді.

Бірде «Жұлдыз» журналынан Мағрипа Жылқыбаева деген автордың шайтан туралы мынадай әңгімесін оқыдым: «Үй толы жанның ішінде дене бітімі ерекше, сөзі де парасатты Сыдық деген кісі жөткірініп алды да:

– Мен басымнан кешкен бір оқиғаны айтайын. Жылқы бағып жүріп бір үйірдің бөлініп кеткенін көріп, іздеуге шықтым. Маңайдың ой-шұқырын біраз сүзіп, аттың басын Ақшиге қарай бұрғанмын. Ол кезде қазіргідей ел тығыз емес, көз ұшында бірен-саран ауылдар ғана кездеседі. Әйтпесе сайын далада ұшқан құстан басқа қара көзге түспейді.

Жол-жөнекей қалың шилі ойпатқа тап болдым. Әр жерден ұшқан бөденелер ғана тылсым тыныштықты бұзады. Ойда жоқта лақтың дауысы естілгендей болды. «Е, мына қалың шидің ішінде жайылып жүрген қойлар болды ғой. Оның қойшысы қайда екен, көлеңкелеп бір жерде отырса барып жөн сұрайын деп атты тебініп, дауыс шыққан жаққа бұрылдым. Бірақ астымдағы торы атым осқырынып, олай қарай басқысы келмей жалтара берді. Бұрын қамшы салдырып көрмеген жануардың мұнысы несі деп ойлап, амалсыз атымды сауырына бір салдым. Осы кезде қалың шидің арасынан бір кішкентай, қап-қара лақ шыға келгені ғой. Атым жалт бұрылып, сыртқа қарай ала қашқанда құлап қала жаздадым. Бұл ісіне ыза болып, тізгінды тартып, атты осып-осып жіберіп, кері бұрдым. Мойнымды созып, өзге қой-ешкіні көріп қалар ма екенмін, қойшысы көзге түспес пе екен деп қарап келемін. Бірақ сол жалғыз лақтан басқа тірі пенде жоқ. «Жануар-ай, шидің ішінде адасып, табыннан көз жазып қалған ғой», – деп аяп, «қой, мұны бір жыртқышқа жем қылғанша үйге апарып, асырайын. Кішкентай Күнесбайым да қуанып қалсын», деп ілгері тебіндім. Атымның тұла-бойы жыбырлап, үркіп, лаққа қарай жақындағысы келмегеніне мән бермей, қамшылай түсіп, «шөре-шөре» деп едім, лақ маңырап, жақындай түсті. Іліп алып, алдыма өңгердім. Сол кезде үркіп, осқырынған торы ала жөнелді. Тіпті бүкіл арқа-басы дірілдеп, жалы да тұрып кеткендей болды. Оның оқыс мінезіне ыза болып, сауырдан қатты осып-осып жібергенімде жануардың құлақ түбінен моншақтап тер аққанын көрдім. Сонда ғана атым аздап тыныштанғандай болды, ал лақ алдымда тып-тыныш, моп-момақан болып жатыр.

Әй, пендешілік-ай, біраз жүрген соң «өзі бір ақылды жануар екен, тып-тыныш жатқанын қарашы, ұрғашы болса тұқым қылайыншы» деп екі аяқтың арасына қарай қолымды апара бергенім сол еді, сұмдық-ай, алдымда жатқан лақ үн-түнсіз көзден ғайып болып кеткені. Не болғанын түсінбей алдымды сипаладым да қалдым. Сәлден соң есімді жиып, «пісміллә» деп қамшының сабымен үсті-басымды, ер-тұрманымды сабаладым. Жаңағы жерден ұзап, үстіртке шыққанша дамыл таппадым. Денем де біртүрлі ауырлап кеткен сияқты болды. Атым да әлгі жерден суырылып, тізгінді сүзіп қатты желіп кетті. Бұл оқиға 1945 жылы Күнестің Талды ауылында болып еді. Содан бері елсіз жерде тосын нәрсеге жоламайтын болдым», – деп Сыдық сөзін аяқтап еді.

Осындай әңгімені оқи отырып мен де өз басымнан өткен оқиғаны айта кетейін. 1943 жылы 13 жасар бала кезім еді. Әкемді майданға алып кетті де біз жеті бала шешемнің қарауында қалдық. Он жастан жұмысқа араласқан маған сол жылы ауылдың малын жаяу бағуға тура келді. Шешем таңертеңгі сағат алтылар шамасында ауылдан малды өріске айдасуға көмектеседі де өзі ұжымшардың жұмысына кетеді. Мен болсам сол алакөбеде үйден шыққаннан кешке күн батарда ғана малды айдап ауылға келемін. Түс кезінде мал тойынып, жусаған кезде бір мезгіл мызғып аламын.

Бір күні сол әдетіммен малдасын құрып жатып, қатты ұйықтап қалыппын. Қаздардың ән салып, шулаған даусынан селк етіп оянып кеттім. Атып тұрайын десем денемді бірдеңе езіп, тыпыр еткізбейді. Маңайда мал да көрінбейді. Ақыл-есім дұрыс, бірақ тұруға әлім жоқ. Қара терге түстім. Бір уақытта Дауылкенің Жақиясы деген

атамның айтқан: «отырсаң да, жатсаң да Аллаға сыйынып «пісмілла» деп айтып жүр дегені есіме түсті. «Пісмілла-пісмілла» деп қолымдағы қамшымды жерге сабалап, зорға деп тұрып кеттім де әлгі жерден тұра қаштым. Сонда артымнан әндеткен, күлген дауыстар біраз жерге дейін естіліп тұрды. Бұл менің жын-шайтанмен алғаш кездескенім.

Екінші рет, 15 жыл өткенде, 1958 жылы кеңшардың қойын бағып жүргенде ұшырастым. Түс кезінде қойдың жусағанын пайдаланып, атымды өрелеп, дөңестеу жерге жатып едім, көзім ілініп кетіпті. Сол кезде «міне тағы кездесті, енді құтылмас» деген әйелдің сөзін ту сыртымнан естіп, атып тұрып, «Ықылас» сүресін оқып, айғай салып, атыма келдім. Қарасам атым қара терге түсіп, еңтігіп тұр. Өзім жатқанда атымды мініп, қинаған екен. Атыма тез мініп, сол арадан жылдам кетуге тырыстым.

Үшінші рет, 1966 жылы 8 қарашада кездестім. Сол күні Сергеев ауданының Жалтыр ауылында тұратын бажам Едірестің Қайсасы қайтыс болып, соны жерлеуге барған едік. Бата оқырын жасап, іңір қараңғысында елге жүріп кеттік. Едірес молда жолға шығарда «Балам, асфальтпен жүр, тура жолмен жүремін демендер, жолда жаман Жалтыр қыстауы бар, бір нәрсеге жолығып қаларсың», деді.

Ол кезде анау-мынауға көңіл аудармайтын жас кезіміз ғой, мінгеніміз жолдасым Василий Трифоновтың жап-жаңа «Москвичі» болған соң ештеңеге алаңдамай тура жолмен шығып кеттік. Әйелім мен балам салонның артқы орындығында отыр. Әлгі ақсақал айтқан қыстаудан өте бергенімізде соңымыздан ұзындығы 5–6 метрдей жіңішке от терезеге жақындап қалып отырды. Оны әуелі әйелім көріп, маған айтты. Соңымыздан қалмай ілесіп келе

жатқан сым секілді отты мен де көрдім. Бәрімізде үн жоқ, қорқып келеміз. Машина сағатына 70–80 шақырым жылдамдықпен ызғытып келеді. Мынадай жаман жолда шопыр неге қатты жүреді деп ойласам отты ол да көріп келеді екен. Әлгі сым от бізден шамасы 30–35 шақырым бойы қалмай, тек Кеңес ауылының тұсында асфальтқа шығатын кезде ғана артта қалды.

Ал былтыр, шілде айының алтыншы жұлдызында үйге шөп шапқыздым. Бейсенбі күні көпенеге салып, үйге тасу үшін балам Сансызбай көмекке алты жігіт әкелді. Бірінші тракторды тіркемесімен жіберіп, тамақ ішуге отырдық. Тамақ ішіп болған соң Валерка деген жігіт бізден аулақ, шамамен елу метрдей жердегі саяқ тұрған үш қайыңның саясына барып тынықпақ болды. Менің «ондай саяқ өскен ағаштың бауырына жатуға болмайды, осы жерге жата бер» дегеніме болмай кетіп қалды. Біз әңгіме-дүкен құрып, шылым шегіп отырғанбыз. Біраз уақыттан кейін әлгі жігіт келе жатыр, өң-түс жоқ, оң қолын көтеріп алыпты, терісі жыртылып, содан қап-қара қан ағып тұр. Біз не болды деп шошып кеттік.

Сөйтсек Валерка ағаштың түбіне барып жатқан екен, құлағына жоғарғы жағы салқын, соған шығып жат деген дыбыс естіледі. Ұйқылы-ояу, дауыстың қайдан шыққанын аңғармаған жігіт жоғары өрлейді. Сол кезде біреу мұның етегінен тартып қалып, жерге қатты құлатады. Қолын сол жердегі бұтақ жырып кетіп, қып-қызыл қан қылыпты. «Енді орнымнан тұрсам арт жағымнан күлген дауыс естіліп, өз құлағыма өзім сенбей қорқып тұрмын», – дейді ол. Мен орнымнан тұрып, өз білгенімді оқып, Валерканы үшкіріп, қолын таңып бердім. Жігітім дірілдеп, «ендігәрі

үлкендердің айтқанын екі еткізбеспін-ау, құдай мені сақтады», – дейді.

Жастар Құранның сөзі қасиетті екеніне осындай оқиғалардан көзі жете түседі. Адам әрқашан Құран сөзін айтып, Аллаға сиынып жүрсе пәле-жала жоламайды. Ғылым да бізді қоршаған ортада паралелді әлем барын айтады. Бірақ ғылым оны әлі күнге толық аша алған жоқ, ал Құран сөздері оның барын, зиянын, адамды аздыратын пәлелері көп екенін және олардан сақтану жолдарын көрсетеді.

Жеті түнде жалғыз келе жатқан жолаушы ешқашан жалғыз тамға, жалғыз ағашқа жоламай, үлкен зираттарды ғана паналауы керек. Бұл ертеден бері атадан балаға беріліп, сақталып келе жатқан әдет. Жеті түнде жалғыз жүруден қатты сақтану керек. Өйткені түн табиғаттағы біз тани алмайтын құбылыстардың көшіп-қонатын сәті. Олар күндізгі жарықтан қорқып, белсенді әрекет жасай алмайды, ал түнде құтырып кетеді. Ақылды ата-бабаларымыз кең даланы бізге қарағанда көп кезген және пәле-жаладан қорғану жолдарын да жақсы білген. Әжелеріміздің сәбиді жатқызар алдында бесікті отпен аластауының да дұрыс екенін де өмірлік тәжірибе көрсеткен. Баланың жөргегіне тығылып қалатын пәлелер оттан қашып, аласталады. Сонда сәби тыныш ұйықтап, түнгі ұйқысы бұзылмайды.

Ата-бабаларымыз ішер ас пен ыдыс-аяқтың бетін де түнге қарай жауып қояды. Тіпті ішетін судың бетін де ашық қалдыруға болмайды. Дастарханда тағамның беті ашық қалса, оны біздің бәйбіше немерелеріне жегізбейтін. Тіпті христиандарда да мұндай әдет бар, олар жабатын түк болмаса бетін бір тал сабанмен болса да жауып қой деседі.

Келешек жастар дінге мойын бұрып, пайғамбарымыздың хадистерін оқып, оны миға тоқып имандылық жолына түскендері дұрыс болады. Алланы әрқашан еске алып, аузынан тастамайтын адамға пәле-жала жоламайды. Атақты Шал ақын да былай деген:

*Арам болса қашады су кісіден,  
Естімеген сөз шығар сұм кісіден.  
Құран кәрім айтқаны рас болса  
Жұмақ көрер бір жан жоқ бұл кісіден.*

Бұл жерде ақын пендешілікке ұрынып, Алланың ақ жолын ұмытқандардың бәріне жұмақтан орын жоқ екенін меңзейді.

\* Біз Зәркөш Тақыровтың халық аузынан жинаған деректерін толық жазған жоқпыз. Өйткені олардың бәрі де басқа басылымдарға шыққан. Бірақ керек ететін жандар болса баласы Сансызбай Тақыровтан алуларына болады.

## V тарау



### САРМАННЫҢ ІНІЛЕРІ ОРЫС (Ұлыс) пен ЖОЛБОЛДЫ

Біз жоғарыда Ақбалықтың үш ұлы болғанын айтып, оның үлкен ұлы Сарманның ұрпағын тараттық. Енді Ақбалықтың Орыс (Ұлыс) және Жолболды аталарынан туғандарды тарата кетейік.

### ОРЫС (ҰЛЫС)

**Орыстан** – Бегалы, одан Кәрібай мен Қожа туған.

**Кәрібайдан** Төлеміс, одан Махамбет, Рахмет, Омар, Әубәкір, Ыбырай, Оспан, Сағит, Дүйсенбек. Рахметтен Молдахмет, Кәмен. Молдахметтен Мағзұм, Рүстем, Болат. Мағзұмнан Ермек, Еділбай, Ыбырай (*Еркетай*), Рүстемнен – Серік. Болаттан – Ақылбек. Омардан – Дүйсенбі. Әубәкірден – Қаппас, Зәйкөн, Әлдике. Қаппасан – Ебіней, Зәйкөннен – Қабыкей, Көшен, Нияз, Ораз. Қабыкейден – Мұрат. Көшеннен – Дәулен, Талғат, Дәулет. Ораздан – Таңат, Қанат, Әділхан, Асылхан. Әлдикеден – Ебікей,

одан Нұрбай, Ербай, Жасұлан, Ертай, Нұрлан, Талғат, Айдос. Сағиттан – Сағди, одан Сүлеймен. Оспаннан – Әлен, Құдайберген, Қаймолда. Қаймолдадан – Бірлік, Шаймолда, Шаймерген, Біржан, Мыңжан.

**Қожадан** – Әйтен, одан Әбдірахман, одан – Жұныс, Жұсып. Жұныстан Есқақ, Тұяқбай. Тұяқбайдан Меделбай. Жұсыптан Қойшыбай, Қозыбай, Қойшыбайдан – Бейсен, Жаңабай, Мәлік, Бақыт. Қозыбайдан үш бала.

Осы жерден Орыс (Ұлыс) ата төмамдалады. Зәркөш Тақыров «білгенімше жаздым» депті. Ал Жолболдыны таратар алдында Зәкең мынадай түсінік береді:

*Жолболды туралы әртүрлі әңгіме бар. Менің естігенім бойынша Жолболды Сарманның інісі. Самай табынан шыққан Айтбай батыр Кіші жүзге жорыққа барып, жолы болып олар талап кеткен көп мал-мүлікті қайтарып және соның үстіне көп олжамен оралады. Тіпті бір батырдың баласын бесігімен ала кетіпті. Қайтқан сапарында мұнда сырқаттанып қалған досы Ақбалық батырдың қаза болғанын естіп, өз ауылына жетпей, жолдан оның шаңырағына соғып, бата қылуға келеді.*

*Сол уақытта Сарман 10–11 жасар ойын баласы екен, жүгіріп жүріп бесіктегі баланы көріп, жанынан айналшықтап шықпай қояды. Мұны шешесі көріп, бесіктегі екі шекесі торсықтай баланы қолына алып, Сарманмен екеуін екі тізесіне отырғызады. Сонда бәйбішенің емшегі иіп, сүті ағып кетіпті де, баланы емізіпті. Өзі де сол кездерде күйеуінен аяғы ауыр қалған екен.*

*Айтпай батыр бата қылып, ас-суын ішкен соң жүрер алдында Ақбалықтың бәйбішесіне қалағаныңызды сауғаға алыңыз деп айдап келе жатқан мал-дүниені көлденең тартады. Сонда бәйбіше дүниеге қызықпай бесіктегі баланы*

ғана қалапты. «Мен Сарманнан соң бірнеше құрсақ көтергеніммен бала тұрмай, шетіней берді. Мына бала Сарманға іні-бауыр болсын», дейді. Айтпай батыр сөзге келмей «алдынан анасы кездесті ғой, жолы болар, аты Жолболды болсын» деп баланы бесігімен тастап кетеді.

Артынан бәйбіше де көп кешікпей аман-есен босанып, ұл туады. Тойға Айтпай батыр да келеді. Шақалаққа ат қойыңыз дегенде ол Сарманнан кейін сәбилердің шетіней бергенін ескеріп, жаман ат берсе өлмес деген ат теріс салтымен оған Орыс деп ат қояды. Кейін оны кейбір жұрт Ұлыс деп кеткен», дей келіп, одан әрі Жолболды атадан туғандарды таратады.

## ЖОЛБОЛДЫ

Жолболдыдан – Бердібай, одан Күдер, Мошанбек, Мұстапа, Алпы, Құттыбай, Жарқабақ, Күртік, Шүртек, Көбен, Алпамса деген он бала туған.

**Күдерден** – Рамазан, Смайыл, Рахия. Смайылдан – Әлімбай, Әлжан, Ержан, Қалжан, Зікірия, Серәлі, Серғазы туған. Смайылдан – Әлжан, одан Шәймерген, Жағыпар. Ержаннан Қапен. Қалжаннан – Есләм, Мүсәй, Шұғай. Серәліден – Тәшен, Қайырбай. Зікіриядан – Амангелді. Әлімбайдан – Қошан, Қошқарбай. Қошаннан – Манат, Серғазы. Жетпісбайдан ұрпақ жоқ.

**Мошанбектен** – Қала, Мырзатай. Қаладан Амандық, Нұрмұқан. Амандықтан – Ожан, Қожан. Нұрмұқаннан Нәзікен, одан Руслан, Аслан. Мырзатайдан Байзақ, Бәкеш (екеуінен де ұрпақ жоқ).

**Мұстападан** – Ырсай, Жүкен, Жүси, Ыбырай. Рсайдан Айса, Ілияс. Айсадан – Мәкен, Ілиястан – Сәкен, Совет. Жүкеннен- Баймұқан, Жанмұқан, Ермұқан, Зейнолла. Ермұқаннан Қайырбек, Зейнолладан Серік, Жүсиден Есмақан, Айтпай, Мағзұм, Есмағзи. Айтпайдан – Бейсен, Шалабай, Дүйсенбі, Далабай. Мағзұмнан Бірлік, Біржан. Есмағзиден – Жәдігер, Жасұлан, Болат, Жанат.

**Алпыдан** – Түгелбай, Сүттібай, Сүттібайдан Кәсен, одан Есенбай. Түгелбайдан – Сәрсенбі, одан Кәмен.

**Құттыбайдан** – Әбіл, Сәрсекей. Әбілден Бекен, Сәрсекейден Сыздық, одан Сайран.

**Жаркабактан** – Мәлі, одан Мырзабай, Қапар. Мырзабайдан Қабдол, Қаби, Шоқа. Шоқадан Нұртай, одан Өмірзақ, одан Кәдіржан.

**Күртіктен** – Аяпберген, одан Темірбек, одан Ақын.

**Шүртіктен** – Орынбай, Байтоқ. Орынбайдан Қалашы, одан Бикен, Жанбосын, Бижік, Төлеш. Байтоқтан Бәйке, одан Жиентай.

**Көбеннен** – Сылқым, Самат. Сылқымнан Қамбар, Нұрыш.

**Алпамсадан** – Қамза, одан Әлғиса, Әлтай.

## VI тарау



### **АҚБАЛЫҚТЫҢ ІНІЛЕРІ ЖОЛБАРЫС ПЕН ЖАЙЫЛҒАН**

*Біз жоғарыда Ақбалықтың әкесі Төлес екенін айттық. Одан Ақбалық, Жолбарыс, Жайылған туған. Біз Ақбалықтың үш баласы Сарман, Орыс (Ұлыс) және Жолболдының шежіресін тараттық. Сарман, Көбеш, Қоржынкөл, Бостандық және т.б. ауылдарда, Қызылжар, Ақмола қалаларында Төлестің Жолбарыс пен Жайылған деген балаларының да қалың ұрпақтары тұрады. Бұлар Ақбалықтың інілері, сөз реті келгенде олардың шежіресін білгенімізше айта кетейік.*

Ақбалық пен Жолбарыс қалмақтың бір бегін өлтіріп, бәйбішесінен қарғыс алған деген сөз бар. Ол кезде қазақтар Алтай аймағында отырады екен. Көршілес қалмақ елінің бір бегі немересі туғанына үлкен той жасайды. Сол тойға Ақбалық пен Жолбарыс та барады. Қалмақтың той басқарған жігіттері екі қазақтың бәйгеден келген жарау аттарына қызығып, оны сұрайды. Бірақ бұлықсыған екі батыр аттарын беруші ме еді? Алайда айлакер қалмақтар бектерін қызықтырып, оның бұйрығымен жабылып, екі

батырдың аттарын тартып алады. Бұған ыза болған батырлар «ажалың бізден» деп серт береді.

Той тарқап, Ақбалық пен Жолбарыс өз адамдарымен кетіп, біраз жерге барған соң қалмақ бегінің аз адаммен қалғанын пайдаланып, қайтып келіп оның қосынына шабуыл жасайды. Сол жолы Жолбарыс батыр қалмақ бегін найзасымен өлтіреді.

Бек өлген соң қазақ-қалмақ арасында үлкен дау туып, екі жақтан шығарылған билер көп дауласып, әділ төрелік бере алмайды. Сол кезде бір бидің аузынан: «орманда бар жолбарыс, тоғайда бар жолбарыс, теңізде бар ақ балық, көлде де бар ақ балық, Бұл не деген Ақбалық пен Жолбарыс» деген сөз қалған екен. Ақыры қазақтар жағы бектің құнын төлегенімен оны әділетті төрелік деп мойындамаған аузы дуалы бәйбішесі Ақбалық пен Жолбарысты: «шаңырағың оннан аспасын, қонысыңның маңын мал баспасын» деп қарғаған екен. Бұл тұқымың өспесін, малың көбеймесін деген ауыр қарғыс еді. Сол қарғыс Ақбалыққа емес Жолбарысқа дарып, үлкендердің айтуы бойынша одан тарағандар 5–6 үйден аспаған.

## ЖОЛБАРЫС

**Жолбарыстан** – Байкісі, Жанкісі. Байкісіден – Шегебай, одан Байбосын, Сәрсенбек. Байбосыннан Жанмолда, Баймолда, Жанмұқан. Жанмұқаннан Жолан. Сәрсенбектен Нұрмолда, Нұрғали. Нұрмолдадан Қойшы, Қайыржан. Қойшыдан Мұстақым, Ораз, Есенгелді. Қайыржаннан Қанат, Мұрат, Жанат.

Жанкісіден – Күзенбай, одан Нұрым, одан Жақып, Қасейін. Қасейіннен Қабдөш, Қайыркө, Қуантай.

## ЖАЙЫЛҒАН

Енді Төлестің кіші баласы **Жайылғанды** таратамыз.

**Жайылғаннан** – Қарамен, Тойған, Татыр, Өтеген. Өтегеннен Тайбұға, Тайсаң, Жайсаң, Таймас, Бұрқыт атты бес бала туады.

**Тайбұғадан** – Иманкұл, Сибан. Иманкұлдан Жақия, одан Бейсекей, Ережеп, Рахымжан. Рахымжаннан Әміржан, Ережептен Талап.

**Сибаннан** – Шақан, Ұртыш, Ақтан. Шақаннан Сәдуақас, одан Тұралы. Ұртыштан Боранбай, Кәрібай, Балғабай. Ақтаннан – Сұраған, одан Қайыржан, Тілеужан. Қайыржаннан Сайран.

**Жайсаңнан** – Уәли, одан Әбілмәжін, одан Текебас, одан Теміртас, Темірғали, Әмірғали және Болат.

**Тайсаңнан** – Бегалы, Бекбай, Көлебе, Көлбай. Бегалыдан Арғымбай, Алшымбай. Алшынбайдан Мұқан, одан Тілеубай, одан Сайлау, Мүкәрам, Нұржан. Арғымбайдан Тұрсынбай, Бейсенбай, Үйсінбай, Әсен, Үсен, Дүйсен, Үсенбай. Тұрсынбайдан Иманбек, одан Еркін. Үйсінбайдан Есман, одан Амантай, Далабай. Әсеннен – Жұмаш, Марат. Мараттан Бейбіт, Азамат, Самат. Бейсенбайдан Айтпай, Айтқұл, Елубай. Айтбайдан Қобылан, одан Самат, Қанат. Үсеннен Атамбай, Атантай, Жұматай. Атамбайдан Жасұлан, Арыстан, Мөлгаждар, Руслан. Үсенбайдан Әмірғали, одан Айбек. Көлебеден Тастанбек, одан Қалике, одан Сәрсек, одан Серік, Берік. Көлбайдан Тасемен, одан Қосыман, одан Әскер. Бекбайдан – Бейсентай, Меңдібай.

## ЕЛ АҒАСЫ

**Жоғарыда Зәркөш Тақыровтың Жамбыл ауданындағы Троицк ауылында тұрғанда ата дәстүрін сақтаған, аталы сөз білетін өнегелі ақсақал болғанын жазған едік. Сол сөзімізді кезінде Троицк мектебі директорының орынбасары болған Салтанат Байғаскина апайымыздың мына мақаласы тірілтіп отыр:**

Такировтар жанұясы біздің Троицк селосына 1995 жылы көшіп келді. Сол кезден бастап Зәркөш атайды біле бастадық. Ол кісі біз сияқты жастарға көп нәрсені үйретті. Әсіресе, ұлттық құндылықтарымызды жаңғыртуда ақыл-кеңестерін айтып, дұрыс жолға сілтеп отырды.

Мен мектепте оқу ісінің меңгерушісі болып жүргенімде қазақтың ұлттық орталығы – «Атамекен» ордасын құрмақ болдық. Сол орталыққа қандай ұлттық бұйымдар қоямыз және оны қайдан жинасақ екен деп дағдарғанда мен Зәркөш атайға барып ақылдастым. Атамыздың алдымнан шыққанына қуанып кетіп, «жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан» дегендей болды деп айтқаным есімде.

Мен өзіміздің мақсатымыз туралы айтып, қазақ орталығын құруға қандай ақыл-кеңес бересіз дегенімде ол мені бірден түсініп, көптеген мәслихат айтты. Ал орталыққа қоюға қолөнерінің бұйымдарын қайдан табамын деп қысылғанда өзінің үйінде ілулі тұрған қолдан тоқылған кілемді алып беріп еді. Ол кісінің осы үлгісімен басқа кісілер де қолдағы барын беріп, орталықты көркейткен едік. Атамыздың ақ пейіл, елдің болашағына жаны ашитын, ұрпақтардың ұлттың салтты ұмытпауын қатты

қадағалайтын үлгілі ақсақал екеніне талай рет көзіміз жетіп жүрді. Ел ол кісіні қатты сыйлап, алдынан кесе көлденең өтпеді.

Үйіне бара қалсақ құрақ ұшып қарсы алушы еді. Бәй-бішесі Ұлпаш апай да, жалғыз ұлы Сансызбай мен келіні Алма да атаның үлгісімен кісіні сыйлауға, құрмет көрсетуге әрқашан әзір тұратын қонақжай жандар еді. Бұл отбасы біздің Троицк селосына үлгі болған тамаша шаңырақ болды. Ол кезде немерелері Ақмарал, Анар, Жанар біздің мектепте оқыды. Бәрі де оқу озаты, тәртіпті балалар болды. Осының бәрі отбасының тірегі Зәркөш атаның үлгі-өнегесі екені білініп тұратын. Менің 49-ға толған жасымда атамыз мынадай бата берген еді:

*Салтанат мүшел жасың құтты болсын,  
Денсаулығың сауһар тастай мықты болсын.  
Әусатпен қатар жүріп қызық көріп  
Бала-шағаң әрқашанда аман болсын.  
Ордаңның босағасы болсын берік,  
Әусат та оң жағыңда жүрсін еріп.  
Еріп жүрген балапандар өсіп-өніп  
Ержетіп, тұрмыс құрып болсын серік.  
Батамды қабыл алсын бір Құдайым,  
Көрсетпесін өмірде қайғы-уайым.  
Туған күннің тойларын жылда жасап,  
Туа берсін оң жағыңнан күн мен айың.  
Алпыс бір мүшеліңді аттап өт,  
Жетпіс үш мүшеліңнен желіп өт.  
Сексен бес мүшеліңе жеткеніңде  
Құтты орнына бір Алланың мінәжат ет!*

09 наурыз 2001 жыл

## ҚОРЫТЫНДЫ

Зәркөш Елеусізұлы Тақыров (1931–2001) ағамыз өз заманының адамы. Оның өмірі мен өнері туралы жазылған жоғарыдағы айтылған жолдарды оқыған адам еліміздің ол өмір сүрген жылдарындағы ахуалын тереңірек тани түседі. Халқымыздың бастан кешкен тарихын терең білгісі келген көзі қарақты жандар, өлкетанушылар, зерттеушілер, журналистер, ғалымдар көп дүниеге көздері ашылады.

Бұл ұрпақтың көрмеген азабы жоқ. Алдымен олар 1931–33 жылдардағы қолдан жасалған голощекиндік аштықты бастан кешті. Кейіпкеріміздің «Он үй Сарманның» ортасындағы жалғыз бала болдым» дегенінен-ақ сол жылдардағы ауыр тұрмысты тануға болады. Қазақ шаңырағында бала болмауы мүмкін емес, бірақ аштықтың салдарынан он үйдің тоғызында бала қалмаған, бұл сұмдық жағдай. Одан кейін соғыс жылдарында да бұлардың көрмегені жоқ. Он жастағы балалар үлкендермен бірге нешетүрлі ауыр жұмыстарды қолмен атқарған... Мал жайып жүріп айдалада ұйықтап қалып та талай рет ажалдан, бәле-жаладан қалған.

Соғыстан кейінгі жылдары да «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» орнай қойған жоқ. Мектеп алыста, оған қысы-жазы жаяулап-жалпылап қатынайды. Күн суық, киім жұқа, қарын аш, оның үстіне аш қасқырлар анталаған айдала... Осындайда оқып көр. Сондықтан оқитын, ұмтылған бала мектепті 22–23 жастарында зорға бітірген. Бұл жасында үйленіп, бала өсіруі керек, сондықтан алыстағы оқуға бара алмай, техникум, училище дегендердің

күндізінде бастап, сырттан оқып зорға бітіреді. Зәркөш ағамыз қайсар, табанды болуының арқасында ғана күндізгі бөлімін аяқтаған. Ал оның қаншама замандасы, құрдасы оқуын бітіре алмай, тастап кетті.

Осының үстіне бұл ұрпақтың басына орыстандыру саясаты да қатты тиіп, бойдағы ұлттық рухты құртуға жанталасты. «Өнердің бәрі орыста, орыс ұлы халық, орыстың дәстүрі озық» дегенді басқа сіңіріп, солармен бірге арақ ішіп, арсыл-гүрсіл сөйлеп, аталы сөз айтудың орнына балдыр-батпақ «тост айту» деген салт қалыптасты. Барлық жиында, той-томалақта, құдалықта «анау болсын», «мынау болсын», «бақытты болсын», «шаттықты болсын», «денсаулықтары зор болсын» дегенмен ғана шектеліп, ойды тұсап, тілді күрмеп ақыры «қайран тіл, қайран сөз, наданға қадірсіздің» заманы келді. Шешен тіл барынша құрсауланды. Балаларымен орысша шүлдірлесіп, сөйлескенге мәз болатын аталар мен әкелер, әжелер мен шешелер қалыптасты. Осы запыран бүгінгі күнге жалғасып, жыл сайын дамып келеді. Қазір ел қазақтыкі, жер өзіміздікі, мектеп қолжетімді болғанына қарамастан әлі ақыл-есін білмейтін, ауладағы балалармен орысша шүлдірлесетін бөбектердің ыңғайына жығылып, «қазақша білмейді, орысша оқи берсін» деген әдет қалыптасты. Ондай балалардың алды бүгін ержетіп, үлкен қызметтерге барғанда қазақ тілін білмейтіндігі себепті талай жерден сөз естіп, таяқ та жеп жатыр.

Осындай ішкенге мәз, жегенге тоқ, орыстың қалқасында уайым-қайғы жоқ болып жүрген ортада қазақтың даналығын іздеген, аталы сөз, ақылды ой толғаған жандар бірен-саран ғана болды. Соның бірі Зәркөш Тақыров ағамыз болғанына көзіміз жетіп отыр. Өкіметтің қызметінде

әуелі қара жұмыста, одан ауыл көлемінде ел басқарған қауырт жұмыста жүріп ол аталы сөз, даналы ой іздеп, кездескенін жинап жүрген. Оларын және қажымай – талмай бірнеше реттен көшіріп сақтаған. Халық аузындағы әңгімелерді, қисса-жырларды, әсіресе Қожаберген жырау, Сегіз Сері, Тоқсан би, Сексен батыр, Есеней сұлтан, Шәрке сал, Шағырай шешен сияқты аталарымыз туралы әңгіме-әфсаналарды жинап, аудандық, облыстық газеттерге бастырып, таратып жүрген.

Оның архивіндегі сарғайған оқушы дәптеріндегі жолдар бұл адамның өмірінен үлкен сыр шертеді. Барынша ұқыпты, естігенінің, оқығанының бәрін қалдырмай жиып жүретіндігінен де ыждаһатты адам екенін таныдық. Дәптерлердің ішінде жиған-тергендерінен басқа өзінің де жүрегінен шыққан жырлары, арнау өлеңдері бар. Әрине, әдеби қатаң талапқа салсаң көркемдігі жоғары емес, бірақ солардың бойынан қалаған жан тарихи деректерді теріп алуына болады.

Зәркөш ағамыз туып-өскен Сарман ауылы туралы да өзіміз білген бір деректерді жаза кетейік. Бұл ауыл біздің Тауағаш ауылының іргесінде, 12 шақырым жерде ғана орналасқан. Сондықтан төсекте басы, төскейде малы қосылып, ағайын-туыс болып араласып жатыр. Колхоздастыру жылдарында екі ауыл алдымен бір кеңшарға біріккен. Кеңшардың алғашқы төрағалары да Рамазанов Қожахмет, одан кейін Айса, одан кейін Кәтия деген Сарман ауылының адамдары болған. Кейін Балта Керейдің ұрпағы «біз Әлдеберлі-Шағалақтан бөлек ауыл боламыз» деп Ақбалық (қазір *Балықты*) көлінің маңына қарай көшіп, Сарман ауылын құрған.

Осы шағын ауылдан талай мықты, өз ортасында аса пысық, еті тірі, белсенді жігіттер көп шықты. Олардың есімдері маңындағы Тауағаш, Қоржынкөл ауылдары орналасқан түкпірге ғана емес алыс елдерге де тарап жататын. Мысалы, Зәркөш, Алғиса, Атамбай, Шүленбай, Көшен, Қайыржан т.б. кісілердің есімдерін тауағаштық балалар ертеден естіп жүрдік. Бертін Жүсіев Бейсен ағамызды да жақсы білдік. Керемет қайсар, өз дегенімен ғана жүретін табанды азамат еді. Кезінде Семей облысы кеңшарларының бірінде директор болып қызмет істеген. Туған елді сағынып жүретіні сондай, әгәркі үлкен жолдың үстінде нөмірі «СКО» сериялы бір машина көрсе болды, орыс болсын, қазақ болсын мейлі, соңынан қуып барып тоқтатып, үйіне әкеліп қонақ етіп жібереді екен. Бауырмалдығы да сондай ерекше еді. Өзі дауысы гүрілдеген, мінезі тура, тұла-бойы қатқан қайыстай берік, қапсағай бойлы шымыр адам болды. Нағыз офицер болуға лайықты тұлға еді, бірақ мал-дәрігерлік оқуды бітіріп, ауылшаруашылығы саласында еңбек етті. Кеңшар директорлығына барлық болмысымен келісіп тұрған өткір жан еді. Семейден келген соң біршама уақыт жеке кәсіпкерлікпен, одан Солтүстік Қазақстан университетінде аграрлық факультет ашылғанда соның басы-қасында болды. Осы уақыттар аралығында біз ол кісімен қызу араластық. Өмірінің соңғы жылдарында ағамыз Астана қаласының маңындағы бір ауылда тұрды.

Сарман ауылынан шыққан республикаға белгілі журналистер Ожан Қали, Құрман Рамазанов сияқты азаматтардың есімдері де елге аян. Ожан ағамыз алдымен Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» газетінде істеп, одан республикалық «Егемен Қазақстан» *(ол кезде*

«Социалистік Қазақстан») газетінің Павлодар облысындағы меншікті тілшісі болып ауысып, 1975–85 жылдары осы қалада қызмет істеді, зейнет демалысына шыққан соң Қызылжар қаласына көшіп келген.

Зәркөш Тақыров ағамыз өзінің соғыс жылдарындағы еңбегі туралы айтқан естелігінде Амандықтың Ожанымен бірге істегені туралы айтып кетеді. Ожекең «Сыртолғау», «Ойтолғау» және т.б. бірнеше жыр жинақтарын шығарды. Соның ішінде «Аманат», «Ордабасы Қожаберген» сияқты дастандары да бар. Олар туралы кезінде баспасөз бетінде жақсы пікірлер айтылды. Ожекеңнің тағы бір қасиеті – суретшілігі еді. Сол қолымен (*солақай болатын*) машықтап отырып, талай тұлғаның портреттерін салып шыққан. Солардың ішінде ол салған Қожаберген жыраудың портреті ордабасыға арналған барлық кітаптарға енді.

Ожекең бәйбішесі ертелеу қайтып, Петропавлдағы үйінде соңғы жылдары жалғыз тұрып жатты. Балалары Павлодар қаласында тұратын. Мен ол кезде «Егемен Қазақстан» газетінің орталық аппаратында шолушымын. Кейде елге келгенде соғып, жағдайын біліп, сәлем беріп шығатынмын. Бір келгенімде қатты сырқаттанып жүргенін, дәрі алуға ақшасы жете бермейтінін айтты. Мен бас редакторымыз Ержұман Смайыл ағаға Ожекеңнің жағдайын жеткізген едім, ол кісі мәрт еді ғой, бірден материалдық көмек беру туралы бұйрық шығартты. Соны әкеліп бергенімде Ожан ағамыз қатты қуанып, көңілі толқып қалып еді...

Қызылжарда бір кезде «Асыл мұра» орталығы белсенді жұмыс істеп, Қайролла Мұқанов, Социал Жұмабаев кейін Таңат Сүгірбаев ағаларымыз тарихи тұлғаларға арналған бірнеше кітаптар шығарғанын жоғарыда айттық. Ожекең

де Зәркөш ағамыз сияқты осы ағалармен шығармашылық байланыста болып, бірнеше тарихи кітаптардың шығарылуына үлес қосты.

Құрман Рамазанов та облысқа белгілі журналист болып еді. Оның әкесі Шүленбай жайлы біздің басты кейіпкеріміз Зәркөш ағай жылы пікір білдіргенін жоғарыда жаздық. Құрман марқұм қысқа-қысқа бірқақпай әңгімелер де жазып тұратын, ақындығы да бар болатын. Ақкөңіл, адамға үнемі жанашырлық көрсетіп жүретін абзал жан еді. Аяулы азамат өмірден ерте кетті.

Сарманнан шыққан есті-басты жігіттердің бірі Темірғали Әбілмәжінов. Жоғарыдағы шежіреден оның Ақбалықтың інісі Жайылғаннан тарағанын білдік. Ал Ақбалық пен Жайылғанның әкесі Төлес, оның әкесі Құлыс. Құлыс Қартқожаның баласы, ал Қартқожа Балтаның баласы. Сонда Балта Темірғалидың 9-шы атасы болады.

Жайылғаннан Жайсаң, одан Уәли, одан Әбілмәжін, одан Текебас, одан Темірғали туған. Темірғалидың өзі Сарманда тумаса да ата-бабасының кіндік қаны осы жерде тамған. Осы Жайылғанның тағы бір баласы Өтеген, одан Тайбұға туады. Тайбұға Жайсаңмен ағалы-інілі. Тайбұғадан Сибан, одан Ұртыш, одан Ахтан, одан Қайыржан, одан Сайран туады. Бұларды «Жайылған Балта» дейді. Біздің ауызға алғалы отырған жігіттеріміз Темірғали мен Сайран, шежіреге қарағанда 3–4 атадан қосылады. Темірғали Текебасұлы облыс қана емес республикаға белгілі алғыр, іскер, жұғымды, алымды, өтімді азамат. Ол кезінде еліміздің астанасында, бірнеше облыс орталықтарында, өзіміздің облыста да біршама кәделі қызметтерді атқарып жүрді. Өзі тамаша әнші, домбыра, гитара сияқты музыкалық аспаптарды нәшіне келтіріп тартады.

Керемет ұйымдастырушы, қоршаған ортасын үйіріп әкетін белсенді азамат. Украинаның Житомир қаласында пединститут бітірген. Әлі күнге ондағы жолдастарымен қызу қарым-қатынас жасап тұрады. Сайран Ақтанов та кезінде министрліктерде үлкен қызметтер атқарған қолынан іс келетін, зерделі азамат. Айхай жекешелендіру жылдарында қазақ жастары арасынан Петропавлда бірінші болып дүкен алған осы жігіт еді. Кейін бизнесін дөңгелетіп, қыруар қаржы тауып жүргенін білеміз. Қазір Бескөл селосында өзінің коттеджінде тұрады. Темірғали мен Сайран екеуі де негізі Сарман ауылында қоныстанған Балта Керейдің айтулы азаматтары.

Ақбалықтың Орысынан Бегалы, одан Кәрібай, одан Төлеміс, одан Оспан және басқа барлығы сегіз ұл туатынын шежіреде көрсеттік. Оспаннан Қаймолда, одан Бірлік туған. Осы Бірлік Оспанов деген азамат та Сарманның атақты жігіттерінің бірі. Кезінде үлкен қызметтер істеп, ауылына бала атаулының көзін қызықтырып, көңілдеріне түрлі ой салып «Волга» машинасымен келіп жүреді екен. Жиырма бес жыл Ресей жерінде тұрып, орыстан әйел алып, тек артынан туған жерге оралған қызық тағдырлы адам. Кейін журналистикамен айналысып, облыстық «Солтүстік Қазақстан» (бұрынғы «Ленин туы») газетіне үнемі мақала, әңгімелер жазып тұратын.

Міне, аққайыңдар аралының бір бұрышындағы Сарман ауылынан Зәркөш Тақыров ағамызбен қатар, кейбірі ерте, кейбірі кейін осындай белгілі азаматтар шыққан. Осымен біз «ЗӘРКӨШ ТАҚЫРОВ» атты жинақты тәмамдап, оқушы назарына ұсынып отырмыз. Оның зерделі оқырманға берер дерегі мол екеніне сенімдіміз.

**Тақыров  
Зәркөш  
Елеусізұлы**



**Шешесі  
Бәзила**





**Ұлы Сансызбаймен бірге**



**Көбеште қызмет істеп жүрген  
жылдарда ұлы Сансызбаймен**



**Жүргізушісі Әділжанмен бірге**



**Қарағаш мал-бордақылау шаруашылығында  
директор болып жүрген жылдар. Жанында мамандар:  
Нығметжан Зікіриянов, Хамит Әбдірахманов, Манап  
Байматов, Ерғали Тоқбалинов, Директор Зәркөш  
Тақыров, Серікбай Мәлкено, Қабиден Сердалин**



**Өзінің отбасында – әйелі Ұлпаш және немересі Ақмарал**



**Інілері  
Жақсылық  
және  
Жайлау**



**Демалыс сапарымен Болгарияға барғанда**



**Қарттық жылдарында: өзінің отбасымен бірге**



**Атасының сүйікті немересі Жанарбекпен**



**Тоқсан бидің басына белгі қойған сапарда**

**Баласы  
Сансызбай  
мен келіні  
Алма, немересі  
Жанарбек пен  
келіні Әйгерім**



**Немересі  
Сансызбай  
Қаралы  
тақтадан атасы  
Елеусіздің атын  
көрсетіп тұр**





**Немерелері  
Ақмарал мен  
Жанар**



**Немерелері  
Анар мен  
Жанарбек**

## МАЗМҰНЫ

|               |   |
|---------------|---|
| АЛҒЫСӨЗ ..... | 5 |
|---------------|---|

### I тарау

|                           |   |
|---------------------------|---|
| ТУҒАН ЖЕР, ӨСКЕН ЕЛ ..... | 7 |
|---------------------------|---|

### II тарау

|                                             |    |
|---------------------------------------------|----|
| БЕЛСЕНДІ ӨМІР БЕЛЕСТЕРІ .....               | 35 |
| Зеріктірмес замандастар «Сыйлы қонақ» ..... | 37 |
| Өз үйіме өзім қонақ болдым .....            | 39 |

### III тарау

|                                 |    |
|---------------------------------|----|
| АЙМАҚТЫҢ АҚЫЛМАН АҚСАҚАЛЫ ..... | 57 |
|---------------------------------|----|

### IV Тарау

|                               |    |
|-------------------------------|----|
| ӨЛЕҢДЕРІ МЕН ӘҢГІМЕЛЕРІ ..... | 70 |
| АНАМ БӘЗИЛАҒА .....           | 70 |
| ӘКЕ ТІЛЕГІ .....              | 71 |
| САНСЫЗБАЙ 40-ТА .....         | 72 |
| ҰЛПАШЫМА .....                | 72 |
| ТЕМЕКІМЕН ҚОШТАСУ .....       | 72 |
| ҚАЗАҚСТАН 61-де .....         | 73 |
| НАҚЫЛ СӨЗДЕР .....            | 75 |
| ЖАС КӘДІРІ терме .....        | 76 |
| ӨСЕКШІ .....                  | 77 |

|                                                |     |
|------------------------------------------------|-----|
| 55 ЖАС .....                                   | 78  |
| БАЛҒОЖА КҮЙЕУТЕ .....                          | 79  |
| КЕЛГЕНІ МЕ КӨРІЛІК? .....                      | 79  |
| ҚАНАҒАТ .....                                  | 80  |
| РИЗАМЫН АЛЛАҒА! .....                          | 80  |
| САҒЫНАЙҒА .....                                | 80  |
| ҚОШТАСУ .....                                  | 81  |
| АСҚАР АҒА .....                                | 81  |
| АСҚАР ИГІБАЙҰЛЫНА! .....                       | 82  |
| ӨКПЕ .....                                     | 82  |
| ҚАСИЕТТІ НАН .....                             | 83  |
| БАЛАМНЫҢ ЕСІНЕ .....                           | 83  |
| ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМДЕР .....                     | 84  |
| ӘДІЛ КӘДІР .....                               | 88  |
| ЕР КӨҢІЛДІ ЕРЕКШЕ АДАМ .....                   | 89  |
| АБЫЛАЙ ХАН ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕЛЕР .....              | 91  |
| АҚАН – СЕРІНІҢ ҚОЖА-МОЛДАЛАРҒА АЙТҚАНЫ ..      | 95  |
| СЕГІЗ СЕРІНІҢ ЕСЕНЕЙ ТУРАЛЫ АЙТҚАН ӨЛЕҢІ ..... | 96  |
| ТОПҚАРАҒАН .....                               | 97  |
| ЕЛ ЕҢСЕСІН ТҮЗЕЙМІЗ ДЕСЕК... ..                | 97  |
| ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ .....                     | 100 |
| ШАҒЫРАЙ ШЕШЕННЕН ҚАЛҒАН СӨЗ .....              | 102 |
| ЕРДЕН БАТЫРҒА КӨҢІЛ АЙТУ .....                 | 103 |

|                                   |     |
|-----------------------------------|-----|
| ТОҚСАН БИДІҢ СӨЗДЕН ТОСЫЛУЫ ..... | 105 |
| АБАЙ МЕН БЕГЕШ .....              | 106 |
| САУЫТБЕКТ І Ң БАТАСЫ .....        | 108 |
| ШАҒЫРАЙ МЕН НҰРҒОЖА .....         | 109 |
| ШАЙТАН ТУРАЛЫ ШЫНДЫҚ .....        | 111 |

## **V тарау**

|                                                     |     |
|-----------------------------------------------------|-----|
| САРМАННЫҢ ІНІЛЕРІ ОРЫС (Ұлыс) пен<br>ЖОЛБОЛДЫ ..... | 118 |
| ОРЫС (ҰЛЫС) .....                                   | 118 |
| ЖОЛБОЛДЫ .....                                      | 120 |

## **VI тарау**

|                                                   |     |
|---------------------------------------------------|-----|
| АҚБАЛЫҚТЫҢ ІНІЛЕРІ ЖОЛБАРЫС<br>ПЕН ЖАЙЫЛҒАН ..... | 122 |
| ЖАЙЫЛҒАН .....                                    | 124 |
| ЕЛ АҒАСЫ .....                                    | 125 |
| ҚОРЫТЫНДЫ .....                                   | 127 |
| <b>ФОТОСУРЕТТЕР</b> .....                         | 122 |

Книга отпечатана в типографии  
ТОО «Издательство «Северный Казахстан».  
Адрес: 150001, Республика Казахстан, Северо-Казахстанская область,  
г. Петропавловск, ул. Кошукова, 5.  
Тел. +7 (7152) 31-07-72, e-mail: iim@izdatelstvo-sk.kz